

ISSN 1563-0358; eISSN 2617-7161

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

THE JOURNAL

of Philology: Science and Education

АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ №2

Алматы
«Қазақ университеті»
2023



ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

Арнайы басылым №2



04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде тіркелген

Қуәлік № 165000-Ж

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Кенжеқанова Қ.К., PhD (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Джолдасбекова Б.У., ф.ғ.д., профессор (ғылыми редактор)
(Қазақстан)

Досанова А.М., PhD (ғылыми редактордың орынбасары)
(Қазақстан)

Адилбаева У.Б., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Алимтаева Л. Т., ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Баянбаева Ж.А., ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Аймағамбетова М.М., PhD, доцент м.а. (Қазақстан)

Мадиева Г.Б., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Темірболат А.Б., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Саткенова Ж.Б., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Таттимбетова Қ.Ө., PhD, доцент м.а. (Қазақстан)

Донна Орвин (Donna Orwin), доктор, профессор, Торонто
университеті (Канада)

Евдокимова С.Б., PhD, доцент, Браун университеті (АҚШ)

Жаң Жин Жин (Jean Zhin Zhin), доктор, профессор,
Пекин ұлттық орталық университеті (Қытай)

Барабаш В.В., ф.ғ.д., профессор, Ресей халықтар достығы
университеті (Ресей)

Морхье Пост (Margje Post), PhD, доцент, Берген
университеті (Норвегия)

Насие Йылдыз (Nasiye Yildiz), доктор, профессор, Анкара
Хаджы Байрам Университеті (Түркия)

Риверс Уильям П. (Rivers William P.), доктор,
профессор, Ұлттық кеңес және тілдерді дамыту жөніндегі
халықаралық оқыту (АҚШ)

Кайс Амер Кадим (Kais Amer Kadhim), доктор, қауымд.
профессор, Сохар университеті (Оман Сұлтанаты)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Тонкер А. (Қазақстан)

«Филология сериясы» қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану және аралас мамандықтардың өзекті мәселелерін жариялауға арналған.



Жоба менеджері

Гульмира Шаккозова

Телефон: +7 701 724 2911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Компьютерде беттеген

Ұлжан Молдашева

Пішімі 60x84/8. Көлемі 13,0 б.т. Тапсырыс № 1449.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

**Басқарма төрағасы-әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің ректоры
Түймебаев Жансейіт Қансейітұлының**

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Құрметті конгресске қатысушылар,
қонақтар, ғалымдар, оқытушылар, студенттер!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанынан құрылған Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институты мен аталмыш университеттің филология факультеті, түркітану және тіл теориясы кафедрасының ұйымдастыруымен өтіп жатқан «Әлемнің этнотілдік бейнесі және түркі мұрасы», атты I Халықаралық ғылыми конгресске хош келдіңіздер!

Бұл ғылыми конгресс университетіміздің жанынан жақында ғана ашылған Түркітану және алтайтану ғылыми-зерттеу институтының алғашқы ғылыми шарасы болып табылады. Сіздерді жаңа ғылыми институттың ашылуымен де құттықтағым келеді. Жаңа ғылыми ордада аянбай еңбек етіп, әрқашан ізденіс үстінде болыңыздар! Тың жаңалықтар көп болсын! Толағай табыстарға жетіңіздер! Биік шыңдарды бағындыра беріңіздер!

Түркі дүниесінің құндылықтары мен маңызды мәселелері бойынша бас қосқан ғалымдар мен ізденушілердің, білімгерлердің өзекті тақырыптарды шешуге негіз болатын жаңа бағыттар, ғылыми негізделген ой-пікірлері мен жаңаша көзқарас, тұжырымдары, сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінің теориясы мен практикасының өзекті мәселелері жайында әлемдік тәжірибе, заманауи әдістер туралы тұжырымдары конгресс аясында қарастырылатын негізгі тақырыптар болып табылады. Сондықтан да, түркі мәдениетін, түркі құндылықтарын әлемге танытатын осындай халықаралық деңгейдегі ғылыми шаралардың, конгресстердің маңызы орасан зор деп білемін. Өйткені, осындай шаралар аясында түркологияның өзекті мәселелері шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан ғылыми талқыға түсіп, шешімін табады.

Еліміз өзінің тәуелсіздігін алған уақыттан бастап түркітану ілімінің дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Елімізде түркі халықтарының әлеуметтік-экономикалық және ғылым мен білім саласындағы байланысын және ынтымақтастығын нығайтуға, жаһандану үдерісі заманында түркі этностарының материалдық және рухани мәдениетін дамытуға, оларды жан-жақты тереңдетуге байланысты біршама жұмыстар атқарылғаны рас. Дегенмен, еліміздегі түркология ғылымының дамуы ауыз толтырып айтарлықтай емес. Кенжелеп қалған тұстары да жетерлік. Осы конгресс олқылықтардың орнын толтыруға септігін тигізеді деген үміттеміз. Өйткені, осы тектес ғылыми алқалы жиындар өзекті мәселені мамандардың талқысына ұсынуымен де аса құнды.

Құрметті әріптестер! Университетіміздің қабырғасында ұйымдастырылып отырған конгресске өз ойларыңызды, ғылыми тұжырымдарыңызды ортаға салуға келгендеріңіз үшін Сіздерге зор алғыс айта отырып, ғылыми ізденістеріңіз бен қызметтеріңізге үлкен жетістіктер тілеймін! Конгресс жұмысы жемісті болсын!

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО

**Председателя Правления-Ректора
Казахского национального университета имени аль-Фараби
Туймебаева Жансеита Кансеитовича**

Уважаемые участники конгресса,
гости, ученые, преподаватели, студенты!

Приветствую вас на I Международном научном конгрессе «Этноязыковое многообразие мира и тюркское наследие», который объединил тюркологов и алтаистов с целью обмена знаниями и опытом в изучении и популяризации культуры, истории и языка тюркских народов!

Сегодня в этом зале собрались наши коллеги из разных стран мира и многих городов Казахстана. Наш университет стал прекрасной площадкой для обсуждения актуальных вопросов этноязыкового многообразия, особенностей тюркских языков и культур, проблем взаимодействия языков – все это позволит нам лучше понимать разнообразие мировой культуры и место тюркского наследия в современном цивилизационном контексте.

Данное мероприятие стало возможным благодаря деятельности недавно открывшегося в КазНУ имени аль-Фараби Научно-исследовательского института тюркологии и алтаистики, а также благодаря усилиям оргкомитета, в состав которого вошли сотрудники НИИ, профессорско-преподавательский состав кафедры тюркологии и теории языка филологического факультета КазНУ имени аль-Фараби!

Хочу сказать, что Конгресс является первым форумом, проводимым Научно-исследовательским институтом тюркологии и алтаистики. Я надеюсь, что в долгосрочной перспективе он будет проводиться на постоянной основе, а под эгидой НИИ тюркологии и алтаистики пройдет множество важных для современной науки и образования дискуссий и встреч ученых по обозначенной тематике. Хочу всех поздравить с этим событием. Желаю коллективу ученых неустанного поиска идей и результативных исследований!

Основные проблемы, затронутые в программе конгресса, касаются новых направлений и подходов изучения тюркской истории и культуры, а также современных методов решения вопросов теории и практики современных тюркских языков. В этой связи я считаю, что такие научные мероприятия международного уровня, представляющие миру тюркскую культуру и тюркские ценности, имеют огромное значение. Два дня зарубежные и отечественные ученые, преподаватели и молодые тюркологи будут обсуждать актуальные вопросы в рамках заявленной в программе повестки дня. Верю, что высказанные идеи станут стимулом для современной молодежи и будут способствовать продвижению науки, дадут новые импульсы для сближения культур и международного сотрудничества.

Тюркология и алтаистика имеют давние исследовательские традиции во всем мире, а с момента создания нового независимого Казахстана наши ученые вносят свой вклад в развитие историко-филологических направлений, о чем свидетельствуют научные публикации, защиты магистерских и докторских диссертаций. Действительно, в стране проделана большая работа, связанная с укреплением социально-экономических связей и сотрудничества тюркских народов в области науки и образования, развитием материальной и духовной культуры тюркских этносов в эпоху глобализации. Но вместе с тем еще существует множество лакун, ждущих от ученых продуктивных решений. Надеемся, что этот конгресс поможет восполнить имеющиеся пробелы и предложить темы для дальнейших перспектив.

Уважаемые коллеги! Хочу выразить огромную благодарность всем участникам конгресса за желание поделиться своими мыслями, научными достижениями. Позвольте пожелать больших успехов в ваших научных изысканиях и профессиональной деятельности!

От всего сердца желаю всем участникам конгресса интересных докладов, успешных дебатов и продуктивного общения!

1-бөлім
ТІЛ БІЛІМІ

Section 1
LINGUISTICS

Раздел 1
ЯЗЫКОЗНАНИЕ

ХҒТАР 16.21.51

Амирова Г.О.*  , **Боранбаев С.Р.** 

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

*e-mail: gauhar1316@mail.ru

ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ «МУКАДДИМАТ ӘЛ-АДАБ» ЕҢБЕГІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

«Мукаддимат әл-Адаб» сөздігі – ортағасыр тарихы мен әлеуметтік жағдайын сипаттайтын бірегей мұра. Авторы – өз заманының көрнекті ғалымы әз-Замахшари. «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегінің лексикасы сол кезеңнің көрінісі болып табылатын көшпелі халықтың тұрмысын, қарым-қатынасын, әлеуметтік-экономикалық дамуын, мәдениетін суреттейтін туынды. Шығарма сөздік қана емес, тілдің грамматикалық ерекшелігінен мәлімет береді. «Мукаддимат әл-Адабтың» сөздік қоры жалпылама лексемалардан құралған. Тұрмыс-тіршілікке, табиғатқа, шаруашылыққа, қоғамдық істерге т.б. қатысты сөздер кездеседі. Аталған сөздердің қазақ тілімен байланысы терең сақталған. Сөздіктегі түркі материалдарының негізгі бөлігі араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме сөздерді қоспағанда, түркі тілдерінің туыстастығын білдіретін ортақ сөздерден құралатындығын байқауға болады. Сондықтан сөздіктерді лексикалық талдаудың өзіндік маңызы бар. «Мукаддиматтағы» сөздердің семантикасын зерттеу арқылы кең көлемде, тіліміздің этимологиясынан жан-жақты ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сондықтан да бұл шығарма түркі халықтарының тілін, тарихын және этнографиясын зерттеуге алып келді.

Сөздікте дауысты дыбыстардың үндесуі, дауыссыз дыбыстардың алмасуы кездеседі. Мұндай ерекшеліктер «Мукаддимат әл-Адабтың» әртүрлі нұсқаларын салыстыру арқылы анықталды. Сөздік материалдары қазақ тілімен және басқа да жазба деректермен салыстырылды. Нәтижесінде кейбір сөздердің тура және ауыспалы мағынасындағы айырмашылықтар анықталды.

Сөздікті лингвистикалық тұрғыдан зерттеу арқылы қазақ тілінің этимологиясын толықтыруға болады. Лингвистикалық зерттеулер тілдердің өзара байланысын және олардың эволюциялық дамуын анықтаудағы маңызды факторлардың бірі болып саналады.

Түйін сөздер: түркі; тіл; мағына; лексика; сөздік; салыстыру; тілдік қатынас; этимология; семантика.

Амирова Г.О., Боранбаев С.Р.

Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

*e-mail: gauhar1316@mail.ru

Языковая специфика произведения аз-Замахшари «Мукаддимат аль-адаб»

Словарь «Мукаддимат аль-Адаб» является одним из уникальных наследий, повествующий об истории и социальном положении средневековья. Автор – выдающийся ученый своего времени Замахшари. Лексическая особенность Мукаддимат является отражением того периода и является произведением, описывающим быт, взаимоотношения, социально-экономическое развитие и культуру кочевого народа. Во всей этой информации проследится взаимосвязь с казахским языком. Произведение выполняет функцию не только словаря, но и рассказывает о грамматическом построении предложения. Лексика «Мукаддимат» использует общепринятые лексемы. Встречаются слова, относящиеся к быту, природе, хозяйству, общественным делам и др. Все эти слова имеют глубокую связь с казахским языком. Изучение семантики слов в «Мукаддимате» позволяет получить обширную, исчерпывающую информацию из этимологии нашего языка. Это произведение привело к изучению языка, истории и этнографии тюркских народов.

Стоит отметить, что в письменных словарях встречаются фонетические особенности, такие как, созвучие гласных и чередование согласных. Такие особенности можно проследить в сравнении различных вариантов «Мукаддимата». Материалы словаря были сопоставлены с казахским языком и другими письменными данными. В результате были выявлены различия в прямом и переносном значении некоторых слов.

Лингвистические исследования – один из важных акторов при определении родственных связей языков и их эволюционного развития. Лингвистические исследования считаются одним из наиболее важных факторов при определении взаимосвязей языков и их эволюционного развития.

Ключевые слова: Тюрк; язык; значение; лексика; словарь; сравнение; языковые отношения; этимология; семантика.

G.O. Amirova*, S.R. Boranbaev

M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

*e-mail: gauhar1316@mail.ru

Language feature of Al-Zamakhshari's work «Muqaddimat Al-Adab»

The dictionary «Muqaddimat al-Adab» is one of the unique heritage, telling about the history and social situation of the Middle Ages. The author is an outstanding scientist of his time, Zamakhshari. The lexical feature of the Mukaddimat is a reflection of that period and is a work describing the life, relationships, socio-economic development and culture of the nomadic people. In all this information, there is a relationship with the Kazakh language. Studying the semantics of words in «Mukaddimat» allows you to get extensive, exhaustive information from the etymology of our language.

It is worth noting that in written dictionaries there are phonetic features, such as consonance of vowels and alternation of consonants. Such features can be traced in comparison of different variants of «Mukaddimat». The dictionary materials were compared with the Kazakh language and other written data. As a result, differences in the literal and figurative meaning of some words were revealed.

Linguistic research is one of the important actors in determining the kinship relationships of languages and their evolutionary development. Linguistic research is considered one of the most important factors in determining the interrelationships of languages and their evolutionary development.

Keywords: Turkic; language; meaning; vocabulary; dictionary; comparison; language relations; etymology; semantics.

Кіріспе

Мукаддимат әл-Адаб Дешті Қыпшақ, Хорезм, Қараханидтер және селжұқтар сияқты ұлы мемлекеттер құрылған жерде жазылған туынды. Басқаша айтқанда, бұл Арал теңізі мен Сырдарияның орта бөлігінен оңтүстік және батыс бөлігіне қоныс аударған оғыз тайпалары және олардың орнына келген қыпшақ тайпалары кездесіп, осы маңайда пайда болған. Яғни, бірнеше көшпелі мемлекеттер бір-бірімен араласқан дәуірде жазылған. Міне, сондықтан да бұл жауһар туынды Орта Азия халықтарының ортақ туындысы деп аталады. Еңбектің түпнұсқасы жоғалып кеткендіктен, біршама уақыт бойы зерттелмей қалған. Жұмыстың екі көшірмесі 1926 жылы Бұхарадағы Эбу Али Ибн-и Сина кітапханасынан табылды. Табылған жәдігердің құнды екеніне көз жеткізген соң, ғылыми әлемде танымал болды. Бұл шығарма түркі халықтарының тілін, тарихын және этнографиясын зерттеуге алып келді.

Зерттеу мақсатымыздың бірі – бұл жазба ескерткішінің бойында сол замандағы жазбалармен салыстырғанда, қыпшақ тіліне тән ерекшеліктің қаншалықты сақталғандығын анықтауға болады.

Түркі халықтарының тілін, әдебиетін зерттеу ерте заманға бармайды, Орта ғасыр жазба ескерткіштерінен бастау алады. Деректерге сүйен-

сек, алғашқы түркі тілін зерттеушілер – араб ғылымымен, мәдениетімен ұштасып жатады. Оның тарихи себептері де бар. Біріншіден, түркі халықтарының басым бөлігі (Орта Азия, Түркия) арабтардың қол астында болғандығы. Екіншіден, арабтар басып алған жер өте үлкен болғандықтан, қатынасты сақтау мақсатында түркі тілдерін меңгере бастаған. Осылайша жергілікті халықтардың тілі мен мәдениетіне қатысты құндылықтар араб тілінде жазыла бастады. Қай дәуірден бастап зерттеле бастағанын нақты айту қиын. Сонда да бізге жеткен ең көне түркі тілдеріне қатысты пікір айтылған жазбалар қараханидтер дәуіріне сай келеді. Ең күрделі және уақыты жағынан көне болып келетіні М.Қашғаридің «Диуани лұғат-ит түрк» атты еңбегін сол дәуірге жатқызамыз. Осы дәуір тұсына сай келетін, түркі тілдері туралы жазылған екінші мұра – «Мукаддимат әл-Адаб». Ең негізгі және көлемді еңбектердің бірі – «Мукаддимат әл-Адаб» құнды дүниеге айналып отыр. Бұл жөнінде академик В.В.Бартольд М.Замахшаридің еңбегінде түркі сөздерін XII-XIII ғасырлардағы Орта Азияны мекен еткен түркі халықтары лексикасынан хабардар етеді деп көрсетеді (Бартольд, 1928: 5).

XII ғасырдағы халықтың қарым-қатынас тіліне негізделген «Мукаддимат» лексикасы жалпықолданыстағы лексемаларды түзеді. Алайда, жалпықолданыста болған түркі сөздері

мен түркі тіліне ортақ сөздердің ара жігін айыра білу керек. Мысалы, сөздіктегі араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме элементтерді қоспағанда, онда тек түркі лексикасы қалады. Осы түркі тілдеріне ортақ лексиканы құрайды. Ал жалпықолданыстағы лексикаға түркі тілдерінің әр диалектілерінде түрлі вариантта қолданылатын, бірақ семантикалық мағынасы бір сөздер жатады. Мысалы, «ай», «үлгәр», «ие-тиген», «темірқазуқ» т.б. Сөздіктің құрамын сүзіп шыққанда, бұлар “Мукаддиматтың” үштен бір бөлігін құрайды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

«Мукаддимат» жайлы еңбектер көп емес. Ең алғаш зерттегендердің бірі Н.Н.Поппенің «Мукаддимат ал-Адаб» атты сөздігін қарастырамыз. Кешенді зерттеу жүргізген тілші ғалымның еңбегінің бірінші бөлімінде фонетикалық, морфологиялық талдау жасаса, екінші бөлімінде моңғол және түркі сөздерін бір ізге түсіріп, арабша жазылу тұлғасын, латынша транскрипциясын, орысша аудармасын берген. Мұнда сөздер тек бір ғана сөздіктен ғана тұрмайды, сөз тіркестері мен тұтас сөйлемдер де кездеседі.

Э.Н. Наджиптің «Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литературы: Исследование, транскрипция, текстологические примечания и анализ письменных литературных памятников XI–XV вв». – Туркестан, типография «Туран», 2007. – 293 стр. [с.131-133]» және А.К. Боровковтың «К истории словаря «Мукаддимат ал-Адаб» Замахшари» еңбегінде сөздіктің жазылу тарихы, таралуы, аударылуы қарастырылады. Сонымен қатар, академик В.В.Бартольдтің «История культурной жизни Туркестана. В Самаркандском списке «Мукаддимат ал-адаб» слово «сагау» обозначает «большой замок»». Ташкент: Деком. еңбегі де лексикалық тұрғыдан зерттеуімізге негіз бола алды.

Сондай-ақ Г.Ж.Өтегенованың «Орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі есімді тіркестердің жасалуы («Мукаддимат әл-Әдаб», XIV ғасыр)» атты докторлық диссертациясы сөздік тіліне синтаксистік талдау жасап, есімді сөз тіркестерінің жасалу ерекшеліктеріне тоқталады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл мақалада Мукаддиматта кездесетін сөздіктерді фонетикалық және лексика-

семантикалық тұрғыдан салыстыра талданады.

Мукаддиматтағы лексикалық қордың бай әрі әлі де болса зерттеуді қажет ететіндіктен, саралау, топтау әдістері қолданылды. Сондай-ақ кейбір сөздіктердің түпнұсқамен немесе басқа нұсқаларымен салыстыра талданады.

Талдау

Атақты хорезмдік ғұлама Махмұд Әбілқасым Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» атты араб сөздігінің қолжазбалары тек қана араб филологиясы саласында ғана емес, сонымен қатар парсы, түркі, тәжік тілдерінің аудармасының арқасында ирандық және түркі мамандарының үлкен қызығушылығын тудырды.

1926 жылы Бұхарада Ибн-Сина атындағы кітапханадан табылған «Мукаддимат әл-адаб» еңбегі ерекше орын алды. 1492 жылы ғалым Дервиш Мұхаммед көшіріп жазған, бұл Бұхар тізімінде, сөздіктің арабша мәтіні үш тілді аудармамен жүреді, барлығы араб қарпімен жазылған. Сәйкесінше парсы, түркі-шағатай және моңғол тілдерінде берілген. Тек қысқаша жазылған алғы сөздің моңғолша аудармасы жоқ.

Замахшари сөздігі, бес бөлімнен тұрады: 1. Атаулар, 2. Етістіктер 3. Демеуліктер 4. Атаудағы өзгерістер (атау морфологиясы) 5. Етістіктегі өзгерістер (етістік морфологиясы). Бұхара тізімінде соңғы үш бөлім жоқ. Атаулар тақырыптық ерекшелігіне қарай бөлінеді. Ерекшеленген тарауларда уақыт аттары, аспан денелері мен табиғат құбылыстарының атаулары, географиялық табиғат атаулары (жер жамылғысы т.б.), металдар мен пайдалы қазбалардың атаулары, байланыс құралдары, суға байланысты атаулар, өсімдік атаулары т.б. кездеседі. Етістіктер араб грамматикалық дәстүрі бойынша түбір құрамы бойынша бөлінген.

Араб атаулары жекеше және көпше түрде берілген. Сол сөздердің синонимдері жазылған. Аудармалар әдетте жекеше түрде ғана келеді. Көпше түрде берілген сөздер *Jam* (қысқартылғанда *J*) белгісімен белгіленген. Көпше түрде синоним сөздер *misl* (қысқартылғанда *m*) «ұқсас» дегенді білдіреді, жеке сөздер аудармасыз қалдырылып, *ma'ruf* (қысқартылғанда *f*) деп белгіленген. Барлық белгілер, әрине, араб тілінде жазылған.

«Мукаддимат әл-Адабтың» Бұхара тізімі бойынша моңғол және түркі тілдеріндегі аудармалары 1938 жылы Кеңестік Ғылым академиясынан

басылып шықты. Өкінішке орай, бұл басылым сәтсіздікке ұшырады. Мәселе моңғол және түркі сөздері араб түпнұсқасы мен парсы аудармасынан бөлініп алынып тасталғандығында. Араб түпнұсқасы мен парсы тіліндегі аудармалары есепке алынбаған. Осы жағдай сәтсіздікке алып келді.

Сөздік мәтінінің алғашқы беттерінде дұрыс аударылмаған сөздерден түсінбеушіліктер де кездеседі. Сөздер былай аударылады: *hajilar yolu* – дұрыс аудармасы «құс жолы», осы сөздің орнына «қажылар жолы» (193 б), *kunning qotani* – «күн шеңбері» орнына (246 б) «күн айналасындағы тәж» *temür qarqan taş* – «магнит» сөзінің орнына «темір нүктеге арналған тас» (346 б) және т.б.

Мәселен, «Мукаддимат әл-адаб» Бұхара тізімінде араб сөздері мен сөз тіркестері түркі аудармаларында кейде тура мағынада болып, берілген сөздің немесе сөз тіркесінің шынайы мағынасын бермейді. Дегенмен, көбінесе түсіндіру сияқты сипаттамалық аудармалар болады. Екі жағдайда да бастапқы мағынасы туралы түсінік болуы керек, әйтпесе моңғол және түркі сөздері мағынасын жоғалтады. Моңғол және түркі тілдерінде жарияланған мысалдарға тоқталсақ, мысалы, шегіртке (тура мағынада "түнде айқайлау"), түрікше *keca çarlayusi* (149, 15 б.) басылымда «түнде айқайлау» деп аударылған – (326-бет); аудармаларда *qart belgüsi* – «жараның белгісі, жара» (227-бет).

Ең қиыны сипаттамалық аудармалар мен түсіндірулерді араб тіліндегі түпнұсқа мағыналарына сілтемесіз аудару болды. *Damaq šišuqi* – «мидың қабынуы» (107 б, 7-б.) «тамақтың ісінуі» деп аударылады (297 бет); *ul kälä kim sayuâd anqa taša (râna?) bolub atar* (101, 3б), «атып жатқан аңшының артына тығылған жануар» деген мағынаны білдіреді. Аудармаларды салыстыра қарайтын болсақ: монғ. «адам тығылып тұрып анау анды атады», түркі, «анау аңшы тығылып тұрып атады» (348-бет); *sînuq baylaquçi* (104, 7б) басылымда «сынғандарды байлау» деп аударылады (310-бет). «Тұрғын үйінің қирандылары, іздері», *buzulqan sarayning belgüsi* «бұзылған сарайдың белгісі» (42б, 15). «зерттелмеген аумақ; шөл», *belgüsiz yer* (16, 3б) «белгісіз жер» ретінде ұсынылған (116-бет); *tutuq tutti xân* (460 б, 11) «әмірші жамылғы жамылды; оңаша қалды», басылымда алғашында «Хан бекер ұсталды» деп аударылған (138-бет), содан кейін түркі сөздеріне өзгерістер енгізіліп, «бір түрдегі нақтылау «хан кепілге алды» деп өзгертілген (428 б) т.б.

Бұл соңғы мысал «Мукаддимат әл-адаб» Бұхара қолжазбасындағы түркі және моңғол аудармаларының мағынасын араб мәтініне назар аудармай ақиқатты дұрыс түсіну мүмкін еместігін нақты көрсетеді.

Біріншіден, араб тіліндегі түпнұсқа мәтіннен жалтару моңғол және түркі сөздерінің мағынасын түсінбеушілікке алып келді (қысқа болу үшін тек түркі тілін ғана мысалға келтіреміз). Мысалы, жоғарыда аталған басылымда *bu bükken yer* – «шұңқыр, ойық жер» (127-бет) деп аударылған, ал дұрыс мағынасы – «тосқауыл»; *yoq qildi yolni* – «жолды құрту, жою» (199-бет) деп берілсе, дұрыс мағынасы «жолдан адасты» *ueşilmiş baq* – «бау» (98-бет), дұрыс аудармасы «ашық бөгет, жатқан бөгет». Сонымен қатар *bu uaypan* – «бұл ауқымдылық, кендік» дегеннің орнына «бұл ыдыраған» (156-бет). *Urdi un içinde* – «онымен бірге ән айтты, әнде оны қайталады» дегеннің орнына «осыған назар аударды» (263-бет) *muqim boldi sarayda* – «үйінде тұрды, өмір сүрді» дегеннің орнына «сарайдан орын алды» және т.б.

Соңғы мысал түсіндірмені қажет етеді, өйткені бүкіл басылымда «*sarayu*» үнемі «үй, ғимарат» орнына «сарай» деп аударылады (318-бет). Ережеге жатпайтын бір мысал: *terge tutti sarayni* – «ғимаратты жалға алған» (222-бет) деп берілген. Бірақ мұнда да басқалардағыдай жағдайларда, араб мәтінінде *där* Ташкент тізімінде, тиісінше, *tergä tutti ewni* – «жалға үй алды» деп беріледі (356-бет, б.). В.В. Бартольд Орталық Азиядағы «сарай» сөзінің әртүрлі мағыналарын ерекше атап өтіп, араб тіліндегі «*där*» сөзін белгілейтінін атап көрсетті. Жергілікті «*ked*» немесе «*kede*» «үй басшысы мен оның ұлдары және туыстарының бір баспананың ішінде тұруы» мағынасында (В.В. Бартольд, 1927:35-37). Ұғымдардың шатастырылуы мәтіннен және тарихи шынайылықтан алыстауға алып келеді.

Көбінесе басылымдағы мәтінді ресми түрде түсіндіру оңай болып көрінеді, бірақ мағынасы бойынша ол моңғол және түркі тілдеріндегі аудармалар айтылуы тиіс шынайы мәліметтен алшақтап кетеді. Мысалы, *bu sözni eşitmes* – «бұл сөздерді естімедім» (160-бет), оның дұрыс мағынасы – «бұл тындамайтын адам, сөз ұқпас, күнәһар» *uyaçnıng üç ülüşdin bir ülüş* – «ағаштың үштен бір бөлігі» (238-бет), дұрыс аудармасы «ағаштың үштен бірі» яғни «ұзындық өлшемдері» (22, 11) *anıng yaman iş* (мәтінінде *işi*) *bar* – «қылықтары жаман» дұрысы «оның жаман

ici бар» (361-бет) Saldī anī neme birle – «оған бірдеңе салды» дұрысы «бір нәрсемен бірге қою» (278 бет) buɣdai önglük boldī – «бидай түске боялды» дұрысы «ол бидай түстес сияқты» (124-бет) keǰürdi işni – «жұмысты кешті» дұрысы «жұмысты орындады» yašliq za'if köz – «көз жасы толған» (250-бет) орнына – «көзі нашар көреді, ауру, жасаураған көздерімен» kötürdi ana oqlanñi – «анасы баланы қарады» (278 б.) орнына (акушер) (жаңа туған) баланы қабылдады» және oylan kötermek сәйкес оқулықта «бала көтеру» (231 б.) дұрысы «акушерлік» деген мағына береді dušman tuttī šeherni – «жау қаланы басып алды» (146-бет) орнына «оның қалаға деген жиіркеніш сезімі бар»; qoluštī alar birle – «олармен бауырлас болып кетті» деген сөздің орнына «Олармен бірге сұрады» және т.б.

Көп жағдайда қолында арабша түпнұсқа болмай, «Мукаддимат әл-адаб» Бұхара тізімін моңғол және түркі аудармаларын шығарушылар, әрине, дұрыс түсініп, оқи алмайды. Мысалы, сөздер басылымда – andīqa yetti er – «ер адам уәдесінде тұрды» (273-бет) деп берілсе, мәтінде – yawŋīqa: – yawŋīqa yetti er – «адам төмен түсті, түбіне жетті» деп аударылады. Басылымда niyetlerni bergen er әртүрлі аудармаларымен беріледі, «жоба ұсынған адам» (334-335 бб), ал шын мәнінде, мәтін түрікше, nisbätläрни bergan (bilgän тіліндегі) er және «мүлкін білетін адам», аудармасы – «қатыгез қоныс аударушы» (262-бет), орнына köč qildī zalim – «қатыгез қоныс аударушы»; оқулықта ile qildī ɣatunīqa «әйеліне ашық етіп көрсетті» (195-бет) дұрысы iyla' qildī ɣatunīqa «Ол төрт ай бойы әйеліне жақындамауға ант етті». Мұнда «кятва» сөзі моңғолша «айқын, анық» деп аударылады.

Бұхара тізімінде моңғол және түркі тілдеріне аударылған араб мәтініне немқұрайлы қарау сөз етіп отырған басылым түсінбеушілікке алып келген. Мәтіндегі бір сөз тіркесі бір жолдан екінші жолға ауысқанда, сөз тіркестерінің үзінділерінен бөлініп алынып, олардың арасындағы байланысты жоғалтады. Мысалы, баспада qalīnladī yaš – «сәби толық болып өсті» (124-бет), бірақ мәтінде qalīnladī jaš ot – «жаңа шыққан шөп қалың болып өсті» және «ot» сөзі басқа жолға ауыстырылады. Uad tuttī bilikni сөзі – «білімді жадында сақтады» болса, басылымда екі рет берілген (tuttī) bilikni – «дана адамға айналды» (112-бет) және Uad tuttī «есінде сақтады» (321-бет). Көптеген мысалдар мәтіндегі аудару жағдайында басылымда үзіндіден берілген. Мысалы: süngüni anīng sarī

– «найза өз бағытында» (205-бет), орнына tuzattī süngüni anīng sarī – «оған бағыттады» және т.б.

Барлық деректер бойынша «Мукаддимат әл-Адабтың» белгілі тізімдердегі түркі сөздері бір-бірімен байланысты емес, өйткені сөздіктер әр түрлі уақытта пайда болған. В.В. Бартольд, Б.Л. Вяткин Самарқандтық «Мукаддимат әл-Адаб» тізімінде түркі сөздерінің шығу тегін Шығысқа қарағанда (яғни шығыс түркі тілдерінің ішінде) Батыстан (яғни оңтүстік-батыс түркі тілдерінің арасында) көбірек іздеу керек деп қорытындылады. В.В. Бартольдтің пікірі бойынша, сірә, Замахшари сөздігіндегі түркі сөздерінің авторы сөздікті құрастырушының жерлесі болса керек, яғни Хорезмнен болуы мүмкін. Орфографиялық және фонетикалық ерекшеліктері жағынан С.Л. Вяткинның түркі тізіміндегі сөздері Ташкент қолжазбасындағы «Мукаддимат әл-Адаб» тізіміндегілермен тығыз көршілес. Ташкент қолжазбасында «σ» – кездеседі: асаq – «аяқ», äσgü – «жақсы, мейірімді» т.б. Бұхара тізімі (Б) бұл жағынан ерекшеленеді, онда әрқашан «у» кездеседі, мысалы: aydrüldi söñük (365, 7) = Б ayridi süyäk (482, 11) – «сүйектер сынды»; Т: bu асаqı tegmiş (186,3) – Б bu sürtülgän ayaq (330б,11) – «бұл сүртілген аяқ»; Т: bu äσqü at (112, 3) = Б yaɣši at (259, 7) – «тамаша жылқы, жақсы ат»; Т: ädgüşdi et (338, 2) = Б yaɣši pišti et (485, 7) – «ет жақсы піскен» т.б. (Самойлович, 1928:5).

Бұхара қолжазбаларындағы түркі сөздеріндегі фонетикалық ерекшеліктерге назар аударарлық тұстар да бар. Атап айтқанда, дауыссыз дыбыстардан кейін және дауысты дыбыстардың алдында қайталанатын дауыссыз q кездеседі. Мысалы, otqa qoɣqan tewälär – «түйелерді жайылымға шығарды» (136, 15); buŋunqı yamqur – «алғашқы жаңбыр» (13 б, 7); yanqaq – «жаңғақ» (36, 3); üč yašarqa kirgän tewä – «үш жасқа жеткен түйе» (136 б, 15); yam urtqanīng sarīqı – «жұмыртқаның сарысы» (153 б, 11); sündurdī süyüknī baqlayandīn sonqra – «сүйегі қатайғаннан кейін сынды» (173, 7); baš aɣıqı – «бас ауруы» (107, 11); ayaqıqa baɣlar ip – «(қой) аяқтарына байлаулы арқан (104, 11); boɣraqa – «ер түйе» (137 б, 11) т.б. (А.К.Боровков 1961: 19).

«Мукаддимат әл-Адаб» еңбегіндегі қосымшалардағы «дауысты дыбыс үндестігі» бұзылып жазылуының да бірқатар жағдайлары назар аудартады. Мысалы, temürluq (135, 11) – «темір, темір ұшы бар»; müngüzluq qoy (143, 11) – «мүйізді қойлар»; kesük qulaqlik (75 б, 7) – «кесілген, танбалы құлақпен», suyuq saqällik

(75 б, 11) «сирек сақалды», *yaḥši qiliqlik ḫâṭun* (79 б, 11) – «ақ ниетті әйел», *sûruk başlagücü erkaç* (142, 7) – «ешкі, табын басшысы» т.б.

Бұхара қолжазбаларындағы түркі сөздерінде 3 форма жекеше түрдегі есімдік-иелік аффикстер арасында және септік аффикстерде (барыс септік, есімдік) «аралық п» тұрақты түрде кездеспейді. Ташкент қолжазбасында болса, керісінше, мысалы, *B aḡziqa qoydī darunī* (258 б, 15), = *T qoydī aḡzīnqa darunī* (20, 1) – «аузына дәрі салды»; *B asīrya qulaqīqa saldı ḫatun* (490 б, 11) = *‘āwrāt qulaqīnqa Kūmā qattī* (395, 1) – «Әйел құлағына сырға салды. (күмә–сырға)», *B yem berdī quş balasīqa* (267 б, 11) = *T meng berdī quş balasīnqa* (39, 1) – «құс баласына жем берді» және т.б.

Бұл ерекшелік, яғни «аралық п» жоқтығы 15-16 ғасырлардағы классикалық «шағатай» тілін сипаттайды.

Түркі сөздерін XIV ғасырға немесе одан да ерте кезеңге жатқызуға болатындай «Мукаддимат әл-адаб» Бұхара қолжазбасының түркі лексикасында архаикалық элементтер кездеспейді. Әртүрлі тізімдегі бірнеше мысалдарды салыстыруға болады, мысалы, *T ornadī elga* (373, 6) = *B yer tuttī šāhārdā* (499, 15) – «тоқтады, қалаға қоныстанды»; *B rišwāt aldī* (475, 11) = *T orunç aldī* (357, 1) – «пара алды»; *B dayīm* (423 б, 11) = *T māngū* (238, 3) – «мәңгілік»; *B ċin boldi antī* (324 б, 15) = *T Köni boldī andī* (171, 5) – «анты рас болып шықты»; *B bu tūz* (361, 11) *T bu köni er* (223, 1) – «бұл әділ адам»; *B tūn Keçūirdi falan iṣ qilūrda* (167 б, 5) = *T tūn keçūirdi falan iṣ qilū* (26, 5) – «түнді біраз жұмыс жасаумен өткізді»; *B ḫiṣnud boldī andīn* (475, 15) = *T tabladī anī* (357, 2) – «оған риза болды, соны артық көрді»; *B bu mājlis* (474 б, 7) = *T bu ternāk* (356, 6) – «осы жиналыс»; *B sayīnmay oqudī xutbanī* (468, 3) = *T saqīnmaḍīn oqīdī xutbanī* (348, 4) – «зерттеуші хутбаны оқыды» және т. б.

Мұндай мысалдарды айтарлықтай көбейтуге болар еді, бірақ берілгендердің өзі «Мукаддимат әл-адаб» Бұхара қолжазбасынан түсінік алу үшін жеткілікті. Бұл тізімнің сөздік құрамы 15-17 ғасырлардағы жазу ескерткіштерімен, сөздіктермен тығыз байланысты. Голубовский П.В.: «Бұл сөздіктің лексикасы XII ғасырдағы түркілердің қалпын көрсетеді» – деген (Голубовский, 1984: 33). Атап айтқанда, салыстырмалы түрде алуан түрлі лексикалы Захираддин Бабырдың «Мубайин» дидактикалық месневін, 16 ғасырдың басындағы шағатай-түрік сөздігі «Абушка» және 17 ғасырда

Бұхарада болған, аз танылған үнді «қонағы» Мұхаммед Якуб Чинганың «Келурнама» деп аталатын шағатай-тәжік сөздіктерін көрсетуге болады. Негізсіз болмас үшін «Мукаддимат әл-адаб» (Б) Бұхара қолжазбасының лексикасы тұрғысынан біршама салыстырмалы деректерді ескерткіштерден келтірген жөн. Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты Өзбек КСР (N312) 16 ғасырдағы қолжазбасында «Мубейн» (Мб) материалдары берілген. «Келурнама» (КН) сөздері А.Захири басылымы бойынша және «Абушкадан» (Аб) В.В.Вельяминова-Зернова (Санкт-Петербург, 1868) басылымы бойынша кейбір мысалдар: *B tamaruqluq* (29, 3) – «мақта алқабы» (Аб. 381 – *tamaruq*, КН: 42 *tamaruq* – «мақта»); *B ötüк* (96, 11) – «етік» (Мб — *üç tün ü kün ötükkä mash qilur* 56 б, 8 «үш күн, үш түн етігін майлады»; Аб, 90 *ötük* – «етік»); *B ötm ä k – etm äk* (112, 3) – «нан» (Аб, 90 *ötm äk*; КН, 42 *etmäk* «нан»); *B uy tuyaqı* «өгіздің тұяғы» (Мб – *yetti kişigä tewädur ya uy*, 66, 5 – «жеті адамға не тұйе, не өгіз»; Аб, 122 *uy* – «өгіз»); *B tişi öckü* (142, 3) – «ешкі» (Мб *kişi başıya öckü dur ya qoy* 66, 5 – «бір адамға ешкі немесе қой»; Аб, 97 *öckü*; КН, 43 *öcki* «ешкі»); *B enäk* (141, 7) – «сиыр» (Аб, 81 *enäk* «іні»); КН, 43 *enäk* – «сиыр») *B yaḡan* (145 б, 15) – «піл» (КН, 43 *yaḡak* «піл»); *B buzâw* (141, 7) – «бұзау» (КН, 43 *buzâw* – «бұзау»); *B yaban* (173, б, 7) – «дала, шөлдала» (КН, 43 *yaban* – «дала»); *B yazī kälâsi* (144, 11) «дала жануары» (КН, 43 *yazī* – «дала»); *B abişqasız* (79, б, 3) «тұрмыс құрмаған» (Аб, 5 *abuşqa*, КН, 45 *abuşqa* «күйеу»); *B uçası – qara qoy* (143, 3) – «қара қой арқасы» (Аб, 96 *uça*; КН, 45 *uça arqa* «арқа»); *B çıya* (169, б, 15) – «кедей» (КН, 47 *çıya* – «кедей») т.б.

«Мукаддимат әл-адаб» түркі сөздерінің Бұхара және Самарқанд облыстарының қазіргі өзбек диалектілері сөздігіне жақындығын атап өткен жөн. Бұл диалектілерде, мысалы, *enäk* – «сиыр» (басқа диалектілер тек *sigir* – *siḡir* – «сиыр») әрқашан *yowon* – «дала» (басқа барлық диалектілерде *däšt* – «дала», *dälä* – «дала») т.б. Сонымен қатар, «Мукаддимат әл-Адабтың» Бұхара қолжазбасында да мұндайлар көп кездеседі. Сонымен бірге сөздердің келесідей элементтік түрін жиі кездестіруге болады. Мысалы, *siḡäk* – «шыбын»; *ulu siḡak* – «ара» (149 б, 7). Қаршы облысы Қасан ауданындағы жазбалық диалектісінде *siḡäk* – «ара» (барлық басқа өзбек диалектілерінде «ара»); *yowuq qayaş* (80, 7) – «жақын туыс»; Бұқар диалектілерінде *yowuq* “жақын, туыс”

(басқа диалектілерде уақин); *χορος* *ρῦρῦκί* (153, 11) – «әтештің айдары»; Бұхара өлкесінің диалектілерінде *уғұс* «әтеш» (барлық басқа диалектілерде *χοροз*) т.б.

Бар деректерге қарағанда, «Мукаддимат әл-Адаб» Бұхара қолжазбасындағы түркі тіліндегі сөздіктер хат алмасу уақытына жақын, яғни 15 ғасырдың аяғы немесе екінші жартысы болуы мүмкін. Бұл сөздіктердің барлық тілдік ерекшеліктері 15 ғасыр мен 16 ғасырдың басындағы жазба ескерткіштермен іргелес, бірақ бұл уақыттан ерте емес екенін айтуға болады.

Мукаддимат тілінің сөздік қоры сол заманның тыныс-тіршілігінің айнасы. Көшпелі халықтың мәдениеті мен тұрмысынан сыр шертетін бірегей туынды (Самойлович, 1928: 22).

Тілдің лексикалық қоры көптеген дәуірлердің нәтижесі екені белгілі. Көне дәуірде ортақ түркі тілі өз дамуының барысында бірнеше тілдерге сараланып, соның өзінде де бұрынғы түбір сөздер бөлінген әрбір жеке тілдің негізін құрды. Басқаша айтқанда, әр тіл өзінің бұрынғы ортақтасығын сақтап қалды. Бөлінген тілдер өз еншісіне тиген ортақ сөздерді негіз етті” (Халидов, 1965: 542). «Мукаддимат» пен қазіргі қазақ тілінің сонау алыстан барып қосылса да, өзара тарихи байланысын ашып көрсету мақсатында әр кезеңдегі жазылған тілдік материалдарды бір-бірімен нақты салыстырып, оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын, алысын анықтауға мүмкіндік алдық.

Нәтижелері

Тілдің тарихын зерттеуіміздегі басты табан тірер дерегімізді «Мукаддиматтан» екішелеп, ондағы көрінетін негізгі тілдік фактілерді қыпшақ тілі, ол арқылы қазақ тілі тарихын анықтай алатын материал тұрғысында қолдандық. Зерттеу нәтижесінде тіліміздің өзіндік даму эволюциясындағы өзгерістердің қайнар бастауларын қарауға мүмкіндік алдық. Расында да, көне түркі тілдес халықтар өзара қоян-қолтық байланыста өмір сүрген. Уақыт өткен сайын кейбір тілдердің ара-жігі ажырап, жеке бөлініп, туыстас тілден алшақтап жатса (мәселен, чуваш, шор, хақас, алтай тілдері), ендігі бір тілдер тобы осыған керісінше, өзара тоғысып, жақындаса түсті. Бірақ қаншалықты алшақтаса да туыстас тілдердің ұшқындары тілдік көрсеткіштерде ізін қалдырды. «Мукаддиматтағы» сөздердің этимологиясын зерттегенде, кейбір тарихи тілдік ерекшеліктерін ерте заманда ара-жігі ажырағандығын сол туыстас тілдерден

іздейтініміз де осының дәлелі болмақ. Сөздіктегі түркі материалдарының негізгі бөлігі араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме сөздерді қоспағанда, түркі тілдерінің туыстастығын білдіретін ортақ сөздерден құралатындығын байқадық. Сөздіктерді лексикалық талдаудың өзіндік маңызы бар. Себебі, «Мукаддиматтағы» сөздердің семантикасы нақтыланып, кең көлемде жан-жақты түсінік алуға мүмкіндік береді

Қорытынды

Сөз соңында айтарымыз, Мукаддимат лексикасы араб, моңғол, түркі тілдерімен астасып, өз дәуірінің шоқтығы биігіне айналған шығарма. Сөздікте кездесетін әрбір сөз түркі тіліне ортақ қор екенін байқадық. Фонетикалық ерекшеліктерге ұшырағанмен, қазіргі қолданыстағы сөздермен жақын. Сондықтан да сөздіктегі сөздерге кешенді зерттеу жүргізу алдағы мақсатымызға айналып отыр. Кешенді лингвистикалық зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде ғана сөздіктің жаңалығы ашыла бермек. Тек қана тілдік зерттеу ғана емес, тарихи тұрғыдан да ену маңызды. Себебі орта ғасырлардағы көптеген маңызды ақпараттарды білуге болады. Мемлекеттердің ыдырауы, саяси жағдай, әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерге қатысты сөздер өте көп кездеседі. Өзбек ғалымы Б.З. Халидов: «Замахшари шығармалары нақтылығымен, сапалылығымен ерекшеленеді. Грамматика, лексикографияға арнаған еңбектерінде материалдарды барынша қысқа әрі мазмұнды түрде пайымдайды, ал көркем әдеби туындыларында сол дәуірдегі әдебиетке сәйкес боямасы көп, қиындатылған стильде жазады» (Ахинжанов, 1995: 203) – дейді. Осы салыстырулар негізінде байқағанымыз, ескерткіш тілінің сол тұста жазылған шығармалармен салыстырғанда қыпшақ тілінің ерекшелігі бар екені және басым бөлігінің тілдік қорымызда кездесетін сөздер екендігі анық бола түсті. Сондай-ақ өзінен бұрын жазылған Махмуд Қашқаридің «Диуани луғат ит-түрк», өзінен кейін жазылған «Аттуһфа», «Кодекс куманикуспен» шендестіре қарағанда да, ондағы сөздер Мукаддиматпен қабысып, астасып жатқанын байқау қиын емес (Крачковский, 1957: 313).

Сонымен, сөздіктің сыры тереңде, талдау мен зерттеуді қажет ететін бірегей туынды. Әрбір зерттеушінің құнды пікірін ескере отырып, сөздікті тарихи-лингвистикалық зерттеу болашақтың еншісінде.

Әдебиет

- Ахинжанов С.А., 1995. Қыпшақтар в истории средневекового Казахстана. Алматы: Білім. 203 б.
- Бартольд В.В., 1928. История турецко-монгольских народов. Ташкент: Деком. 5 с.
- Бартольд В.В., 1927. История культурной жизни Туркестана. В самаркандском списке «Мукаддимаг ал-адаб» слово *sarayu* обозначает «большой замок». Ташкент: Деком. С. 35-37.
- Боровков А. К., 1961. «Бадаи ал-лугат» Словарь Тали Имани Гератского. Ташкент: Книга. 19 с.
- Вельяминова-Зернова В.В., 1868. Востоковедение. Санкт-Петербург: РоссРом. 10 с.
- Голубовский П.В., 1884. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. Киев: Книга. 33 с.
- Ибраева А.Т., 1997. Орта ғасыр шежіресі. Алматы: Абзал-Ай баспасы. 640 б.
- Крачковский И.Ю., 1957. Изб., соч., т.4, Ленинград: Река. 313 с.
- Өмірәлиев Қ., 2014. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес және Ж.Қ. Алматы: Абзал-Ай баспасы. 640 б.
- Самойлович А.Н., 1928. К истории среднеазиатского-турецкого языка, сб. Ленинград: «Мир-АлиШир». С. 21-22.
- Самойлович А.Н., 1928. К истории литературного среднеазиатско-турецкого языка, Ленинград: «Мир-АлиШир». 10 с.
- Сартқожаұлы Қ., 2021. Байырғы түркілердің дүниетанымы. Алматы: Құспан. 64 б.
- Саяси түсіндірме сөздік., 2007. Құраст. авт. Е. Саиров ж. т.б., Алматы: Жүйелі зерттеулер институты. 616 б.
- Тарасова И.А., 2010. Художественный концепт: диалог лингвистики и литературоведения // Лингвистика. Вестник Нижегородского университета им. Н.И.Лобачевского. No4(2). С. 742-745.
- Халидов Б.З., 1965. «Замашари (о жизни и творчестве)» // Сборник: Семитские языки, выпуск (ч.2). Минск: Озера. С. 542-556.

Reference

- Ahinjanov S.A., 1995. Kypchakı v istorii srednevekovogo Kazahstana [Kipchaks in the history of medieval Kazakhstan]. Almaty: Bilim. 203 p. [in Russian].
- Bartold V.V., 1928. Istoria túresko-mongolskikh narodov. [History of the Turkish-Mongolian Norods]. Tashkent: Dekom. 5 p. [in Russian].
- Bartold V.V., 1927. Istoria kúltúrnoi jizni Týrkeстана. V samarkandskom spiske «Mýkaddimat al-adab» slovo saray oboznachaet «bolshoi zamok» [The history of the cultural life of Turkey. In the Samara list of «Mukaddimat al-Adab», the word sarai means «Big castle»] Tashkent: Dekom. P. 35 -37. [in Russian].
- Borovkov A. K., 1961. «Badai ál-lýgat»Tali imanı Geratskınıń sózdigi [«Badai al-lugat» Dictionary of Tali Imani of Herat.] Tashkent: Kitap. 19 p. [in Russian].
- Veláminova-Zernova V.V., 1868. Shyǵystaný [Orientalstudies]. Saint-Petersburg: RossRom. 10 p. [in Russian].
- Golýbovskıı P.V., 1884. Pechenegi, torkı ı polovsy do nashestvia tatar [Pechenegs, Turks and Polovtsy before the invasion of the Tatars]. Kiev: Kniga. 33 p. [in Russian].
- Ibraeva A.T., 1997. Orta ǵasyr shejiresi [Chronicles of the Middle Ages]. Almaty: Abzal-Aı. 640 p. [in Kazakh].
- Krachkovskıı I.Iú., 1957. Izb.op.[Izb., Op., vol.4]. Leningrad: Reka. 313 p. [I n Russian].
- Omıraliev Q., 2014. Qazaq til biliminin maseleleri. Qurast.: f.g.d. G. Anes zhane Zh.Q. Ibraeva [Problems of Kazakh linguistics. Comp. G.Anes, Zh.Ibraeva]. Almaty: Abzal-Aj baspasy. 640 p. [in Kazakh].
- Samoilovich A.N., 1928. K istorii sredneaziatskogo-týreskogo iazyka.[On the history of the Central Asian-Turkish language, collection]. Leningrad «Mir-Alisher». P. 21-22. [in Russian].
- Samoilovich A.N., 1928. Ádebi Orta Azıa-túrik tiliniń tariyhına. [On the history of the Literary Central Asian-Turkish language]. Leningrad: Mir-Alisher. 10 p. [in Russian].
- Sartqozhauuly Q., 2021. Bajyrgy turkilerdin dunietanymy [Worldview of the indigenous Turks]. Almaty: Kuspan. 640 p. [in Kazakh].
- Sayasi tusindirme sozdik. 2007. Qurast. avt. E. Sairov zh. t.b. [Political Explanatory Dictionary. Comp. E.Sairov and ext.]. Almaty: Zhujeli zertteuler instituty. 616 p. [in Kazakh].
- Tarasova I.A., 2010. Hudozhestvennyj koncept: dialog lingvistiki i literaturovedeniya [Artistic concept: a dialogue of linguistics and literary studies]. Lingvistika. Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo [Linguistics. Bulletin of the Nizhny Novgorod University named after N.I. Lobachevsky]. No4(2). P. 742-745. [in Russian].
- Haldov B.Z., 1965. «Zamashari (o jizni ı tvorchestve)» [Zamakhshari (about life and creativity)]. In: Sbornik: Semitskie iazyki, vypýsk (ch.2). [Zhinak: Semitic Languages, issue (part 2)]. Minsk: Oзера. P. 542-556. [in Russian].

FTAMP 16.21.27

А.М. Асабаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы

e-mail: ainaasabai@gmail.com

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Қазіргі Қазақстанның лингвомәдени жағдайы үлкен өзгеріс үстінде. Бұл зерттеуде тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі тілдік және лингвомәдени жағдаяттар, олардың тұлғаның тілдік сәйкестігінің қалыптасуына әсерін қарастыруға талпыныс жасалды. Қазіргі уақытта Қазақстанда қалыптасқан лингвомәдени жағдайдың жалпы көрінісін анықтау және талдау мақсатында әр түрлі жас шамасындағы қазақстандықтар арасында әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама жүргізіліп, статистикалық нәтижелер анықталды. Қойылған мақсаттарға жету үшін сауалнама, жаппай сұрыптау, іріктеу, топтау сынды зерттеу әдістері қолданылды. Бұл зерттеуде тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстандағы лингвомәдени жағдайының даму динамикасын сипаттауға талпыныс жасалған, сонымен қатар қазіргі кезеңдегі қазақ лингвомәдени болмысын қалыптастыратын негізгі факторларға талдау жасалған.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, лингвомәдени жағдаят, тілдік жағдаят, лингвомәдени сәйкестік, тілдік тұлға, әлеуметтік-лингвистикалық эксперимент.

A.M. Assabayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

e-mail: ainaasabai@gmail.com

Linguistic and cultural situation of independent Kazakhstan: comparative analysis

The linguistic and cultural situation of modern Kazakhstan is undergoing great changes. In this study, an attempt was made to consider the linguistic and linguocultural conditions in the period of independent Kazakhstan, their influence on the formation of a person's linguistic personality. In order to determine and analyze the general picture of the modern linguistic and cultural situation in Kazakhstan, a sociolinguistic survey of Kazakhstani of different ages was conducted and statistical results were determined. To achieve these goals, such research methods as survey, mass sorting, sampling and grouping were used. This study attempts to describe the dynamics of the development of the linguocultural situation in Kazakhstan during the period of independence, as well as to analyze the main factors that form the Kazakh linguocultural identity in the modern period.

Key words: linguoculturology, linguocultural situation, language situation, linguocultural identity, linguistic personality, sociolinguistic experiment.

А.М. Асабаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы

e-mail: ainaasabai@gmail.com

Лингвокультурная ситуация независимого Казахстана: сравнительный анализ

Лингвокультурная ситуация современного Казахстана претерпевает большие изменения. В данном исследовании предпринята попытка рассмотреть языковые и лингвокультурные условия в период независимого Казахстана, их влияние на формирование языковой личности человека. С целью определения и анализа общей картины современной лингвокультурной ситуации в Казахстане был проведен социолингвистический опрос казахстанцев разного возраста и определены статистические результаты. Для достижения поставленных целей применялись такие методы исследования как опрос, массовая сортировка, выборка и группировка. В данном исследовании предпринята попытка описать динамику развития лингвокультурной ситуации Казахстана в период независимости, а также провести анализ основных факторов, формирующих казахскую лингвокультурную идентичность в современный период.

Ключевые слова: лингвокультурология, лингвокультурная ситуация, языковая ситуация, лингвокультурная идентичность, языковая личность, социолингвистический эксперимент.

Кіріспе

Қазір кезде әлемдік ғылымның дамуы әртүрлі гуманитарлық салалардағы тұлғаны қалыптастыру мәселелеріне зерттеушілік қызығушылықтың артуымен сипатталады: өйткені жаһандану әлемінде әлеуметтік, мәдени, саяси өзгерістердің орын алып жатқандығы сөзсіз. Күрделі әрі теориялық тұрғыдан көпқырлы, яғни, психологтардың, әлеуметтанушылар, философтар, мәдениеттанушылар, лингвистер, т.б. зерттеу объектісі болып табылатын мәселелердің бірі – тұлғаның сәйкестігін анықтау мәселесі.

Қазіргі лингвистикалық ғылыми парадигмада лингвомәдениеттану сияқты мәдени-тарихи компонентті қамтитын әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика және т.б өзара байланысты жаңа пәндердің белсенді дамуы жүріп жатқандықтан, қазіргі таңда сәйкестілік мәселесі отандық және шетелдік лингвистердің зерттеулерінің назарында болуы әбден заңды.

Білімнің көптеген салаларымен түйіскен лингвомәдениеттану жаңа дербес салаларды белсенді түрде дамытуда. Лингвомәдениеттану ғылымының өзекті бағыттарының бірі – белгілі бір уақыт кезеңінде, елдің мәдени дамуының белгілі бір кезеңінде қоғамда қалыптасқан тілдік жағдаяттарды зерттеу.

Әдебиеттерге шолу

Соңғы кезде қазіргі тіл білімінде тілдік жағдаят ұғымымен қатар лингвомәдени ахуал термині де кеңінен қолданыла бастады. Мәдени тіл біліміндегі бұл маңызды концепцияның негізін Ф. де Соссюрдің, В. В. Виноградовтың, Т. М. Дриденің, Е. М. Верещагиннің және т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйенетін В. М. Шаклейн қалады. Оның анықтамасы бойынша (Шаклейн, 1997:19) лингвомәдени ахуал «тарихи қалыптасқан мәдени аймақтардағы және әлеуметтік ортадағы тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттестігінің динамикалық және толқынды процесі». В. М. Шаклейн, «лингвомәдени жағдай бүкіл лингвомәдени жүйенің нақты іске асырушысы» және зерттеу барысында тек экономикалық, әлеуметтік, тарихи, мәдени факторларды ғана емес, сонымен бірге уақытша (өткен, қазіргі және жоспарланған болашақ) факторларды да ескеру қажет екенін атап көрсетеді (Шаклейн, 1997: 17).

Осы параметрлерді ескере отырып, біз зерттеу жұмысымызды белгілі бір мәдени-тарихи

кезеңдегі (1991-2022 жылдар) Қазақстанның лингвомәдени жағдайын зерттеуге арнадық. Зерттеуіміздің мақсаты – Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі лингвомәдени жағдайына талдау жасау, сонымен қатар қазіргі кезеңдегі қазақ лингвомәдени болмысын қалыптастыратын негізгі факторларды талдау.

В.М.Шаклейн уақыт факторын лингвомәдени жағдай концепциясының анықтаушы факторы ретінде сипаттады: «ЛМЖ-ның (лингвомәдени жағдай) уақыт аспекті, бір жағынан, тұрақты және толқынды процесс ретінде, ал екінші жағынан, осы процесс арқылы дайындалған уақытша «кесінді» ретінде қарастыруға болады, ол келесі пайда болатын кесіндіге дайындық кезеңі ретінде қызмет етеді» (Шаклейн, 1997: 17). Осылайша, лингвомәдени жағдайды динамика мен статикада зерттеу оны ұлттың лингвомәдени даму жолындағы «әрі сызық, әрі нүкте» ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Старинные русские переводы среднеазиатских дипломатических документов, грамоты русских царей XVII в. написаны русской скорописью. Это письмо появилось в конце XIV – начале XV в. на смену полууставу и распространившееся впоследствии в качестве делового (Беляев, 1907; Городилова 2000) имело свои особенности. «Существенной чертой скорописного письма оставалась экономность, а также раскованность почерка, возможность индивидуализации изображения каждой отдельной буквы; текст не разделялся на слова, как правило, исключались присущие уставу и полууставу надстрочные знаки и строчные знаки – “не буквы”, применялись сокращенные написания. Сокращения многочисленны. По мнению многих лингвистов, они представлены: 1) в виде выноса над словом отдельных его букв (выносные буквы) или слогов – сокращение числа букв на строке, 2) в виде сокращений, за счет ъ или ь, конца слогов или слов, в отличие от книжного письма, где ъ и ь в подобных случаях сохраняются, 3) в виде сокращений конца слова при выносной букве ʳ (твоeʳ вм. твоего, премноʳ вм. премного и под.), 4) в виде сокращенных написаний некоторых слов

(г^сдрь вм. государь; члѣвкъ, члѣкъ {...} вм. человек и др. (Тарабасова 1982; Черепнин 1956).

Иноязычные оригиналы ярлыков бухарских и хивинских ханов написаны черными чернилами на желтоватой лощеной бумаге среднеазиатского происхождения, челобитных послдов – черными, коричневыми, темно-коричневыми, светло-коричневыми чернилами, а их старинные русские переводы и грамоты российских царей – черными чернилами на бумаге иностранного происхождения

Регулярные дипломатические и торговые сношения Московского государства с Хивинским ханством, начавшиеся в первой половине XVII в., оставляли естественно свои следы и в русском, и в среднеазиатских языках – «тюрки» и «фарси» (Кулмамагов, 1994: 19–21). Об этом свидетельствуют, в частности, многочисленные документы, опубликованные в «Трудах Историко-археологического института и Института востоковедения ... Вып. 3, ч. I. Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии в XVI–XVII вв» (Труды, 1932)¹. Среди них наибольший интерес представляют старинные русские переводы челобитных хивинских послдов XVII века, созданные в царских канцеляриях. Во всех переводах непременно присутствуют ориентализмы (восточные слова), изучение которых, на наш взгляд, является весьма перспективным. Эти восточные слова относятся к различным областям общественной жизни, но в данной работе мы рассмотрим лишь незначительную часть этих лексем – названия тканей: *дороги*, *зарбаф*, *зендень*, *камка*, *кинояк*, *кумач*.

Древнерусское слово *дороги* нами отмечено в челобитной хивинского посла Надира Бехадур-а царю Федору Алексеевичу от 11 июня 1679 г.: «... а товарищ ево (князя Константина Осипович) большой дьяк взял у меня 5 дорогов кашанских, а цена 11 руб., меньший дьяк четверы дороги взял кашанские цена 8 руб. 26 алт(ын)» (с. 249). В персидском оригинале *дороги* имеет соответствие *دَارِد* *dārgūi* (с. 441).

Словарь русского языка XI–XVII вв. слово *дороги* впервые фиксирует в «Хожении купца Федота Котова в Персию» под 1624 г.: «Туть делают дороги кашанские и бархаты в кизылбашские камочки» (Словарь русского языка XI–XVII вв., 1977а: 323–324).

Эта восточная шелковая ткань «совершен-

но тождественна с тафтой, т.е. гроденаплевого переплетения, но в нее введены нити пестрой, так называемой «узловой» окраски, – желтые и зеленые, отчего ткань имеет полосатый вид» (Клейн, 1925: 60). По месту производства она носила разные названия: кашанская, гияльская, кизилбашская, турская и т.д.

По объяснению К. Иностранцева, это название – *дороги* произошло от имени персидской ткани *دَارَاد* *dārgāyī*, переводившееся в XVII в. на русский язык как *дороги* (Иностранцев, 1990: 82). В данном случае он ссылается на издания Н.И.Веселовского «Памятники дипломатических сношений Московской Руси с Персией» (Веселовский, 1890: 114, 116). Представляется менее вероятным мнение И.Н.Березина о том, что *дороги* происходит из слова *دَارَاد* *dārgāj* – «верхний кафтан, накидка» (Березин, 1952: 191).

Слово *зарбаф* встречается в челобитной хивинского посла Пехлеванкулибека царю Алексею Михайловичу от 9 апреля 1673 г.: «Роспись хановым (Анавши) поминком: 9 инохотцов добрых, 43 оправных сабель с камнем, зверь, бабр, 5 талумбасов оправных камнем, 9 зарбафов золотных ...» (с. 213). Это слово в персидском оригинале имеет соответствие *زَبْرِز* *zārbāft* (с. 433).

Словарь русского языка XI–XVII вв. слово *зарбаф* впервые свидетельствует в документе «Акты исторические, собранные и изданные Археологической комиссией» под 1672 г.: «Зарбавъ полосатой съ золотомъ да съ серебромъ» [15, с. 286].

Эта шелковая ткань золотыми и серебряными нитями выработывалась только на Востоке. В Россию зарбаф провозился в довольно большом количестве и употреблялся на верхние одежды. Название её происходит от персидского *زَر* *zār* «золото» и *بَاف* *bāft* «ткань» (от *بَافَتَان* *bāftān* «ткать; вязать; плести») (Словарь русского языка XI–XVII вв., 1977а: 38).

Название другой ткани – *зендень* нами зафиксировано в челобитной хивинского посла Рахимкули царю Михаилу Федоровичу от 18 февраля 1620 г.: «... в Казани я (Рахим-кули) продал живота своею для подъему 650 пестредей 200 зенденей ...» (с. 133).

Словарь русского языка XI–XVII вв. это слово впервые отмечает в «Архиве П. М. Строева» под 1568 г.: «Шуба лисья под зенденью» (Словарь русского языка XI–XVII вв., 1977а: 381).

Эта ткань в основном изготовлялась в одном селении Бухары – Зендене (Зендане) еще в X в.,

¹ В дальнейшем при цитировании материалов этого издания ссылка на него даётся лишь указанием на страницу.

откуда она и получила это название. Об этом селении в книге «История Бухары» М. Наршахи сказано: «Вывозятся оттуда так называемые занданичи, т.е. бумажные материи. Во многих селениях Бухары ткнут материю и называют также занданчани, потому что раньше всех начали выделывать эту материю жители этого селения» Персидско-русский словарь, 1983: 38). В.К.Клейн на основании этой цитаты точнее установил, что *зендень* – это хлопчатобумажная ткань (Клейн, 1925: 62).

Следующее слово – *камка* упоминается в челобитной хивинского хана Исфендияра Аvezбакея от 17 января 1640 г.: «Да юргенского Исфендияра царя посол Аvez-Бака челом бьет: аргамак гнед, бабр, барс, камка белая, лук бухарской в кольце» (с. 147).

Словарь русского языка XI–XVII вв. слово *камка* в значении «шелковая цветная узорчатая ткань» впервые фиксирует в «Хожении за три моря Афанасия Никитина» Афанасия Никитина под 1472 г.: «В Бедери же торгъ накони, да на товаръ, да камкы на шелкъ и на всякой иной товаръ» (Словарь русского языка XI–XVII вв., 1980: 48).

Камка была самой распространенной в России шелковой тканью. Она привозилась не только с Востока, но и с Запада. Однако родиной её является Восток. По месту производства носила разные названия: кизилбашская, турецкая, китайская, индийская и т.п.

Л.З. Будагов считает, что тюркское *qāmqā* было образовано из персидского слова *kāmxā* (Будагов, 1971: 137). По мнению И. Г. Добродомова, это «тюркское слово восходит к кит. *gimhūa* через посредство перс. *kimha*» (Добродомов, 1978: 48).

Наименование восточной хлопчатобумажной ткани *киндяк* встречается в челобитной хивинского посла Надира Бехадуря царю Федору Алексеевичу от 21 января 1679 г.: «... а подъячей Никита просил (у посла) троих дорогов да кушака да киндяка ...» (с. 245). Слово *киндяк* в персидском оригинале имеет соответствие *kāndāk* (с. 440).

В русских письменных памятниках слово *киндяк* впервые по материалам Словаря русского языка XI–XVII вв. упоминается во второй половине XV в. в «Хожении за три моря Афанасия Никитина» под 1472 г.: «Камбат же пристанище Индийскому морю всему, а товаръ в нем все делают алачи, да пестреди, да киндяк ... да чинят краску нил» (Словарь русского языка XI–XVII вв., 1980: 125).

Эта хлопчатобумажная ткань всегда была одноцветной и без узоров. Она не выработывалась из цветных нитей, а окрашивалась уже после снятия со станка. Киндяк имел различную окраску, причем окрашенный в красный цвет назывался кумачом (Клейн, 1925: 63). Определения В. И. Даля (Даль, 1935: 108) и П.И.Савваитова (Саввитов, 1896: 56), которые указывают, что *киндяк* означает «выбойку» или «набойку», неточны.

В этой же челобитной засвидетельствовано ещё одно название хлопчатобумажной ткани – *кумач*: «да прислал Анавша-Мамбетъ-Багадырь-хан (хивинский) к нам (хивинцам в Астрахань) 4 таи кумачей для нашего грабежа на одежду, и те таи записали, а сказал боярин (астраханский), буде де указу с Москвы не привезешь и с тех таев пошлины возьмем» (с. 246). В персидском оригинале *кумач* имеет соответствие *qumāch* (с. 440).

Словарь русского языка XI–XVII вв. слово *кумач* в значении «хлопчатобумажная ткань, чаще красного цвета» впервые отмечает в «Актах Астраханской воеводской избы XVII в.» под 1648 г.: «Чернова кумачю на подпушку цена 2 ал<тына>» (Словарь русского языка XI–XVII вв., 1981: 117).

В древнерусском языке *кумач* «первоначально обозначало вообще хлопчатобумажные ткани, привозимые в основном из тюркоязычных стран» (Коткова, 1975: 118). Наверное, слово *кумач* было заимствовано русским языком именно в это время. Как указывает Н. К. Дмитриев, в старом татарском языке *кумач* «общее название всех бумажных материей» (Дмитриев, 1962: 539). Л.З.Будагов считает, что это слово первоначально проникло в тюркские языки из арабского (Будагов, 1871: 64).

Заключение

Проблемы лингвоисторического характера актуальны до сегодняшнего дня, поскольку огромное количество рукописей все еще остаются вне поля исследования. Вместе с тем, обращение к ним позволяет решить вопросы, связанные с семантическими трансформациями в истории слов. Важно было в работе определить значения слов в оригинале и при переводе, а затем уже восстановить историю слов. Ведь именно они являются отражением языковых, дипломатических контактов XVII в.

При этом очень важно было учесть исторический и языковой контекст эпохи, связанный

с функционированием двух официальных языков. Нами был проанализированы переводы на русский язык с опорой на язык-источник и письменные памятники, что позволило охарактеризовать историю слов-ориентализов: *дороги, зарбаф, зендень, камка, киндяк, кумач*

Подводя итог, можно отметить, что торговые и дипломатические сношения Московского государства с Хивинским ханством, прежде всего, способствовали проникновению в русский язык значительного числа слов, характерных для обозначения бытовой лексики восточных языков.

Список литературы

- Беляев И. С. Практический курс изучения древней русской скорописи для чтения рукописей XV–XVIII столетий. – М.: Синодальная типография, 1907. – 90 с.
- Березин И. Н. Замечания о восточных словах в областном великорусском языке // Известия Императорской Академии наук по Отделению русского языка и словесности. – СПб., 1852. – Т. I. – С. 186–191.
- Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. – СПб.: Типография Императорской АН, 1871. – Т. II. – 416 с.
- Веселовский Н. И. Памятники дипломатических и торговых сношений Московской Руси с Персией. – СПб.: Скоропечатня Яблонского и Перотт, 1890. – 455 с.
- Городилова Л. М. Русская скоропись XVII века. Учебное пособие. Изд. 2-е, перераб. и доп. – Хабаровск: Изд-во Хабаровского пед ун-та, 2000. – 140 с.
- Даль В. И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М.: Иностранная и национальная словари, 1935. – Т. II. – 723 с.
- Дмитриев Н. К. О тюркских элементах русского словаря // Строй тюркских языков. – М.: Изд-во вост. лит-ры, 1962. – С. 503–569.
- Добродомов И. Г. К этимологии обско-угорского названия шелка // Советское финно-угроведение. – XIV, 1. – Таллинн, 1978. – С. 46–50.
- Иностранцев К. Из истории старинных тканей: алтабас, дороги, зендень, миткаль, мухояр // Записки Восточного отделения императорского Русского археологического общества. – СПб., 1900. – Т. III. – Вып. I. – С. 080–085
- Клейн В. К. Иноземные ткани, бытовавшие в России до XVIII в. и их терминология. – М.: Изд. Оружейной палаты, 1925. – 68 с.
- Коткова Н. С. Кумач // Русская речь. – М.: Наука, 1975. – № 5. – С. 117–121.
- Кулмамагов Д. С. Среднеазиатские дипломатические документы и их русские переводы XVII в. (Грамоты. Челобитные). – М.: МГПИ, 1994. – 109 с.
- Персидско-русский словарь. Изд. 2-е., стереотипное, с приложением новых слов / Под ред. Ю. А. Рубинчика. – М.: «Русский язык», 1983. – Т. I. – 800 с.
- Савваитов П.И. Описание старинных русских утварей, одежд, оружия, ратных доспехов и конского прибора, в азбучном порядке расположенное. – СПб.: Тип. Имп. Академии наук, 1896. – 184 с.
- Словарь русского языка XI–XVII вв. – М.: Наука, 1977а. – Вып. 4. – 403 с.
- Словарь русского языка XI–XVII вв. – М.: Наука, 1977б. – Вып. 5. – 392 с.
- Словарь русского языка XI–XVII вв. – М.: Наука, 1980. – Вып. 7. – 403 с.
- Словарь русского языка XI–XVII вв. – М.: Наука, 1981. – Вып. 8. – 351 с.
- Тарабасова Н. И. Некоторые черты московской скорописи. История русского языка. Памятники XI–XVII вв. – М.: Наука, 1982. – С. 170–220.
- Труды Историко-археологического института и Института востоковедения... – Л.: изд. и тип. изд-ва Акад. наук СССР, 1932. – Вып. 3. – Ч. I. – 504 с.
- Черепнин Л. В. Русская палеография. – М.: Политиздат, 1956. – 616 с.

FTAXP 16.21.43

А.К. Өмірзақова¹ , **С.А. Тұрбекова*²**¹ Сәтбаев университеті, Қазақстан, Алматы қ.,² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: sturbekova@mail.ru

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

Құрмалас сөйлем – күрделі ойдың нәтижесінен туындайтын категория. Оның даму жүйесі жазба әдеби тіліміздің баюына, аударма жұмыстары мен көркем шығармалардың көптеп шығуымен тығыз байланысты. Көне замандағы жазба нұсқаларда құрмалас сөйлемдердің қарапайым, жабайы түрін кездестіреміз. Құрмалас сөйлемнің алғашқы түрі жалғаулықсыз салалас болса, содан кейін жалғаулықты түрі, кейінірек сабақтаса байланысу жолы қалыптасқан.

XX ғасырдың 30- жылдарына дейін қазіргі қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем жөнінде айтылған елеулі пікір болған жоқ. Қазақ тілі құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелу тарихын отызыншы жылдармен тығыз қарастырамыз. Өйткені құрмалас сөйлемге арналған оқулық, бағдарламалар осы отызыншы жылдары ғана жарық көре бастады. Құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелуіндегі 1930-1940 жылдар аралығы практикалық кезең. Өйткені бұл жылдарда құрмалас сөйлем арнайы зерттелінбей, оқу құралдарының аясында сөз болып отырды. Сонымен қатар құрмалас сөйлемге қатысты мақалалар жарық көрді (Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, Ғ. Басымов).

50 жылдардан бастап жоғарыда аты аталған тіл мамандарымен қатар құрмалас сөйлемнің мәселелерін зерттеуге Т. Қордабаев, О. Төлегенов, А. Әбілқасов, Қ. Есенов және Х. Арғынұттар сияқты ғалымдар араласа бастаса, 60- жылдардан бастап ғалымдар құрмалас сөйлемнің жекелеген мәселелерімен де айналыса бастады.

Түйін сөздер: құрмалас сөйлем тарихы, құрмалас сөйлемнің зерттелуі, сабақтас құрмалас сөйлем, салалас құрмалас сөйлем.

А.К. Омирзакова¹ , С.А. Турбекова*²¹Satbayev University, Казахстан, Алматы² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Казахстан, Алматы

*e-mail: sturbekova@mail.ru

Историческое развитие и изучение составных предложений

Сложное предложение – это категория, возникающая из результата сложной мысли. Система его развития тесно связана с обогащением письменного литературного языка, большим количеством переводческих работ и художественных произведений. В древних письменных версиях мы встречаем простую форму сложных предложений. Если первая форма сложного предложения построена без союзов (бессоюзные), то далее развивается соединительный тип, а позже сформировался сложноподчиненный.

До 30-х годов XX века в современном казахском языкознании не было существенных исследований сложного предложения. Историю изучения синтаксиса сложного предложения казахского языка мы подробно рассмотрим с тридцатых годов, потому что программы, а также учебники со сложными предложениями начали выходить только в эти годы. 1930-1940 гг. – практический период в изучении синтаксиса сложного предложения, так как в эти годы сложное предложение не изучалось специально, а рассматривалось в рамках учебных пособий. Также были опубликованы статьи, относящиеся к сложному предложению (К. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, А. Искаков, Г. Басимов).

С 50-х годов изучением сложного предложения, наряду с названными выше исследователями, стали заниматься такие ученые, как Т. Кордабаев, О. Тулегенов, А. Абылкаев, К. Есенов и Х. Арғынов, а с 60-х годов ученые разрабатывали также и отдельные вопросы сложного предложения.

Ключевые слова: история изучения сложного предложения, исследования сложного предложения, сложносочиненное предложение, сложноподчиненное предложение.

A. K. Omirzakova¹, S. A. Turbekova*²

¹Satbayev University, Kazakhstan, Almaty

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: sturbekova@mail.ru

Historical development and development of existing proposals

The complex sentence is a category arising from the result of a complex thought. The system of its development is closely connected with the enrichment of written literary language, a large number of translation works and works of fiction. In ancient written versions we find a simple form of compound sentences. If the first form of a compound sentence is built without conjunctions – a non-conjunctive, then the conjunctive type develops further, and later formed a compound sentence.

Until the 1930s there were no essential researches on compound sentences in modern Kazakh linguistics. We shall look at the history of the study of syntax of compound sentences in the Kazakh language in detail from the thirties, because the programs, as well as textbooks with compound sentences began to be published only in these years. 1930-1940. – is a practical period in the study of compound sentence syntax, because in these years the compound sentence was not studied specifically, but was considered within the framework of textbooks. There were also published articles related to the compound sentence (K. Zhubanov, S. Amanzholov, N. Sauranbayev, A. Iskakov, G. Basimov).

Since the 50's the studies of compound sentences, along with the above-mentioned researchers, began to include such scientists as T. Kordabaev, O. Tulegenov, A. Abylkaev, K. Esenov and H. Argynov, and in the 60's scientists also studied some of the complex sentence.

Keywords: history of compound sentence studies, compound sentence studies, compound sentence, compounded sentence

Кіріспе

Өзгеде тілдік категориялар сияқты құрмалас сөйлемдердің өзіндік қалыптасу, даму тарихы бар. Адамзат қоғамының мәдени және шаруашылық өмірінің ғасырдан-ғасырға дамуы тілдің синтаксистік құрылысының дамуына әкеледі. Қоғаммен бірге адамның ой өрісі, дүние тану күрделене түседі. Ал ой болса тіл арқылы қалыптасып, тілдік құралдар арқылы жүзеге асады. Құрмалас сөйлемдер адамның ой өрісінің, дүние тануының ғасырдан-ғасырға күрделеніп, кеңеюіне байланысты дамыған.

Тіл білімінде құрмалас сөйлемнің пайда болу, қалыптасу жағдайын айтқанда, көбіне профессор А. Рифтиннің «Аккад тіліндегі құрмалас сөйлемдердің даму жолдары» деген мақала беріледі. Бұл мақалада құрмалас сөйлемдердің екі түрлі даму жолдары көрсетілген: «1. Салаласу негізінде біріктірілген екі жай сөйлем күрделі сөйлемдер құрайды. 2. Жай сөйлемнің етістікті айналымдары бағыныңқылы сөйлемге айналып, сабақты құрмалас сөйлем жасайды» Яғни, бірінші жол – жай сөйлемнің салаласа байланысуы, екінші жол – жай сөйлемнің етістікті тіркестердің күрделеніп дамуы. Автор құрмалас сөйлемнің дамуындағы бұл айтылған екі жол барлық тілге тән ерекшелік, бірақ бір тілдерде біріншісі, екінші бір тілдерде екінші жолы жетекші болып келеді дейді. Мәселен, флективті тілдерде жай сөйлемдердің салаласа байланысуы,

ал жалғамалы тілдерге етістікті обороттардың күрделенуі негізгі даму жолы болып саналады. Ғалымның аталған мақаласына Г.С. Кнабе сын пікірлер айта отырып: «Бағыныңқы құралдар жүйесі дамыған қазіргі жай сөйлемнің шығу тегі қарапайым, формальды түрде қатысы жоқ тұжырымдардан, яғни анағұрлым ежелгі паратоксистің гипотаксиясының бастау алатындығы дәлелденген деп санауға болады» (Кнабе, 1955: 108-116).

Әдебиетке шолу

Бұндай пікір қазақ тіл білімінде де қолдау тапты. Мәселен, проф. А. Ысқақов «Қазақ тіліндегі сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемнің даму жолдары» атты мақаласында құрмалас сөйлемдердің дамуындағы екі жолды қолдай келіп, соның екіншісіне талдау жасайды. А. Ысқақов проф. А. Рифтиннің пікірлерін қолдай келіп: "Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемнің дамуында профессор А. Рифтин айтқан екінші жол бар ма? Егер бар болса, қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемнің дамуында сол екінші жолдың қандай рөлі болды"дей келе, автор қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемнің дамуында екінші жол да бар деген қорытындыға келеді (Ысқақов А., 1948:57-62).

Академик Н. Сауранбаев үндіеуропа тілдеріндегі құрмалас сөйлемдердің даму жолдары айтылған пікірлерге сүйене, бай тілдік

материалдарды қолдана отырып, түркі тілдерінің синтаксистік жүйесінің тарихына зерттеу жасаған. Қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдердің пайда болу жолдарын іздестіріп, олардың даму мен қалыптасу тарихын белгілеуге ден қойған ғалым 1944 жылы «Құрмалас сөйлемдер және олардың даму жолдары» деген мақала жариялады. Автор мұнда құрмалас сөйлемдер жайында бұрын-соңды айтылып жүрген теориялық болжамдарға шолу жасай келіп, түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесінің даму жолын тарихи нұсқалар негізінде төрт кезеңге бөліп көрсетеді. Олар:

1. Біздің жыл санауымыздың IV-VI ғасырдағы түркі халықтарының тілінде жазылған орхон жазуының құрмалас сөйлемдер жүйесі.

2. Біздің жыл санауымыздың VIII – X ғасырдағы ескі ұйғыр жазуы тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі.

3. Біздің жыл санауымыздың XII – XV ғасыр аралығындағы Азиядағы түркі тілдерінің (шағатай, оғыз) тілінде жазылған нұсқалар.

4. Қазақ халқының құрала бастаған дәуірінде шыққан халық әдебиет нұсқалары тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі (Сауранбаев, 2000: 281-309).

М. Джафарзаде «Сабақтас құрмалас сөйлемдердің пайда болу жолынан» атты мақаласында түркі тілдеріндегі сабақтас құрмалас сөйлемдердің үш түрлі даму жолдарын береді. Олар: «1. Бағыныңқылы қатынасқа негізделген жай сөйлемдерді тіркестіру; 2. Етістікті айналымның жай сөйлемге айналуы; 3. Кейбір салалас сөйлемдердің сабақтас сөйлемге айналуы». Ғалымның айтуынша, оралымдар тарихи жағынан сөйлемдерден шыққан. Бағыныңқы сөйлемнің қалыптасуының төрт тарихи сатысын берген. Бірінші кезеңде етістікті оралымдар баяндауыштан кейін тұрып, бірақ дербестік алмай, сөйлемнің мүшесі болып қала береді. Екінші кезеңде баяндауыштан кейін тұрған оралым интонация арқылы ара жігі ашылады, бірақ жай сөйлем құрамынан бөлінбейді. Үшінші кезеңде баяндауыштан кейін тұрған есімшелі оралымдар нақты кідіріспен ерекшеленіп, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компоненттің моделіне ұқсас болып келеді. Ал төртінші кезеңде бағыныңқы сөйлем жасалады, бірақ оралымның негізгі сөзі (жақ, есімше, көсемше) *verbum finitum* тұлғасында келмейді (Джафарзаде, 1978:13-17).

Тіл білімінде құрмалас сөйлемдер жөніндегі алғашқы зерттеу еңбек ретінде көрнекті түрколог

П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казахско-киргизского языка», В. Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» деген еңбектерді атай аламыз. П.М. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казахско-киргизского языка» екі кітаптан тұрады: біріншісі – фонетика мен морфологияны, екінші кітабы – синтаксисті қамтыған. Автор соңғы кітабында синтаксис саласын екі тарауға бөліп қарастырады: біріншісі – жай сөйлем синтаксисі, екіншісі – құрмалас сөйлем синтаксисі. Берілген еңбекке дейін тіл білімі ғылымында құрмалас сөйлем туралы ешбір теориялық тұжырым айтылмаған болатын. Сондықтан ғалымның «грамматикасын» құрмалас сөйлемдерді зерттеудегі алғашқы баспалдақ деуімізге негіз бар. Әрине, берілген зерттеуде құрмалас сөйлемдер қазіргі түсінігіміздей зерттеліп, мән-жай толық берілмеді. Мәселен, құрмалас сөйлемдердің, оның жай сөйлемнен ерекшелігі, құрмалас сөйлемнің түрлері сөз етіледі.

В.В. Катаринский «Грамматика киргизского языка» деген еңбегінде құрмалас сөйлем деп құрамында екі етістік келетін сөйлемдерді атаған. Аталған еңбектерде құрмалас сөйлемдердің грамматикалық табиғатын тануда көптеген кемшіліктер мен олқылықтар болғанымен, сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары мен басыңқы мен бағыныңқы компоненттерінің арасындағы синтаксистік қатынастар жөнінде алғашқы мағлұмат береді. Мәселен, шартты рай сабақтас құрмалас сөйлемнің шартты және мезгіл бағыныңқы жасайтындығын дұрыс көрсеткен: «Бағыныңқы сөйлемдерде шартты форма шарттылықты да, мезгілді де білдіреді». Сонымен қатар көсемшелі сабақтас құрмалас сөйлемнің мезгіл, себеп, шартты, қимыл-сын, амал, мақсат бағыныңқылардың баяндауыштары бола алатындығын дұрыс көрсеткен: «Осы көсемше арқылы жасалған іс-әрекеттер негізгі сөйлемнің іс-әрекетіне қатысты уақыт пен себеп, шарт пен қимыл-сын мағыналарын қана емес, мақсатты да білдіреді» (Катаринский, 1906:160).

Нәтижелер және талқылау

Революцияға дейінгі еңбектерде зерттеушілердің көпшілігі сөйлемнің құрмалас не құрмалас сөйлем еместігін айқындауда зерттеліп отырған тілдің өз фактілеріне сүйенбей, орыс тілінен аударылған сөйлемдердің құрылымдарына сүйенген. Осының нәтижесінде жайылма жай сөйлемдер, етістіктің көсемше тұлғасынан

жасалған бірыңғай мүшелі сөйлемдер де құрмалас сөйлем деп қарастырылған.

XX ғасырдың 30- жылдарына дейін қазіргі қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем жөнінде айтылған елеулі пікір болған жоқ. Қазақ тілі құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелу тарихын отызыншы жылдармен тығыз қарастырамыз. Өйткені құрмалас сөйлемге арналған оқулық, бағдарламалар осы отызыншы жылдары ғана жарық көре бастады.

Құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелуіндегі 1930-1940 жылдар аралығы практикалық кезең. Өйткені бұл жылдарда құрмалас сөйлем арнайы зерттелінбей, оқу құралдарының аясында сөз болып отырды. Сонымен қатар құрмалас сөйлемге қатысты мақалалар жарық көрді (Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, Ғ. Басымов).

Ұлттық тілші мамандарымыздың құрмалас сөйлем жөніндегі көзқарастары берілген алғашқы зерттеулер 30-жылдың екінші жартысынан бастап көріне бастады. Бұл жөнінде бірінші болып көзге түскен Қ.К. Жұбановтың еңбектері. Қазақ тіл білімінің Қ. Жұбанов қалам тартпаған, өз пікірін айтпаған саласы кемдекем. Сондай салалардың бірі – құрмалас сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлем синтаксисімен Қ. Жұбанов арнайы айналаспағанмен, оның бұл салада қалдырған кесек мұрасы, көзқарастары мен тұжырымдары қазақ лингвистикасы үшін маңызды. Қ. Жұбановтың құрмалас сөйлем жөніндегі көзқарастары оның 1936 жылы құрастырған оқу бағдарламасы мен «Жанғазы» деп аталатын хатында айқын көрінеді. Оқу бағдарламада құрмалас сөйлемнің түрлері, олардың құрмаласу тәсілдері мен мағыналық түрлері және сөйлем синтаксисін мектептерде жүйелі өту мәселесі қарастырылған. Берілген бағдарламаның ерекшелігі – салалас құрмалас сөйлемдерді мағыналық белгілеріне қарай (ыңғайлас салалас, ереуіл салалас, талғама салалас, себеп-салдар салалас және шарт- жағдай салалас) топтастыруында (Жұбанов, 1999:581-595). Ғалым құрмалас сөйлем деген терминнің орнына күрделі сөйлем атауды жөн көргенін байқаймыз. Сабақтас құрмалас сөйлемнің тиянақсыз компонентті басыңқы сөйлемдегі бір мүшеге меңгеріліп, бағынып, жай сөйлемнің қалыпты бір мүшесі атқаратын қызметті атқарып тұруын шарт деп алып, егер ондай меңгерілу болмаса, тиянақсыз компоненттің баяндауышы қандай тұлғада тұрмасын, ол салалас құрмалас деп танылады. Ғалымның пікірінше, бағыныңқы

сөйлем болу үшін құрамында тұрлаулы мүшелердің болу шарт. Өйткені сабақтас сөйлем деп құрамында бастауыш, баяндауышқа бөліне аларлық күрделі мүшесі бар сөйлемдерді таниды. Сондықтан болар үйірлі мүшелі жай сөйлемдердің барлығы сабақтас құрмалас сөйлем ретінде қарастырылған.

Қ. Жұбановтың сабақтас құрмалас сөйлем жөніндегі бұл көзқарасы кейінде С. Жиенбаев пен Н. Сауранбаевтың еңбектерінен өз жалғасын тапты.

1939 жылы С. Аманжолов пен Н. Сауранбаевтың авторлығымен «Қазақ тілі грамматикасы» жарыққа шықты. Оқулық қазақ тілі синтаксисінен орталау, орта мектептерге арналған алғашқы практикалық еңбек болатын. Бұған дейін құрмалас сөйлем синтаксисіне арналған оқулық та, жеке зерттеулер де болмады. Оқулықта қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі Қ. Жұбановтың оқу бағдарламасынан өзгеше баяндалып, басқаша жіктелді. Ең бастысы, еңбекте құрмалас сөйлемдер құрылысына қарай салалас, сабақтас және аралас құрмалас сөйлем болып бөлінген. Кейіннен берілген классификация ғылымда өз жалғасын тапты. Оқу бағдарламадағы сияқты берілген оқулықта салалас құрмалас сөйлем жалғаулықты және жалғаулықсыз болып екі топқа бөліп қарастырылған. Бірақ салалас сөйлемдердің ұйымдасу амалдарын, компоненттерінің мағыналық қатынастарын түсіндіруде екеуінің арасында елеулі айырмашылық бар.

«Бағдарламада» мағыналық жағынан кейінгі жай сөйлемдерге меңгерілмей тұратын көсемше және шартты райдан жасалған баяндауыштары бар құрмаластарды салалас сөйлемге жатқызса, соңғы оқулықта олар сабақтасқа жатқызылған. Сонымен қатар оқулықта бұрын сөз болмаған көп бағыныңқылы сабақтас, оның бірыңғай, сатылы түрлері және аралас құрмалас сөйлемдер жайында түсініктер берілді (Аманжолов, 1939:86).

Тіліміздегі құрмалас сөйлемдерді әр жақты зерттеу жұмыстарымен көптеген ғалымдар айналыса бастады. Солардың бірі – С. Жиенбаев. Құрмалас сөйлемдер синтаксисін зерттеу саласында С. Жиенбаев қалдырған зерттеулері шағын: бірнеше мақала мен 1941 жылы жарияланған «Синтаксис мәселелері» атты еңбегі. Ол 1935 жылы «Ауыл мұғалімі» журналында жариялаған «Сөйлемнің үйірлі мүшелері» атты мақаласында үйірлі мүшенің құрмалас сөйлемге тән категория ретінде қарастырып, оның салалас және сабақтас сөйлемдерге ұқсамайтын өз

алдына ерекше түрі екендігін айтқан. Мұнда құрмаластың бір түрі ретінде танылатын аралас құрмалас сөйлем өз алдына бөлек категория ретінде қарастырылмайды. Ал автор кейінгі еңбектерінде үйірлі мүшелерді бағыныңқы сөйлемнің бір түрі ретінде қарастырған. Сонымен қатар салалас сөйлемнің өзіндік интонациясы болатындығын алғаш айтқан (Жиенбаев, 1941:43).

Бұл пікір күні бүгінге дейін өз құнын жойған жоқ. Автор құрмалас сөйлемдерді бұрын айтылып жүргендей, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер деп екі түрге бөліп, Қ. Жұбанов сияқты мағыналық жағынан бірі екіншісіне меңгерілмей, теңдік қатынаста тұратын көсемше баяндауышты құрмаластарды салалас сөйлемге жатқызады.

Тіліміздегі құрмалас сөйлемдерді жан-жақты зерттеген ғалымның бірі – С. Аманжолов. С. Аманжоловтың «VI жылдық тіл кітабы» атты оқулығында құрмалас сөйлем сыйысқан құрмалас және қиысқан құрмалас сөйлем деп екі түрге бөлінген. Сыйысқан құрмалас сөйлем: «бірнеше сөйлем сыйысып бір сөйлем болса, немесе бірнеше бастауыш ортақтасып келсе, ондай сөйлемді сыйысқан сөйлем», деп танысса, «сөз құрылысы жағынан да, мағына жағынан да бір-бірімен үйлесімді болып, айыруға келмейтін болса, не бірнеше сөйлемдер бірігіп келсе, қиысулы құрмалас деп аталады... Қиысқан сөйлемнің екі түрі бар: кейде екі сөйлем бір-бірімен теңдесіп, кейде бірінен – бірі кем болып, теңдеспей айтылғандарды» (Аманжолов С., 1939:35) қиысқан құрмалас сөйлем деп қарастырады. Бұдан ғалымның берілген тұжырымы А. Байтұрсынның пікірімен үндес екенін байқауға болады. Ғалымның авторлығымен 1940 жылы шыққан «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы» қазақ тілінің құрмалас сөйлемдер жүйесі алғаш рет ғылыми тұрғыда зерделенді. Ғалымның аталған еңбегі – құрмалас сөйлемдерді зерттеудегі қомақты еңбектің бірі. Дегенмен уақыт өте ғылымның дамуы барысында қазіргі қазақ тілі тұрғысынан ғалымның кейбір тұжырымдары қолдау таппады. Дегенмен, бұл сын құрмалас сөйлемдерді зерттеу бір жүйеге түсе бастаған кезде айтылғанын ескеруіміз керек сияқты. Өйткені ғалымның берілген еңбегі құрмалас сөйлем синтаксисі енді ғана қаз-қаз тұра бастаған кезде жазылған алғашқы еңбектің бірі. Автордың жасаған тұжырымдары құрмалас сөйлемдерді зерттеулердегі алғашқы қадамдар. Сондықтан ғалымның кейбір пікірлері құрмалас

сөйлемдерді зерттеуге бастама, жолашар болғандығын естен шығармауымыз керек.

Бұл еңбектің де өзіндік кемшіліктері болған. Кезінде ол жайында С. Аманжолов өзі де кезінде айтқан болатын. Мәселен, 1956 жылы Алматыда өткен кеңесте ғалым құрмалас сөйлемнің «нұсқаулы бағыныңқылы» деген түрі, меніңше, сабақтас құрмалас сөйлемнің нормасына сәйкес келмейді» деп түзетулер енгізген. «Ғылыми курсында» сабақтас құрмалас сөйлемнің он сегіз түріне бөлінгенін айта келіп, «бұлардың үш-төртеуін, атап айтқанда, нұсқаулы, тақырыпты, арналыс, және баяндауыш бағыныңқылы дегендерді өз басым сәтсіз шыққан деп есептеймін», – дейді.

50-жылдардағы зерттеулерде ең алдымен «Қазіргі қазақ тіліндегі» (1954) Н. Сауранбаев жазған «Құрмалас сөйлемнің синтаксисін» бөлімін атау жөн. Бұл бөлім жоғары да сөз болған «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» (1948) очеркінің негізінде жазылған. Алайда автор кейбір мәселелерді қайтадан қарастырып, оларды басқаша түсіндірген. Мәселен, «очеркте» құрмалас сөйлемді жалпы үш салаға (іргелес, салалас, сабақтас) жіктесе, осы еңбегінде оны төртке бөледі (салалас, сабақтас, аралас құрмалас, үйірлі мүшелі құрмалас). Бұлайша бөлуден байқалатыны – егер «очеркте» іргелес құрмалас салалас сөйлемнен бөлек қарастырылса, мұнда ол салалас сөйлемнің бір түрі ретінде қоса баяндалады. Сондай-ақ «очеркте» сөз болған анықтауыш, толықтауыш бағыныңқылар бұл еңбекте үйірлі мүшелі сабақтастардың қатарында талданған.

Сабақтас құрмалас сөйлемдер компоненттерінің мағыналық қатынасына қарай жіктеуде Н. Сауранбаев С. Жиенбаевпен пікірлес. Ол С. Жиенбаев сияқты сабақтас сөйлемді сөйлем мүшесінің атымен атаған. Бірақ сабақтас сөйлемдерді топтастыруда пікірлес болғанымен, сабақтас сөйлемнің кейбіреулерін баяндаған кезде алшақтық кездеседі. Ол алшақтық – екі автордың үйірлі мүшені және оның сабақтас сөйлеммен қатынасын баяндауларында. Кейінгі еңбегі «Қазіргі қазақ тілінде» толықтауыш бағыныңқы, анықтауыш бағыныңқы деп есептеген сөйлемдер үйірлі мүше деп қарастырылған. Бірақ берілген еңбегінде С. Жиенбаев сияқты үйірлі мүшесі бар бағыныңқы сөйлемдерді үйірлі мүшелі сабақтастар деп қарастырады. Кейіннен 1956 жылы өткен кеңесте жасаған баяндамасында: «Категория придаточно-определятельных и придаточно-дополнительных предложений

можно отнести к развернутому члену» деп өз пікірін өзгерткен (Сауранбаев, 1958:202-206).

1940 жылы «Халық мұғалімі» журналында А. Ысқақовтың «Құрмалас сөйлем мәселелері» деген мақала жарияланды. Бұл мақалада құрмалас сөйлемдердің біраз мәселелері сөз болып, көпшілік қауымға пікір алысу ретінде ұсынылды. Онда құрмалас сөйлемге анықтама беріліп, құрмалас сөйлем компоненттерінің бастауышы жеке де, ортақ та болатындығы алғаш рет айтылып, салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдердің ара жігі ажыратылды. Автор сабақтас пен салалас құрмалас сөйлемдерді өзара ажыратуда негізгі критерий етіп екі жай сөйлемді байланыстырушы баяндауыш сөзінің тұлғасын басшылыққа алған. Осыдан келіп *Күн жауып, жер көгерді* тәріздес сөйлемдерді (С. Жиенбаев, Н. Сауранбаевтардың салалас деп ұғуына қарсы) сабақтас құрмалас деп түсіндіреді (Ысқақов, 1940: 65-72).

Автордың құрмалас сөйлемге қатысты көлемді мақаласының бірі – «Қазақ тіліндегі сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемнің даму жолдары туралы» атты мақаласы. Мұнда ғалым проф. А. Рифтиннің аққад тіліндегі құрмалас сөйлемнің дамуындағы екі жолдың (жай сөйлемдердің өзара салаласуы мен бір мүшенің күрделенуінен сөйлем шығу) қазақ тілінен де орын алатындығын айтады (Ысқақов, 1948:57-62).

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерге байланысты құнды пікір айтқан – М. Балақаев. Ол сабақтас құрмаластың құрамына енген жай сөйлемдер өзінің жай сөйлемдік қасиетін жоймайтындығын айтып, бағыныңқы сөйлемнің өзіндік белгілерін саралап берген. Бағыныңқы сөйлемге ғылыми тұрғыдан анықтама беріп, бағыныңқының баяндауыштары қандай тұлғада келетіндігін көптеген тілдік фактілермен дәлелдеген (Балақаев, 1959: 39-47.).

50 жылдардан бастап жоғарыда аты аталған тіл мамандарымен қатар құрмалас сөйлемнің мәселелерін зерттеуге Т. Қордабаев, О. Төлегенов, А. Әбілқабов, Қ. Есенов және Х. Арғыновтар сияқты ғалымдар араласа бастады.

Құрмалас сөйлемде зерттеуде Т. Қордабаевтың да еңбегі зор. Бұл салада оның көлемді еңбегі – жоғары оқу орындарына арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығындағы «Құрмалас сөйлем синтаксисі» бөлімі. Аталған еңбек Т. Қордабаевтың көп жылғы зерттеулерінің нәтижесі, қазақ тіл білімінің соңғы жетістіктері. Еңбек қазақ тіл білімі ғылымындағы және

түркологиядағы бұрын-соңғы құнды зерттеулер басшылыққа алынып жазылған. Ғылыми зерттеуде бұрынғы кездесіп жүрген кемшіліктерін ескеріліп, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің ара жігін дұрыс ажыратуға көңіл бөлінген. Мұның бір жағы үйірлі мүшелі сөйлемдермен тығыз байланысты екендігі ескерілгендіктен, ол автор тарапынан жай сөйлемге тән категория ретінде танылады.

60-жылдардан бастап ғалымдар құрмалас сөйлемнің жекелеген мәселелерімен де айналыса бастады. Мәселен, Қ. Есенов «Қазіргі қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқы сөйлемдер» тақырыбында диссертациялық жұмыс қорғап, аталған ғылыми еңбегінде қазақ тіліндегі шартты және қарсылықты бағыныңқылардың мағыналық ерекшеліктерін, олардың жасалу жолдарын жан-жақты сөз еткен.

Құрмалас сөйлемге, әсіресе, оның сабақтас сөйлем түріне қатысты кейбір мәселелер Қ. Есеновтің еңбегінде ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеліп зерделенген. Мұнда автор, негізінен, шартты, қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерді талдай отырып, сабақтас құрмаластың кейбір мәселелеріне (ыңғайлас, түсіндірмелі сабақтастар, сабақтас құрмаластың грамматикалық табиғаты) тоқталады.

Қазақ тілі құрмалас сөйлемнің зерттелу барысында 1956 жылы Алматы қаласында өткен түркі тілдеріндегі етістік түрі мен сабақтас сөйлем проблемаларына арналған координациялық кеңестің зор маңызы болды. Өйткені бұл кеңесте жалпы түркі тілдеріндегі сабақтас құрмалас сөйлемнің табиғаты әңгіме болумен қатар, осы мәселе жайында қазақ тілінің өзіндік заңдылықтары да қамтылған. Қазақ тілінің тілдік материалдары бойынша Н. Сауранбаев «Сабақтас құрмалас сөйлемді өзара байланыстыратын амалдар» тақырыбында баяндама жасаса, С. Аманжолов, М. Балақаев, Т. Қордабаев т.б ғалымдар сөз сөйледі.

Құрмалас сөйлемдерге қатысты мәселелерді шешу мақсатында 1958-1959 жылдар аралығында «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы ұйымдастырған құрмалас сөйлем жөніндегі дискуссиялық материалдар жарияланды. Бұл айтысқа Т. Қордабаевтың «Сабақтас құрмалас сөйлемнің өзіндік белгілері» атты мақаласы түрткі болды. Содан кейін осы мәселенің төңірегінде бірнеше ғалымдар өз пікірін ортаға салды. Олар: М. Балақаев, Т. Ерғалиев, О. Төлегенов, А. Әбілқабов, Ж. Болатов, М. Томапов және Қ. Есенов.

Құрмалас сөйлем жайында осы журналдағы айтыстың келесі бір ұшы 1960 жылы «Қазақстан мектебі» журналында қайтадан жандандырылды. Бұл журналда пікір алысу ретінде С. Қазыбаевтың «Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің ерекшеліктері туралы» мақаласы берілді.

Қорытынды

Құрмалас сөйлемдердің қазіргі синтаксистік құрылыстарына назар аударсақ, оның бұрынғыдан әлдеқайда жетілгенін, даму заңдылықтардан өткенін байқауға болады. Өйткені

құрмалас сөйлемнің қазіргі кездегі түрлері, оны ұйымдастыратын амал-тәсілдердің кейбір түрлері тарихи нұсқаларда кездеспейді. Тілдің синтаксистік құрылысының дамуында сөздердің немесе жеке сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын дәнекерлер пайда болып, содан кейін барып синтаксистік байланыстың жаңа түрі тумайды, керісінше, алдымен сол дәнекерлерді керек ететін мұқтаждық пайда болады да, сол мұқтаждықтың қажетінен барып әртүрлі байланыстырушы дәнекерлер бірте-бірте қалыптасады. Мұндай заңдылық тек қазақ тілінің табиғатына ғана тән емес, көптеген тілдердің даму сипаттарынан айқын байқалады.

Әдебиеттер тізімі

- Аманжолов С. VI жылдық тіл кітабы. – Алматы, 1939. –35 б.
 Аманжолов С., Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. II бөлім: Синтаксис. – Алматы: Қаз. Мемл. Баспасы, 1939. – 86 б.
 Балақаев М. Сабактас құрмалас сөйлемнің ерекшеліктері туралы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959. – № 2. – 39-47 бб.)
 Джафарзаде М. Об одном пути возникновения сложноподчиненных предложений в тюркских языках // Советская тюркология. – 1978. – № 4. – С. 13-17.
 Жиенбаев С. Синтаксис мәселелері. – Алматы, 1941. – 43 б.
 Жұбанов Қ. Қазақ тілінің програмы // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1999. – 581-595 бб.
 Катаринский В. Грамматика киргизского языка. – М., 1906. – 160 с.
 Кнабе Т.С. Еще раз о двух путях развития сложного предложения // Вопросы языкознания. – 1955. – № 1. – С. 108-116.
 Сауранбаев Н. Заключительное слово // Вопросы грамматики тюркских языков. – М., 1958. – С. 202-206.
 Сауранбаев Н. Құрмалас сөйлемдер және олардың даму жолдары // Академик Нығмет Сауранбаев еңбектері. – Алматы, 2000. –Т. 3. –281-309 бб.
 Ысқақов А. Қазақ тіліндегі сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемнің даму жолдары туралы // Известия АН КазССР. – 1948. –Вып.5. – 57-62 бб.
 Ысқақов А. Құрмалас сөйлем мәселелері // Халық мұғалімі. – 1940. – № 23-24. – 65-72 бб.

References

- Amanjolov S. VI jyldyq til kitaby. – Almaty, 1939. -35 b.
 Amanjolov S., Saýranbaev N. Qazaq tiliniń gramatikasy. II bólim: Sintaksis. – Almaty: Qaz. Meml. Baspasy, 1939. – 86 b.
 Balaqaev M. Sabaqtas qurmalas sólemniń erekshelikleri týraly // Qazaq tili men ádebieti. – 1959. – № 2. – 39-47 bb.)
 Djafarzade M. Ob odnom pýti vzniknovenia slojnopodchinennyh predlojeniı v túrskih ıazykah // Sovetskaja túrkologıa. – 1978. – № 4. – S. 13-17.
 Jienbaev S. Sintaksis máseleleri. – Almaty, 1941. – 43 b.
 Jubanov Q. Qazaq tiliniń programy // Qazaq tili jónindegi zertteýler. –Almaty: Ǵylym, 1999. – 581-595 bb.
 Katarinskiı V. Gramatika kirgizskogo ıazyka. – M., 1906. – 160 s.
 Knabe T.S. Eshe raz o dvýh pýtáh razvıtia slojnogo predlojenia // Voprosy ıazykoznanıa. – 1955. – № 1. – S. 108-116.
 Saýranbaev N. Qurmalas sólemder jáne olardıń damý joldary // Akademik Nyǵmet Saýranbaev eńbekteri. – Almaty, 2000. –Т. 3. –281-309 bb.
 Saýranbaev N. Zaključitelnoe slovo // Voprosy gramatiki túrskih ıazykov. – M., 1958. – S. 202-206.
 Ysqaqov A. Qazaq tilindegi sabaqtas qurmalastaǵy baǵynyńqy sólemniń damý joldary týraly // Izvestia AN Kazssr. – 1948. –Vyp.5. – 57-62 bb.
 Ysqaqov A. Qurmalas sólem máseleleri // Halyq muǵalimi. – 1940. – № 23-24. – 65-72 bb.

FTAMP 16.21.51

А.Б. Салқынбай , А.Х. Асенова* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: asenova.1997@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ НОҒАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Мақалада түркі тілдерінің классификациясы бойынша қыпшақ бұтағына кіретін қазақ және ноғай тілдері қарастырылды. Аталған тілдердегі ортақ атауларға лексика-семантикалық талдау жасалып, өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Тіл білімінің салыстырмалы-тарихи бағытының аясын кеңейту мақсатында қарастырылып отырған зерттеуіміз түбі бір түркі тілдерінің семантизация, этимология салалары үшін де зор маңызға ие. Тарихи даму барысында бір-бірімен тығыз байланыста болған ноғай-қазақ тілдерінің тілдік бірліктері арқылы грамматикалық, фонетикалық жүйелері ұқсас екенін байқаймыз. Тарихи эпостық жырлардың тіліндегі қару-жарақ атаулары, діни ұғымдар, мал атаулары, тұрмыстық бұйымдар атаулары, кейбір дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары секілді т.б. лексикалық қабаты бір-біріне жақындығын дәлелдеп отыр. Түрлі тарихи-экономикалық жағдайлар мен аумақтық қашықтық әсерінен бүгінде тілдердің бір-бірінен алыстап кеткендігі белгілі. Тіпті өзге туыс емес тілдердің ерекшеліктерін бойына қабылдап алғанын да зерттеулер көрсетіп отыр. Алайда түбі бір түркілік тілдердің табиғаты өзінің негізін сақтап қалған. Осы негіздік белгілер бізге ғылыми зерттеулерге жол ашады. Ұқсас тілдердегі ортақ сөздер арқылы тілдер табиғаты ашылып, қойнауындағы жасырын тілдік ақпараттар арқылы бүгінгі тіл саласының қорын байыта аламыз.

Түйін сөздер: түркі тілдері, ноғай тілі, түркілік бірліктер, семантизация, салыстырмалы әдіс, лексика-семантикалық тәсіл, т.б.

A.B. Salkynbay, A.Kh. Assenova*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: asenova.1997@mail.ru

Common features in Kazakh and Nogai languages

The article considered the Kazakh and Nogai languages included in the Kipchak branch according to the classification of Turkic languages. A lexical and semantic analysis of common names in these languages was carried out and their own features were identified. In order to expand the scope of the comparative-historical direction of linguistics, our research is of great importance for the areas of semantics and etymology of Turkic languages. We note that the Nogai-Kazakh languages, which have been closely related to each other in the course of historical development, have similar grammatical and phonetic systems through language units. The lexical layer in the language of historical epic songs, such as the names of weapons, religious concepts, animal names, household items, some traditions and customs, etc., proves their proximity to each other. Today, under the influence of various historical and economic conditions and territorial distances, it is known that languages have moved away from each other. Studies have shown that they even adopted the features of other non-related languages. However, the nature of the Turkic languages with a single bottom has retained its foundation. These fundamental traits open us up to scientific research. Through common words in similar languages, the nature of languages is revealed, and through hidden language information in the depths, we can enrich the resources of today's language industry.

Keywords: Turkic languages, Nogai language, Turkic units, semantics, comparative method, lexical and semantic approach, etc.

A.B. Salkynbay, A.Kh. Assenova*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

e-mail: asenova.1997@mail.ru

Общие черты казахского и ногайского языков

В статье рассмотрены казахский и ногайский языки, входящие в кыпчакскую ветвь по классификации тюркских языков. Проведен лексико-семантический анализ общих названий в данных языках, выявлены специфические особенности. В целях расширения сфе-

ры сравнительно-исторического направления языкознания рассматриваемое исследование имеет большое значение и для областей семантизации, этимологии тюркских языков. В ходе исторического развития мы видим, что ногайско-казахские языки имеют схожие грамматические, фонетические системы через языковые единицы. Лексический слой исторических эпических псалмов, таких как названия оружия, религиозные понятия, названия животных, наименования предметов быта, некоторые традиции и обычаи и т.д., доказывает близость друг к другу. Под влиянием различных историко-экономических условий и территориальной дистанции сегодня известно, что языки отошли друг от друга. Исследования показывают, что даже другие неродственные языки приобрели специфику. Однако природа тюркских языков сохранила свою основу. Эти фундаментальные признаки открывают нам путь к научным исследованиям. С помощью общих слов в похожих языках мы можем раскрыть природу языков и обогатить запасы современной языковой отрасли скрытой языковой информацией.

Ключевые слова тюркские языки, ногайский язык, тюркские единицы, семантизация, сравнительный метод, лексико-семантический подход и др.

Кіріспе

Түркі тілдері – тарихы терең, сан қатпарлы. Олардың қалыптасуында көне түркі кезеңіндегі ұлыстардың, этникалық бірлестіктердің бір-біріне тигізген ықпалы зор. Түркі тілдерінің қалыптасуы мен дамуының күрделі болу себебі – түркі тайпалары бірде қосылып тайпалық бірлестік құрса, бірде басқа мемлекеттер құрамында өмір сүрді. Осы себепті түркі тілдерін классификациялау оңайға соқпаған. Көптеген түрколог ғалымдар өзіндік зерттеулер жүргізе отырып, түрлі топтар мен топшаларға жіктегені белгілі. Осындай жіктелімдер арасынан біз ғалым Н. Баскаковты негізге аламыз. Ғалымның классификациясы бойынша қыпшақ бұтағына кіретін қазақ және ноғай тілдері зерттеуіміздің нысанына алынды.

Қазақтың әдеби тілі сонау көне түркі кезеңіндегі тілдік мұралар негізінде қалыптасты. Уақыт өте келе түрлі тарихи оқиғалар әсерінен дамудың ұзақ үрдісін басынан өткерді. Тарихи қалыптасу барысында фольклорлық туындыларынан, эпостық шығармаларынан, жыраулық поэзиясынан біз ноғай тіліне тән ерекшеліктерді байқай аламыз.

Біз қарастырып отырған ноғай тілі мен қазақ тілі – XVII ғасырға дейін этникалық байланыста болған, кейбір тарихи-саяси жүйесі мен мәдени мұралары ортақ этностар.

Екі этностың тілдік мұраларының түбі бір екенін тілдік материалдары көрсетіп отыр. Осы әдеби және тілдік мұралар негізінде біз бүгінгі екі тілдің жай-күйіне, ортақ ерекшелігіне баға береміз. Ноғай және қазақ тілдерінің арасындағы тілдің кумулятивті қызметі арқылы көрініс беретін ортақ жалғастықтар мен ұқсастықтарды зерттеу арқылы қазіргі қазақ тіл білімінің қалыптасуындағы рөлін айқындай аламыз.

Түбі бір түркі тілдерін салыстырмалы талдау әдісі арқылы тілдің даму динамикасын айқындап, бұл бағыттағы зерттеулердің аясын кеңейтеміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қыпшақ бұтағынан тараған қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ ерекшеліктерді зерделеу барысында ноғай тіліне байланысты және эпостық жырларының лексикалық табиғаты туралы ғылыми зерттеу еңбектердің теориялық қағидаттары мен әдіс-тәсілдері негіз ретінде алынды. Түркітанушы Н.А. Баскаковтың «Ногайский язык и его диалекты» еңбегі, И.М. Сикалиевтың «Ногайский героический эпос» атты монографиясы, Ноғайлы дәуірі жырларының тілі туралы Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағы, Қ.Өмірәлиевтің «Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер» еңбегі, М.Томановтың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», Ә.Құрышжановтың «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері», Р.Сыздықтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», А.Салқынбайдың «Қазіргі қазақ тіліндегі -у тұлғалы қимыл есімінің семантикасы мен функциясы» атты кандидаттық диссертациясы, Б.Момынованың «Қазақ әдеби тілі тарихын зерттеу жүйесі» еңбектері, ғылыми зерттеу жұмыстары мен түрлі сөздіктер пайдаланылды. Екі тілге тән ортақ тілдік бірліктерге талдау жасауда жинақтау, семантикалық талдау, салыстыру, тарихи-генетикалық талдау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Тарихқа көз жүгіртсек Алтын Орда хандығы ыдырап, Ақ Орда әлсірей бастағанда Еділ мен Жайықтың арасында Ноғай ордасы құрылғаны

белгілі. Ғалым Ш. Уәлиханов Қазақ хандығы мен Ноғай ордасын «бауырлас орда» деп жазғаны бекер емес. Қазақ әдебиетінің кезінде «ноғайлы дәуірінің әдебиеті» деп аталып келіп бүгінде әдеби мұраларымыздың қойнауына етене еніп кеткен «Ер Сайын», «Едіге», «Ер Шора», «Ер Жабай», «Орақ-Мамай» тарихи жырлары – XIV-XVI ғасырдың фольклорлық туындылары, ноғайлы дәуірінің алтын мұралары.

Түркітануда әйгілі Баскаков классификациясы бойынша қыпшақ-ноғай бұтағына енетін қазақ және ноғай тілдері арасындағы тарихи байланыстың нәтижесінде ноғай тіліне тән көптеген тілдік бірліктер біздің тілімізге сіңіп кеткенін байқауға болады.

Ғалым Б. Момынова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» еңбегінде былай дейді: «Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады, көне қыпшақ тілінің бүгінге жеткен «көзі» саналады, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерімен бірлесе отырып, қыпшақ-ноғай шағын тобын құрайды» (Момынова, 2011: 43).

Қыпшақ-ноғай бұтағына кіретін тілдердің ұлттық мұралары бір-біріне ұқсас, себебі түбі бір түркілік мұралар болатын. Тіпті қазақ әдебиетінің ерекше дәуірінің бірі – жыраулық дәуір. Осы кезеңнің алтын қорын құрайтын жыраулар да ноғайлы елінің тұлғалары. Ол туралы ғалымдар зерттеулері дәлел. Қазтуған, Шалкиіз, Асан қайғы, Доспамбет жырау секілді жырдың саңлақтары ноғайлық үлгіде жырлаған.

Ноғайлы дәуіріне жататын әдеби мұралар қатарына ғалым Ш. Уәлиханов жыраулар поэзиясының өкілдерін кіргізе отырып мынадай ой айтқан: «Әз – Жәнібек, Жиренше шешен, Асан қайғы туындарын ноғайлы-қазақ дәуірінде туған, әрі өлең – жырдың алтын дәуірі» деп баға берген (Валиханов, 1961: 86).

Шындығында тілімізде ноғайлы кезеңі деп қарастырылатын тарихи жырлардың тілдік табиғаты ғалымдар тарапынан зерттелді. Тарихи жырлардағы тілдік ерекшеліктер айқандалып, талдау жасалды. Осы көштің басында ғалым Р. Сыздық зерттеулерінің маңызы зор. Академик Р.Сыздық жыраулар поэзиясы тіліндегі лексемаларды іріктей келе кейбір қолданыстардың қазақ тіліне бейтаныс, мағынасы күңгірттігін байқаған. Қазтуғанның «Салп-салпыншақ ана үш өзені», Шалкиіздің «Күліктен бек ұнармын» секілді т.б. сөздерді мысал кетіре отырып, ноғай тіліне тән ерекшеліктер болуы мүмкін екендігін айтқан.

Ноғайлы дәуіріндегі мұндай ерекшеліктерді алғаш рет ғалым Қ.Өмірәлиев өзінің «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» атты зерттеуінде ноғай ордасынан келген ру-тайпалар арқылы біздің тілімізге енгендігін жазған (Өмірәлиев, 2010: 85-87).

Ноғай-қазақ тілдерінің ұқсастықтарын айқындап көрсету үшін И.М. Сикалиевтің «Ногайский героический эпос» монографиясын негізге ала отырып ноғай халқының эпостық жыры «Едіге» негізінде тілдік талдаулар жасалды (Сикалиев, 1994: 243)

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Тарихи, экономикалық жағдайлар және орналасуындағы алшақтық салдарынан туыстас тілдердің арасындағы тілдік айырмашылықтар көбейгенін байқаймыз. Бүгінде ноғай тілі Астрахан аймағы, Ставрополь, Дағыстан, Черкес облыстарында мекен етеді. Кейбір грамматикалық ерекшеліктері қарақалпақ тіліне ұқсас әрі қазақ тіліне де жақын. Ноғай-қазақ арасындағы байланыс тарихтағы қазақ-жоңғар шапқыншылығын тұсында ажыраған.

Ноғай тілін зерттеу XIX ғасырдың басында қолға алына бастады. Күні бүгінге дейін түркітанушы, тілші ғалымдар тарапынан біршама зерттеулер жүргізілді. Осы көштің басында 300-ден астам ғылыми еңбектердің авторы түрколог-ғалым Н. Баскаков тұрады.

Ғалым Н.Баскаков өз зерттеулерінде ноғай диалектілерін үшке бөліп қарастырған:

1. Ақ ноғай диалектісі;
2. Қара ноғай диалектісі;
3. Ноғай диалектісі.

Ақ ноғай диалектісін Қарашай-Черкес аймағын мекендейтін кубань ноғайлары қолданады. Ал қара ноғай диалектісі болса Қараноғай өлкесінде тұратын ноғайларға тән. Ноғай диалектісінде Ащықұдақ, Қоясулы өлкелерінде тұратын халықтар сөйлейді.

Түркі тілдерін қолданылуын тарихына қарай ғалым Ә. Құрышжанов «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» зерттеуінде екі түрге бөледі: өлі және тірі тілдер. Өлі тілдер белгілі бір кезеңдерде ғана кмір сүріп, қолданыстан шыға бастаған тілдер деп атаған. Ноғай тілін өлі тілдер қатарына жатқызып, жалпы саны – 41 мың деп көрсеткен (Құрышжанов, 1964: 12).

Ноғай тілінің мемлекеттік тіл деңгейінде болғандығын Ноғай Ордасындағы дипломатиялық келіссөздердің осы тілмен жүргізілгенін ресми құжаттар дәлелдейді. Өз тарихында ноғай тілі де үш түрлі жазу жүйесін басынан өткерген. XVIII ғасырдан бастап 1928 жылға дейін араб графикасында одан латын жазуы, 1938 жылдан бастап орыс кириллицасын қабылдады. Қазіргі ноғай тілінде орыстың 33 әрібінен және 4 арнайы әріптен тұратын төмендегідей нұсқада қолданылып жүр:

Аа, Аь аь, Бб, Вв, Гг, Дд, Ее, Ёё, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Лл, Мм, Нн, Нь нь, Оо, Оь оь, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Уь уь, Фф, Хх, Цц, Чч, Шш, Щщ, Ъь, Ыы, Ьь, Ээ, Юю, Яя.

Ғалым М.Томанов «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінде ноғай тілдеріндегі дауысты дыбыстар санын 11 екенін көрсетеді және кейбір дауысты дыбыстарының өзіндік ерекшеліктерін сипаттаған. Мәселен: ноғай тілінде жартылай ашық э дыбысымен қатар шығыс тілдерінен енген сөздермен келген *аь* дыбысы қолданылатынын айтқан. Басқа түркі тілдеріне қарағанда ноғай тілінде акустикалық жағынан ерекше *ө-у-и* дыбыстары дифтонгоид екенін дәлелдеп көрсеткен (Томанов, 1992:16-25).

Көптеген ғалымдар ноғай тілі үшін кирилл жазуы ыңғайлы еместігін, тіпті кей төл дыбыстарын дұрыс қолдана алмай жатқандығын айтады. Мәселен, ноғай тілінде *сәуле* сөзін «*саьвле*» деп жазып жүр. Осы секілді тілдік бірліктерді көптеп мысал келтіруге болады.

Фонетикалық жүйесінде қазақ тіліне ұқсас жерлерінің бірі осы әліпби тарихы деуге болады. Дегенмен қазақ тіліне қарағанда ноғай әдеби тілінің әліпбиі біршама жеңілдетілген. Қазақ-ноғай тілдерінің лексикалық табиғаты – кірме сөздердің көптігімен ерекшеленеді. Бұл әрине ұзақ жылдар бойы Кеңестік кезеңнің тигізген әсері болатын.

Ноғай тілінің кірме сөздері қазақ тілі секілді екі түрлі жағдайға байланысты қалыптасқан: бірі – ислам дінінің әсерінен араб-парсы тілінен енген кірме сөздер болса, екіншісі – орыс тілінен енген кірме сөздер.

Араб-парсы тіліне енген кірме сөздерді екі үлкен лексика-семантикалық топқа бөле аламыз:

1) құлшылық жасауға байланысты: *Алла, арам, иман т.б.*

2) уақыт өте мағынасы өзгерген кірме тілдік бірліктер: *адам, хат, сабыр т.б.*

Бүгінгі ғылыми зерттеулер ноғай әдеби тілін

кубань диалектілері мен қара ноғай диалектілері негізінде қалыптасқанын дәлелдеп отыр. Диалектілік қабаты бойынша құмық, қарашай және черкес тілдерінің ықпалы зор болған.

Ноғай тілінің лингвистикалық ерекшеліктері бойынша қыпшақ бұтағына жататын қазақ, қарақалпақ, өзбек тілі мен қырым татарларына өте жақын.

Қазақ-ноғай тілдеріне ортақ тағы бір ұқсастық – қос тілдің фольклорлық туындылары оның ішінде мақал-мәтелдер мен өлеңдері және батырлық жырлары.

Мақал-мәтел – кез-келген ұлттық мәдени болмысын ашатын, тілінің шұрай мен терең қатпарлы иірімдерін танытатын бірлік. Тоқсау ауыз сөздің тобықтай түйінін білдіріп, ұлттың болмысы мен таным-түсінігінен сыр шертетін құндылық. Ө.Қайдарша айтсақ этнос болмысы мен тіл әлемін танытатын арна. Қазақ-ноғай тілдері мақал-мәтелдер әлеміне бай, паремиологиялық қоры мол тілдер саналады. Ноғай тілі мен қазақ тілінің мақал-мәтелдері ұқсас, мәндес. Төменде мысал келтіріп көрелік (Баскаков, 1940: 150-160):

*Аш къадырын токъ билмес
Авру къадырын сав билмес.*

Аш бала тоқ баламен ойнамайды немесе Аш қадірін тоқ білмес

*Адамнын коьркуь опракъ
Теректин коьркуь йапракъ.
Агаиш көркі – жапырақ,
Адам көркі – шүберек.*

*Тав тавгъа жолукъпас
Адам адамгъа жолугъур*

*Атадан ул тувса ийги
Ата йолын куьвса ийги*

*Тау тауга жолықпас,
Адам адамға жолығар*

*Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.*

Демек қос тілдің арасындағы байланыс бар екені олардың түпкі шығу тегінің бір болуымен және тарихи-мәдени байланыстар нәтижесі екенін ұқтық. Енді осы байланысты көрсетуші лексемалар мен тілдік бірліктерді эпостық туындылары арқылы да көрсетуге болады.

Ноғай халқының танымал эпостық туындылары – «Орак-Мамай», «Эр Косай», «Эр Шобан», «Эр Тарғын», «Адил Солтан», «Шора батыр», «Камбар» және т.б.

Түркі тектес халықтардың біразына, соның ішінде ноғай халқына да тән болған тарихи эпостардың бірі – Едіге батыр жыры. Едіге – ел билеуші, батыр, өмірде болған адам. Ол Тоқтамыс занның, Ақсақ Темірдің заманында ғұмыр кешкен. Тарихта атын қалдырған ісі – Алтын Орда мемлекетін қайта қалпына келтіруі еді. Едіге батыр тарихта Мәскеуге екі рет жорық ашқаны мәлім. Осы себептен де орыс үкіметі жырды, батырды сынға алды, көнені дәріптеушілік, басқындықты жақтау бар деп тыйым да салған болатын. Жыр туралы әдеби ғылыми щерттеулер баршылық. Алайда тілдік табиғатына арналған зерттеулер некен-саяк.

«Едіге» жыры – қазақ, ноғай, қарақалпақ, өзбек, татар, түрікмен халықтарына ортақ жыр саналады. Оның ұзын саны 50-ге жуық нұсқасы таралған.

Ноғайдың тарихи жыры «Едіге» жырындағы лексикалық бірліктерді бірнеше тақырыптық топтарға бөліп қарастыра аламыз:

1. Кісі атаулары: *Нурадин мырза, Эдиге, Тоқтамыс, Шахтемир, Кабарты Алып, Янбай, Кенегес улы Кер-Янбай, Манька йырав, Кубугул т.б.*

2. Діни лексема: *Кудай, Аллах, аьжел, дунья, Куьдиретли китап, Куфуалла, хайыр т.б.*

3. Ру-тайпа аттары: *казак, ногай, калмак, татар, маньгыт т.б.*

4. Саяси лексика: *мырза, хан, ханым, бийлер, алтын так, аьскер куьзетишлер, согыс, таксыр т.б.*

5. Жер-су атаулары: *Эзешик, Боз эшик, Эдил, Теним, Киев, Сыбыра, т.б.*

6. Тұрмыстық лексика: *юмырканъ, ямгыр, заман, сабан той, юрт, келин, хатын, нагаша, шал, карт, аьвлет т.б.*

7. Қару-жарақ атаулары: *қалқан, ер, садақ, темир сувлык т.б.*

8. Мал, жан-жануар атаулары: *құралай, сұңқар, тұлпар, аргымак, бие, боз бие, тай, тайлак, тана, сыйыр, ябагы, атан, кой, токлым, кара нар, кулын, ат т.б.*

Байқағанымыздай, тарихи жырдың тілдік қабатынан ноғай халқының өмірімен тығыз байланысты бірнеше лексика-семантикалық тақырыптық топтарға бөле отырып қарастыра отырып зерттеу жүргізе аламыз. Ноғайлы дәуірі жырларын толық қарастыра отырып мұндай

тақырыптық топтардың саны арттыра беруге болады.

Қазақ-ноғай тілдері арасындағы байланысты лексикалық қабатын қарастыру арқылы көптеген ақпаратқа көз жеткізуге болады. Н.Баскаков редакциялығымен 1963 жылы «Ноғайшарысша» сөздік жарық көрді. Сөздік бойынша ноғай тіліне тән тілдік бірліктерге қазақ тілімен салыстыра отырып, семантикалық тұрғыдан талдау жасау арқылы тіл табиғатына етене жақындай түсеміз. Екі тілдегі семантикалық ерекшеліктерді біз мынадай топтарға бөліп қарастырғанды жөн көрдік:

1) Бірдей қолданылатын сөздер: *абысын, абыз, бек, бел, берекет, кеш, кие, тамаша т.б.* Бұл топқа жататын сөздер екі тілде де формасы да мағынасы да бірдей, еш өзгеріске ұшырамаған. Тек кейбір лексикалық бірліктердің қосымша тағы да мағынасы бар. Мысалы: *кеш* сөзінің үш түрлі семасы көрсетілген: 1. Вечер; кеш болды – наступил вечер; 2. Поздно; кеш келдинь ты пришел поздно; 3. Ночь; бу кеше уйкамадым – в эту ночь я не спала (Ногайско-русский словарь, 1963: 164). *Кеш* сөзі ноғай тілінде *түн* мағынасын да беріп тұр.

2) Фонетикалық өзгерістерге ұшыраған бірақ мағынасы бірдей сөздер: *ава (ауа), аваскер (ауесқой не ауескер), абрай (абырой), белбав (белбеу), белгилев (белгілеу), белдеме (белдемше), кешируьв (кешіру), киев (күйеу), кийиз (киіз), кийик (киік), кийим (киім), пысылдав (пысылдау), талкан (талқан), тамак (тамақ), талпынув (талпыну), туьйме (түйме), туькирик (түкірік), туьйнек (түйнек), туьйрегиш (түйрегіш), ыт (бұт) т.б.*

3) Әр түрлі мағынада қолданылатын сөздер: *пыслак (сыр), пускыи (пар-жұп), пыхы (сәбіз-морковь), талгын (орта температура, жылы), там (дақ, кір, пятно), тамакша (подбородок), туьй (тары-пшено) т.б.*

Мәселен, ноғай тіліндегі *берилуьв* сөзінің семантикалық дамуын талдап көрелік. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде *берілу* сөзінің үш түрлі мағынасы көрсетілген:

1. Ұстатылу, ұсынылу, әперілу.

2. Тиесілі болу, аусуы, көшу.

3. Ауыспалы мағынада – бас ию, бағыну (ҚӘТС, 2011: 156).

Ноғай тілінде *берилуьв* сөзінің бес түрлі семасы бар:

1. Даваться, выдаваться;

2. Сдаваться;

3. Увлечаться чем-л., *шахмат ойынға берилуьв.*

4. Придаваться, уделяться; *бу куллыкка коьп эс берилди* – этой работе придали большое значение;

5. *Ызын берилди* дано разрешение (Ногайско-русский словарь, 1963: 77).

Байқағанымыздай *берілу* сөзі *ойынға берілу, мән берілу, рұқсат берілу, соғыста берілу, тартыста берілу, мүмкіндік берілуі, бір іске берілу, кеңес берілуі т.б* сөздермен тіркесіп келіп барлық жағынан тең бола отырып, басыңқылық қызмет атқарып, семантикалық валенттілік қатарын құрай алады.

Ғалым А.Салқынбай сөздің белгілі бір мағынасының потенциалды мүмкіндігі мен екінші сөздің мағынасының байланысу мүмкіндігінің сәйкестігін, шектестігін, мазмұндастығын семантикалық валенттілік деп атап, валенттіліктің екі түрін: синтаксистік және семантикалық көрсеткен (Салқынбай, 1991: 106).

Ноғай тілінің тек фонетикалық не лексикалық қабаты ғана емес морфологиялық, синтаксистік өзгешеліктері де көп. Сөздердің құрамы, сөз қалыптастырушы қосымшалар тақырыбы, сөз таптарындағы ерекшеліктері арнайы зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

Ноғай тіліндегі жіктеу есімдіктерінің де дыбысталуы өзгеше, түрлі фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Мәселен, *мен – мага – меним; биз – бизим, биьзе* түрінде қолданылады. «Едіге» батыр туралы жырда да осындай қолданыстар көптеп кездеседі. Бұл туралы ғалым Р. Сыздық өз зерттеуінде былай дейді: «Біздіңше, XV-XVI ғасырлардағы ноғайлы-қазақ жырлары тілінде *бізің, бізім, менім, не білейім* деген ноғайлық тұлғалардың болуы – заңды. Тіпті бұлар қазақтың сол тұстағы сөйлеу тілінде де бар болуы ықтимал, себебі менің, біздің деген осы күнгі қазақтың нормалардың бірден қалыптасуы мүмкін емес» (Сыздық, 1993: 74).

Басқа түркі тілдеріне қарағанда ноғай тілі – ең аз зерттелген түркілік тіл боп саналады. Алайда ноғай тілі мен қазақ тілі арасында ұқсастықтар мен ашылмаған сырлар өте көп.

Қорытынды

Қорыта келе, тілімізді зерттеудің бір бағыты – туыстас тілдерге салыстырмалы зерт-

теу жасау арқылы қазақ тіл білімінің ауқымын кеңейтіп, түркілік тілдер тарихына үңілу. Қазақ лексикологиясының этимология, көне сөздері, кірме сөздері бөліктерін қарастыра отырып сол тілдің тереңіне, сөздік құрамына бойлай аламыз.

Сөз – ұлттың болмысы мен танымы туралы ақпарат беретін тілдің динамикалы даму процесінің жемісі. Тіл қаншалықты дамыса, өзге тілдермен байланыс жасаса оның ауқымы кеңейіп, беріктігі нығая түспек. Кез-келген тілдің әлеуетін айқындап беретін оның сөздік қоржыны, тілдік бірліктері. Тілдік бірліктің ерекшелігін анықтау үшін әрине тарихына, шығу тегіне мән бересіз.

Түркі тілдері – күрделі де бұғанасы берік тілдер. Оның даму тарихы өте ежелден бастау алады. Түркі тілдерінің генеологиялық классификасы бізге тілдерді жүйелі меңгеруге, туыс тілдер мен туыс емес тілдердің аражігін ашып салыстырмалы не салғастырмалы зерттеулер жасауымызға көмектеседі.

Ноғай тіліне байланысты зерттеулердің орталығы ретінде – Махачқала мен Черкесс қалалары саналады. Бірақ ноғай тілінің орнына көп жерде орыс тілі қызмет атқарып жүр. Көптеген іс-шараларда, ресми кездесулер мен газет, радио, телехабарлар ноғай тілін тарату үшін ат салысқанымен күші әлсіз. Бүгінде тілді дамыту үшін арнайы ғылыми орталықтар жұмыс жасайды дегенмен әлі де үлкен күш, еңбек керек.

Аймақтық таралуы бойынша ноғай тілінің жақсы таралған аймағы – Дағыстан. Өлкедегі білім ошақтары ноғай тілін үйретумен, меңгертумен айналысады. Дегенмен де кей бастауыш мектептерінде ноғай тілі оқытылмайды.

Ноғай тілінің бүгінгі маңызды мәселелерінің бірі – тілдің ассимиляция мәселесі. Ноғайлар өз ішінде ана тілінде сөйлеспеуі тілдің тек күнделікті тұрмыстық деңгейде ғана қолданылатыны тілдің болашағына қауіп төндіріп тұр.

Ноғай тілінің тарихи жырлары мен фольклорлық қоры арқылы өзіндік қалыптасқан тілдік жүйесі бар, қазақ тіліне ұқсастығын айқындадық.

Түбі бір түркі халықтарының сөз әлемінде салыстырмалы зерттеулердің негізінде ноғай тілінің өзіндік даму жолы қалыптасқан, лексикалық қоры бай, тарихи қатпарлы, әлі де зерттеуді қажет ететін тілдердің бірі екенін байқатты.

Әдебиеттер

- Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты: Грамматика, тексты и словарь / Н.А. Баскаков; Отв. ред. Проф. Н.К. Дмитриев; Институт языка и письменности АН СССР. – Москва: Издательство Академии наук СССР, 1940. – с. 272.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы, 1961. – Т.1. – С. 218.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст.: Б. Сүйерқұлова, Т.Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- Құрышжанов Ә. Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері: көмекші құрал / Ә. Құрышжанов; Қаз. ССР жоғары және арнаулы білім м-гі. – Алматы: 1964. – 127 б.
- Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 283 б.
- Ногайско-русский словарь. / под редакцией Н.А. Баскакова. – Москва, 1963. – 494 с.
- Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 656 б.
- Салқынбай А. Қазіргі қазақ тіліндегі -у тұлғалы қимыл есімінің семантикасы мен функциясы: фил.ғыл.канд. ... дим. – Алматы, 1991. – 169 б.
- Сикалиев И.М. Ногайский героический эпос. – Черкесск: Кчиги, 1994, 328 с.
- Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004.
- Томанов М.Т. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: оқу құралы / М. Т. Томанов. – Алматы: ҚазМУҰ, 1992. – 190 б.

References

- Baskakov N.A. (1940) Nogaiskii iazyk i ego dialekty: Grammatika, teksty i slovar / N.A. Baskakov; Otv. red. Prof. N.K. Dmitriev; Institut yazyka i pismennosti AN SSSR. – Moskva: Izdatelstvo Akademii naúk SSSR, – s. 272.
- Valihanov Ch.Ch. (1961) Sbranie sochinenii v piati tomah. – Almaty, – T.1. – S. 218.
- Qazaq ádebi tiliniń sózdigii. (2011) On bes tomdyq. 3-tom. / Qurast.: B. Súierqulova, T.Januzaq, O.Jubaeva jáne t.b. – Almaty, – 744 b.
- Quryshjanov Á. (1964) Orhon-Enisei jazýy eskertkishteriniń zerttelý tarihy men grammatikalıq ocherkteri: kómekshi qural / Á. Quryshjanov; Qaz. SSR joǵary jáne arnaýly bilim m-gi. – Almaty. – 127 b.
- Momynova B. (2011) Qazaq ádebi tiliniń tarihy: oqýlyq. – Almaty: Qazaq ýniversiteti. – 283 b.
- Nogaisko-rýsskii slovar. (1963) / pod redaktsiei N.A. Baskakova. – Moskva. – 494 s.
- Ómiráliev Q. (2010) Kóne túrki ádebi eskertkishteri týraly zertteýler. – Almaty: «Arys» baspasy. – 656 b.
- Salqynbai A. (1991) Qazirgi qazaq tilindegi -ý tulǵaly qimyl esiminiń semnatikasy men fýnktuasy: fil.ǵyl.kand. ... dim. – Almaty. – 169 b.
- Sikaliev I.M. (1994) Nogaiskii geroicheskii epos. – Cherkessk: Kchigi, 328 s.
- Syzdyq R. (2004) Qazaq ádebi tiliniń tarihy. – Almaty: Arys, 368.
- Tomanov M.T. (1992) Túrki tilderiniń salystyrmaly grammatikasy: oqý quraly / M. T. Tomanov. – Almaty: QazMUÝ. – 190 b.

FTAMP 16.21.65

Э. Д. Сулейменова , **У.Е. Мусабекова*** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби, Қазақстан, Алматы

*e-mail: u.mussabekova@mail.ru

ТҮРКІ АТАУЛАРЫНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫ: ҚАЗІРГІ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ОРТОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ

Бұл мақалада аз уақыт ішінде біріздендіру мен стандарттауды қажет ететін қазақ географиялық атаулары мен олардың орыс тіліндегі туындыларының нормалану мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар авторлар Қазақстанның географиялық атаулары мен олардың туындыларының **ортологиялық анықтамалық сөздігін жасаудағы тәжірибесін сипаттайды**.

Кілт сөздер: ортология, географиялық атаулар, туындылар, норма, біріздендіру, стандарттау

E. D. Suleimenova, U.E. Mussabekova*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: u.mussabekova@mail.ru

Derivatives of Turkic Names: Orthological Adaptation in Modern Russian

This article discusses the issues of standardization of Kazakh geographical names and their Russian-language derivatives, which require unification and standardization in a short time. In addition, the authors describe their experience in creating an orthopedic dictionary of geographical names of Kazakhstan and their derivatives.

Key words: orthology, geographical names, derivatives, norm, unification, standardization.

Э. Д. Сулейменова, У. Е. Мусабекова*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы

*e-mail: u.mussabekova@mail.ru

Производные тюркских наименований: ортологическая адаптация в современном русском языке

В данной статье рассматриваются вопросы стандартизации казахских географических названий и их русскоязычных производных, которые требуют унификации и стандартизации в короткие сроки. Кроме того, авторы описывают свой опыт создания ортологического словаря географических названий Казахстана и их производных.

Ключевые слова: ортология, географические названия, производные, норма, унификация, стандартизация.

Кіріспе

Біз зерттеуімізде орыс тіліндегі қазақ отонимдік атауларының грамматикалық бейімделу мәселелерін және қазіргі ортологияда қалыптасқан жағдайды көрсетуге, кемшін тұстарын анықтауға, осы өзекті мәселені терең әрі кең қалыпта қарастырудың маңыздылығын көрсеткіміз келеді. Мемлекеттік тіл құрылысы тілдің ең маңызды категориясы – нормадан басталады, сондықтан ұлттық тілді нормалау, оның дыбыстық және жазбаша түрлерін бір стандартқа әкелу – жалпыға бірдей және сөзсіз

жүзеге асырылуы тиіс шара, бұл – қоғамның тіл мәдениетін көтеретін стратегияның бұлжымас шарты.

Сонымен қатар, бүкіл посткеңестік кеңістіктегі жекелеген мемлекеттердің ономастикасындағы қарқынды да ауқымды өзгерістер әлі күнге дейін еш лексикографиялық басымда көрініс таппады, бұл, өз кезегінде, аудармашылардың жұмысында, БАҚ, кедендік және миграциялық бақылау қызметтерінде қиындықтар туғызады.

Сонау 1956 ж жалпыға ортақ ережелер жинағы ретінде бекітілген «Орыс тілінің емле

және тыныс белгілері ережелері» қазіргі таңда қоғамдағы және қоғамдық санадағы түбегейлі өзгерістердің өзіндік айнасы болып табылатын жаңа ұлттық онимдерді біріздендіру мен стандарттауға қатысты көптеген емле мәселелерінде дәрменсіз болып тұр. Жаңа сөздерді жазудағы емле ережелерін реттейтін тәртіптерді әзірлеу үшін XX-XXI ғасырлар тоғысындағы ТМД елдеріндегі тілдік және сөйлеу жағдаяттардағы жаһандық өзгерістерді және онымен байланысты жазу тәжірибесіндегі заманауи үрдістерді ескеру қажет.

Орыс тіліндегі қазақ отонимдік атауларының грамматикалық бейімделу мәселелерін зерттеу қазіргі ортологиядағы қалыптасқан жағдайды көрсетеді: онимдік және отонимдік лексиканың жазылуын қалыпқа келтіру мәселелері ішінара сипатталып, нұсқаулық түрден гөрі көрнекілік сипатқа ие. Осы жағдайдың салдарынан кең көлемде оқулықтарда, оқу құралдарында, тарихи-географиялық анықтамалықтарда, мерзімді басылымдарда және бұқара ақпарат құралдарында көрініс табатын жаңа онимдердің қолданылу аясын реттейтін орыс тіліндегі анықтамалық (нормативтік) құралдар жоқ.

Онимдердің емле мәселелерінің шешілмеуін екіжақты түсіндіруге болады: XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап қана лингвистикалық әдебиетте онимдер теориялық тұрғыда ұғыныла бастады, екінші жағынан, 1956 ж жарық көрген «Орыс тілінің емле және тыныс белгілері ережелері» жалқы есімдер емлесін жан-жақты қамти алмай, сәйкессіздіктерді түбегейлі жоя алмады. «...ережелерінде» онимдердің емле мәселелері арнайы бөлімде қарастырылмайды, көрнекі материалдар өте аз және онимдердің нақты түрлерінің жасалымындағы құрылымдық ерекшеліктері есепке алынбаған. Қазіргі орыс емлесінде өзге тілден енген сөздер (әсіресе, жалқы есімдер) өзіндік ерекшеліктерге ие және әріптерді қолданудың жалпы ережелеріне бағынбайтындығы айтылған. Баспатажірибесінде емленің әртүрлілігінің болуы және сұрыпталған норманың сәйкес емес түсіндірулерінің пайда болу себебі – ресми түрде қабылданған «...ережелерде» кірме сөздерге қатысты нормаларды сипаттауда о бастан кей қарама-қайшылықтар мен айтарлықтай қателер болды. Сондықтан 1956 ж «Орыс тілінің емле және тыныс белгілері ережелері» қолданушыларға өзге тілдің онимдік және отонимдік лексикасын орыс тілінде қатесіз жазудың бірегей жолын көрсете алмайды.

Қазақ онимдерін жазудағы негізгі қарама-қайшылықтар тіларалық жеткізуге қатысты. Жалқы есімдер күрделі мағыналық құрылымға, формалардың өзіндік ерекшеліктері мен этимологиясына, түрлендіруші және сөз тудырушы қабілеттерге, тілдің өзге бірліктері мен категорияларымен түрлі байланысқа түсе алатын қасиеттерге ие. Есімді өзге тілге аударғанда бұл қасиеттердің біразы жоғалады. Бұл ерекшеліктерді білмей немесе ескермесе, есімді өзге лингвистикалық ортаға енгізу жеңіл болмақ түгілі, есімнің сәйкестілігін анықтауды қиындатуы мүмкін.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қойылған мақсат-міндеттерге жету үшін ғылыми танымның әмбебап әдістері мен принциптері қолданылды: талдау және синтез, аналогия және модельдеу принципі, сыртқы және ішкі интерпретация әдістері. Зерттеуде іргелі жалпы ғылыми индуктивті және дедуктивті әдістермен қатар барлық гуманитарлық пәндер үшін маңызы бар прагматикалық әдіс қолданылды.

Әдебиетке шолу

Зерттеуімізді жүргізу барысында осы бағыттың іргетасын қалаған ірі ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерін негізге алдық. Атап айтар болсақ, норма категориясының зерттеулері тіл білімінің өзге де лингвистикалық ұғымдарымен қатар қарастырылды: О.С. Ахманова, С. Бизаков, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Б. Гавранек, Н.И. Гайнуллина, К. Гаузанблас, В. фон Гумбольдт, А. Едличка, Л. Ельмслев, Е.С. Истрина, Э. Косериу, Л.П. Крысин, В. Матезиус, С.И. Ожегов, Ф. де Соссюр, Р. Сыздыкова, Н. Уали, В. Хартунг, Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский және т.б.);

– тау теориясы бойынша (К.Ж. Айдарбек, Э.С. Азнаурова, Н.Д. Арутюнова, Н.В. Васильев, В.Г. Гак, Т.С. Джанузаков, Л.К. Жаналина, С.Е.Исабеков, Е.А. Керимбаев, Л.С. Ковтун, Г.В. Колшанский, Г.Б. Мадиева, В. Матезиус, С. Миллер, В.И. Телия, В.Н. Топоров, А.А. Уфимцева, Г. Фреге және т. б.);

– сөз тудырушы және форма тудырушы теориясының тілдік ғылымдағы жетістіктері (А.П. Аверьянова, Ю.С. Азарх, Н.И. Букетова, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Р.С. Зуева, Е.С. Кубрякова, В.В. Лопатин, М.Ш. Мусатаева,

М.В. Панов, И.С. Улуканов, Н.М. Шанский, Л.А. Шеляховская және басқалары);

– ортология, орыс тілі емлесі салаларындағы еңбектер (С. Аманжолов, Б.З. Букчина, Н.Д. Голев, Т.М. Григорьева, Н.А. Еськова, А.А. Зализняк, В.Ф. Иванова, Л.П. Калакуцкая, В.В. Лопатин және басқалары).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Кірме сөздерді, әсіресе жалқы есімдерді игеру – емленің маңызды мәселелерінің бірі. Жалпы жағдайларда өзге тілдік оним орыс тілінде өзінің бастапқы дыбысталу формасына жақын түрде, яғни, тәжірибелік транскрипция ережелеріне сәйкес берілуі тиіс. Алайда осы жалпы ережеге қосымша толықтырулар да қосылады, негізінен қабылдаушы тілдің нормаларына осы форманың сәйкес келуіне мән беріледі. Ал кей жағдайларда, абсолютті «дәлдікке» негізделген аударма дыбыстауға қиын, жағымсыз естілетін және мән-мағынасынан айрылған есімдер мен атауларды тудыруы мүмкін.

Қазақ онимдерін орыстандыру ұзақ жылдар бойы қазақстандық тіл біліміндегі ең өткір мәселелердің бірі болды. Соңғы жылдары ғана Қазақстанның мемлекеттік идеологиясындағы қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты онимдердің орыс тілінде еш бұрмалаусыз жазылу ережелері реттеле бастады. Осыған орай бұқара ақпарат құралдарында айтылуы «біртүрлі», «жарамсыз» және «қиын» немесе қазақ тілінің орыс тіліне «сәйкес емес» дыбыстар үндестігі туралы көптеген талқылаулар орын алды. Десек те, қазіргі кезде қазақ онимдерін орыс тіліне транслитерациялау салыстырмалы түрде ғана реттелгенін айта аламыз, себебі қазақ әріптерінің жекелей немесе әріп комбинациясын орыс тілі құралдары арқылы жеткізуде әлі де даулы болып саналатын біраз мәселе бар.

Бұған көз жеткізу үшін Қазақстан қалаларының орысша атауларына және олардың қолданысына мұқият зер салсақ жеткілікті. Олардың көпшілігі ескі атауларға жақын нұсқаларда қолданылады. Урбонимдер қатыстырылып құралған оттопонимдік құрылымдар көбінесе нормаға қайшы келетін күрделі сөз тудырушы қатынастарды тудырады.

Осы секілді қала атауларын мысалға келтірейік: *Астана* (бұрын *Ақмола*, *Целиноград*), *Алматы* (бұрын *Алма-Ата*, дұрыс емес: *Алмааты*, *Алмата*), *Шымкент* (бұрын *Чимкент*), *Семей* (бұрын *Семипалатинск*), *Орал* (бұрын

Уральск, *Яик*), *Оскемен* (бұрын *Усть-Каме-ногорск*), *Костанай* (бұрын *Кустанай*), *Тараз* (бұрын *Жамбыл*, *Джамбул*, *Мирзоян*, *Аулие-Ата*), *Кокшетау* (бұрын *Кокчетав*), *Ақтобе* (бұрын *Актюбинск*), *Атырау* (бұрын *Гурьев*), *Ақтау* (бұрын Шевченко), *Туркестан* (бұрын *Яссы*, *Шавгар*), *Байконур* (бұрын *Ленинск*) және тағы басқалары.

Астана – *астанинские музеи*, *астанинские улицы*, *астанинское время*, бірақ: *Акмолинская область*, *акмолинский филиал* (заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудегі эргонимнің ресми түріне байланысты), *астанайский женский монастырь*; тұрақты түрде сөз тудырушы *астанинский* сын есімінен туындаған *астанинцы* орнына *астанчанин*, *астанчанка*, *астанчане* жиірек қолданыла бастады.

Алматы сөзі (*Атырау*, *Ақтау*, *Ақтобе*, *Кокшетау* сияқты) орыс тілінде ер текті (мужской род) септелмейтін зат есімдердің сипаттарына ие, бірақ ортақ қолданыста да кездеседі: «*Вечерний Алматы*» (үнпарақ атауы), және *зеленая Алматы*. Ғаламторда түрлі септік формаларда және жалғаулармен (предлоги) берілген – *в Алмате* (415000), *в Алматы* (412000), *под (между, над) Алматый* (3640), *по Алмате* (380 000); сонымен қатар этнохороним нұсқаларында кездеседі – *алматинец* (7290), *алмаатинец* (2690), *алматынец* (306), *алмаатынец* (1); *алматинка* (3520), *алмаатинка* (980), *алматынка* (5), *алмаатынка* (–); *алматинцы* (7750), *алмаатинцы* (1890), *алма-атинцы* (1680), *алматынцы* (79), *алмаатынцы* (2) (Мусабекова, 2010). Ресей бұқара ақпарат құралдарында, теміржол кестелері мен әуе жолдары анықтама-лықтарында, ғаламторда *Алматы* орнына бұрынғы *Алма-Ата* т.с.с. қолданылады.

Келесі оттопонимдік қатарлар да қайшылықтарға толы: *Кокшетау* – *Кокшетауская возвышенность*, *Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова*, бірақ *Кокшетавский союз художников*, *Кокшетавская область*, сонымен қатар *кокчетавцы*, *кокчетавец* (*Кокчетав* сөзінен).

Семей қаласынан туындаған оттопонимдік атауларда қайшылықтарға толы, этнохоронимдер бұрынғыша қаланың ескі атауына негізделген: *Семипалатинск* – *семипалатинцы*, *семипалатинец*, сирек *семейцы*, *семеец*, немесе *семейчане*, *семейчанин*. *Семипалатинский* және *семейский* сын есімдері де қатар қолданылуда (*Семипалатинский испытательный ядерный полигон*, *Семипалатинская крепость*). Соңғы

аталған сын есім Забайкальенің ескі сенушілерінің (*семейские* старообрядцы-раскольники) атауымен омонимдес болғанымен, *семейский* сын есімі біртіндеп өз қолданысын кеңейтуде (*Семейский регион, семейский городской портал, семейские вечера*).

Осы сынды мысалдарды жалғастыра беруге болады, олардың барлығы орыс тілінің қазақ урбонимдері мен оттопонимдік атауларын меңгерудегі белсенді үдерістерін көрсетеді.

Қорытынды

Қазақстанның онимдік кеңістігі қарқынды кеңіп жатыр, оның құрамы қазақ және орыс тілдерінің белсенді түрде жаңарып отырған ресурстары тарапынан әртекті және әркұрылымды онимдердің корпусымен толығып отырады. Жаппай қостілділік онимдердің тілден тілге өту ағымын күшейтіп, қазақ және орыс онимконының шекараларын көп бағытта өшіріп жатса да, сәйкестілік және өзгелік қызметтерін толыққанды сақтап қана қоймай, онимдердің кумулятивті және коммуникативті қызметтерін сол қалпында қалдырады. Бір өрістегі онимдер қазақ тілінен орыс тіліне өту кезінде өз бойында ақпаратты сақтай отырып, өз қызметтерін күшейте түсіп, тілдердің шектесу сызығын өте икемді етеді.

Отонимдік атаулардың нұсқаларының кеңінен таралуын узуастағы нұсқалық секілді орыс тілінің қазақ онимдеріне белсенді түрде бейімделуінің белгісі ретінде қарастыруға болады.

Орыс тіліндегі отонимдік атаулардың көптігі және бәсекелестігі ортологиялық таңдау мен бірегей емле тәртібін бекіту қажеттілігін талап етеді.

Бұл жердегі басты мақсат – мемлекет тарапынан, не тілді қолданушылар тарапынан болатын сұрыптаушы және қалыптандырушы әрекеттерден нұсқаларды бейтараптандыруға ұмтылу болып табылады. Дегенмен, мамандар тарапынан реттейтін әрекеттердің жоқтығын мойындауымыз қажет: заманауи Қазақстанның онимдік кеңістігіндегі өзгерістерді дер кезінде тіркеп отыратын ортологиялық анықтамалықтар жоқ.

Бақыланып отырған онимдер мен отонимдік құрылымдардың көптігі шынайы әрі бел-

сенді үдерістерді көрсете отырып, олардың динамикадағы қолданысының толық мониторингісін талап етеді: осылай ғана қазақ-орыс онимдік бірліктерін (Мусабекова, 2010) жеткізу тәжірибесінің басты бетбұрыстары мен маңыздылығын анықтауға болады.

Қазақ тілінен орыс тіліне енген бірліктің нормаға 'шығуы' узусты фронтальды бақылаумен басталып, біріктіру, жүйелеу және нормативті іске асыруды стандарттаумен жалғасып, тіл мамандарының ғана емес, жалпы қоғамның түгел атсалысуы арқылы жүзеге асады, осылай ғана графикалық, фонетикалық, морфологиялық және сөзжасамдық сәйкессіздіктердің алдын алуға болады.

Осыған орай ортологияның маңызды қолданбалы міндеті белгілі бір грамматикалық нұсқаның қолданыстағы ерекшелігін, оның өміршеңдігін және қызметін (стилистикалық, жанрлық, шартты позициясын және т.б.) нормативті түрде лексикографиялау болып табылады.

Э.Д. Сулейменова, У.Е. Мусабекова, Н.Ж. Шаймерденованың «Қазақстанның географиялық атауларының және олардың туындыларының ортологиялық анықтамалық сөздігі» (Сулейменова, 2015) қазіргі таңда Қазақстан Республикасында қолданыста жүрген географиялық атаулардың оттопонимдік туындыларының Қазақстандағы тұңғыш сөздігі және осы саланы толықтыруға арналған.

Кез келген нормативті сөздіктің басты міндеті нақты ғылыми негіздемені қажет ететін норма белгілеуші нұсқаны таңдау болып табылады. Бұл сөздік директивті ортология аясында жасалған және тілдік норманың нұсқаушы сипаты мен оның динамизмін ескереді. Сөздікке іріктеу негізінде Қазақстанның ең маңызды әкімшілік-аумақтық географиялық атаулары мен соңғы жылдары орын алған өзгертулер ескеріле отырып енгізілген (3000-нан астам оттопонимдік сын есімдер мен тұрғын атаулары). Олардың көп бөлігі сөздікте тұңғыш рет берілді.

Сөздік авторлары орыс тіліндегі қазақ географиялық атауларының емлесін рәсімдеуде әрбір жеке жағдайды қазақ онимдерінің емлесіне енгізілген түзетулерді ескере отырып бекіткен, бұл өз кезегінде Қазақстандағы қазіргі орыс әдеби тілін жетілдіруге септігін тигізері сөзсіз.

Әдебиеттер

- Мусабекова У.Е. Теория и практика ортологии: грамматические основы отонимических наименований: дис. ... д-ра филол.наук /Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, Кокшетау. 2010. 332
- Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика. Алматы: Қазақ университеті, 2011. 117.
- Сулейменова Э.Д., Мусабекова У.Е., Шаймерденова Н.Ж. Ортологический словарь-справочник: географические названия Казахстана и их производные. Алматы: Қазақ университеті, 2015. 256.

References

- Musabekova U.E. Teoriya i praktika ortologii: grammaticheskie osnovy otonimicheskikh naimenovanij: dis. ... d-ra filol.nauk / Kokshetauskij gosudarstvennyj universitet im. SH. Ualihanova, Kokshetau. 2010. 332
- Sulejmenova E.D. YAzykovye processy i politika. Almaty: Қазақ universiteti, 2011. 117.
- Sulejmenova E.D., Musabekova U.E., SHajmerdenova N.ZH. Ortologicheskij slovar'-spravochnik: geograficheskie nazvaniya Kazahstana i ih proizvodnye. Almaty: Қазақ universiteti, 2015. 256.

МРНТИ 16.21.21

Г.Б. Тлегенова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
e-mail: gulden_20.88@list.ru

АЛЛАНЫҢ КӨРКЕМ ЕСІМДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ АНТРОПОНИМДІК ЖҮЙЕДЕГІ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақаланың зерттеу нысаны ретінде теонимдер, соның ішінде, Алланың көркем есімдеріне және оның антропонимдік жүйедегі берілуіне тоқталатын боламыз. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, жалпы халықтың діни түсінігінде Алланың бар, жалғыз, мәңгі екенін біліп, Алланың көркем есімдері сақталған.

Түйін сөздер: Алланың көркем есімдері, Алла, Тәңір, антропонимдік жүйе, теоним.

Г.Б. Тлегенова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы
e-mail: gulden_20.88@list.ru

Репрезентация художественных имен Аллаха в национальной антропонимической системе

В качестве объекта исследования статьи остановимся на теонимах, в том числе на художественных именах Бога и их представлении в антропонимической системе. В пословицах и поговорках, в религиозном понимании народа вообще, зная, что Бог есть, один и навеки, сохраняются прекрасные имена Бога.

Ключевые слова: Прекрасные имена Бога, Аллах, Тенгри, антропонимическая система, теоним.

G.B. Tlegenova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: gulden_20.88@list.ru

Representation of the artistic names of Allah in the national anthroponymic system

As an object of study of the article, let us dwell on theonyms, including the artistic names of God and their representation in the anthroponymic system. In proverbs and sayings, in the religious understanding of the people in general, knowing that God exists, one and forever, the beautiful names of God are preserved.

Keywords: Beautiful names of God, Alla, Tanir, anthroponymic system, theonym.

Введение

Теонимика – ономастика ғылымының бір бөлімі. Ал теоним дегеніміз кез келген пантеондағы Құдай аты. Мысалы, Алла, Құдай, Зевс, Гера, Будда, Кришна сияқты Құдай аттарын теонимдер қатарына жатқызуға болады.

Ю.С.Карпенко теонимияны құдайлардың жалқы есімдерінің жиынтығы ретінде ономастикалық зерттеулердің негізгі объектілерінің бірі деп санайды. «Жалпы есімдер болғанымен, жалқы есімдерге жақын орналасқан бірнеше лексикалық топтарды біріктіреді», жалқы есімдердің барлық кластары «жалпы есімдер

арасында өздерінің ең жақын көршілері бар, олармен тәжірибе арқылы байланысады және қай теориядан болатыны ерекшеленуі керек» (Карпенко, 1981: 8-9).

Әдебиетке шолу

Бастауын діннен алатын көптеген діни ұғымдардың, рухани бірліктердің, салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, рәсімдердің атаулары мағыналарындағы теологиялық компоненттер жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Қазақ халқының діни түсініктері фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде, фольклорлық

мәтіндерде (қисса-дастандар, жырлар) көрініс табады. Мысалы, қазақ ұғымы мен болмысында көк сөзінің мағынасы терең. Ол Тәңірдің тұрағы ретінде ұғындырылады. Сондықтан да қазақтар аспанға қарай қолын көтеріп жалбарынады: *Тәңір жарылқасын; Тәңір тілеуіңді берсін; көк соққыр; көк бойлады; көкке жетті; көкке көтерді; көк күмбез; көк соққан, т.б.* (Кеңесбаев, 1977).

Жалпы түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың бас иетін тәңірісі – «аспан», «көк тәңірі». «Тәңір» сөзі «Құдай, Алла, Жаратушы» деген мағынаны білдіреді. *Тәңір, Алла, Құдай, Жаппар, Хақ, Тағала, Жаратушы, Жасаған* сияқты ұғымдар тұрақты тіркестерде, мақал-мәтелдерде бір-бірімен синонимдік қатарда жарыса қолданылып жүр. Қазақ тіліндегі «құдай», «алла», «тәңір» сөздерінің тірек болуы нәтижесінде пайда болған культтік фразеологизмдерді (әрі қарай КФ) айтылу мақсаттарына қарай үш түрлі мағыналық (семантикалық) топқа бөліп қарастырады. Олар: 1) алғыс мәнді фразеологизмдер; 2) қарғыс мәнді фразеологизмдер; 3) бейтарап мәнді фразеологизмдер (Рысбаева, 2014: 33).

Мысалы, адам қуанышты жағдайға тап болғанда *Құдай тілеуіңді берсін! Тәңір оңдасын!* т.б. деп айтады. Ал біреуді қарғап-сілегенде *Алла жазанды берсін! Құдай атқыр! Құдай ұрсын!* т.б. деген қарғыс мәнде қолданылады.

Бұдан Алланың кейбір көркем есімдерінің қазақ тілінің тұрақты тіркестерінде, мақал-мәтелдерде айтарлықтай кездесуі Алланы бір, жалғыз, хақ, бүкіл әлемді жаратушы т.б. ұлы сипаттарын танытынын, оның есімдерін кез келген жағдайда үнемі еске алып отыратынын білдіреді.

Ахмад хади Мақсуди өзінің көпшілікке арналған зерттеу еңбегінде Алланың кім екендігін және оны қалай тану керектігі жөнінде сұрақтар арқылы түсіндіріледі: *С: Алла тағалаға қандай жолмен иман келтіру керек?*

Ж: Алла тағаланың бар әрі жалғыз екендігіне және барлық көркем сипаттарына иман келтіру арқылы.

С: Алла тағаланы толықтай танып білу мүмкін бе?

Ж: Алланы толықтай танып білу мүмкін емес, оған пенденің ақылы жетпейді.

С: Біз Алла тағаланы қалай тани аламыз?

Ж: Алла тағаланың есім-сипаттары арқылы.

Алланың есім-сипаттары: бар болуы, мәңгі, «біреу, жалғыз, дара», жаратылғандардың ешқайсысына ұқсамайтын, басқа біреуге мұқтаж

емес, тірі, ілімі шексіз, естиді, көреді, Алла тағаланың қалауы бар, шексіз және мәңгі құдірет иесі, сөйлеу сипатына ие және Ұлы (Ислам діні, 2008: 32). Бұл сипаттар өзгермейді.

Алланың Құран аяттарында, сүрелерде берілетін Алланың көркем есімдері: *Әр-Рахман, Әр-Рахим, Әл-Мәлік, Әл-Қуддусу, Ас-Сәлам, Әл-Мумин, Әл-Мухаймин, Әл-Азиз, Әл-Жәббар, Әл-Мутәкәббир, Әл-Халиқ, Әл-Бари, Әл-Мусаууир, Әл-Фаффар, Әл-Қаһһар, Әл-Уаһһаб, Әр-Раззақ, Әл-Фәттаһ, Әл-Алим, Әл-Қабид, Әл-Басит, Әл-Хафид, Әр-Рафиг, Әл-Муиз, Әл-Музил, Әс-Сәмиғ, Әл-Басир, Әл-Хақәм, Әл-Ғадилу, Әл-Ләтиф, Әл-Хабир, Әл-Халим, Әл-Ғазим, Әл-Ғафур, Әш-Шәкур, Әл-Ғалиу, Әл-Кәбир, Әл-Хафиз, Әл-Мұқит, Әл-Хасиб, Әл-Жәлил, Әл-Кәрим, Әр-Рақиб, Әл-Мужиб, Әл-Уасиг, Әл-Хақим, Әл-Уәдуд, Әл-Мәжһид, Әл-Бағис, Әш-Шахид, Әл-Хақ, Әл-Уәкил, Әл-Қауи, Әл-Мәтин, Әл-Уасиг, Әл-Хамид, Әл-Мухси, Әл-Мубди, Әл-Мугид, Әл-Мухи, Әл-Мумит, Әл-Хай, Әл-Қайюм, Әл-Уәжһид, Әл-Мәжһид, Әл-Уахид, Әс-Самад, Әл-Қадир, Әл-Мұқтадир, Әл-Мұқаддим, Әл-Муаххир, Әл-Әууәл, Әл-Ахир, Әз-Заһир, Әл-Батин, Әл-Уали, Әл-Мутаәли, Әл-Бәрр, Әт-Таууәб, Әл-Мунтақим, Әл-Ғафуу, Ар-Раууф, Мәликул Мүлк, Зүл-Жәләли уәл Икрам, Әл-Мұқсит, Әл-Жәмиғ, Әл-Ғани, Әл-Мүғни, Әл-Мәниғ, Әд-Дзарр, Ән-Нафиг, Ән-Нуру, Әл-Ғәди, Әл-Бәдиғ, Әл-Бақи, Әл-Уарис, Әр-Рашид, Әс-Сабур* (Алланың көркем есімдері, 2022).

Нәтижелер және талқылау

Ислам дінінде Алла Тағалаға иман келтірген мұсылман баласы осы көркем сипаттары арқылы тануға тиіс. Жаратушыны тану дәрежесіне қарай адамның Оған деген махаббаты артып, үміті мен қорқуы күшейе түседі. Оны таныған сайын иманы күшейеді. Ұлы Жаратушысына деген жақындығын сезініп, тақуалығы мен тәуекелі арта түседі. Адам ақылы Ұлы Алланы толық танып, біле алмайды. Өйткені, адам шектеулі, ал Ол – шексіз.

Сонымен Алланың кейбір көркем есімдер фразеологизмдерде де көрініс табады:

1. ﷻ **Алла** – Оның (Алла Тағаланың) бар екендігі және Оның иләһи сипаттарын білдіретін есім.

Алла атымен. *Құдай атымен, Аллаға сыйынып.* Зар еңіреген, *А л л а а т ы м е н* мұң төккен талай жазықсыз жандар жәбір тартып, жапа шегіп жатқан жоқ па? (Ж.Саин, Жол үсті.).

2. الرَّحْمَنُ **Әр-Рахман** – Аса қамқор. Оның қамқорлығы Өзі жаратқан бүкіл мақұлықтарына тиесілі. Қамқоршы Алла Тағала мұсылмандардың, сондай-ақ кәпірлердің өмірлік қажеттерін өтейді.

Рахман Алла. *Алланың бір аты. Рахман Алла* есіркеп көз жасымды, Ғинаят салған мұлайымға (Ғашықтық дастандар).

3. الرَّحِيمُ **Әр-Рахим** – Ерекше мейірімді, Рахымды. Бір жақсы іс үшін бірнеше есе берген және ешқашан сауап істерді жоймайды. О дүниеде тақуа мұсылмандарға мейірімді болады.

Алланың рақматы [рақметі]. *Құдайдың мейірімі, жақсылығы. Алланың рақматына* созамын қол, Адасқан мен бір ғаріп таба алмай жол (М.Дулатов, Шығ.).

Алланың рақымы. *Құдайдың жақсылығы, мейірімі.* Сондағы жігіт сен едің, Сен едің, балам, егілме, *Алланың* берер адамға *Рақымы* шексіз, тегінде (А.Егеубаев, XX ғ. екісағаты).

Алла тағала қабыл етті. *Құдайдың мейірімі түсті. Алла тағала* наласын *қабыл етті*, Тап-таза боп бойынан дерті кетті. Құйынуға су іздеп аласұрып, Су таба алмай елсізде, шаршап бітті (М.Көпеев, Шығ.).

4. السَّلَامُ **Ас-Сәлам** – Есендік беруші. Жетіспеушіліктерден пәк. Өзінің жаратқан мақұлықтарына амандық береді.

Аллаға шүкір. *Құдайға шүкір.* Қуанып құтылғанға о бәледен Пазылына етем *шүкір* бір *Алланың* (Базар жырау, Шығ.).

Аллаға шүкір [шүкірлік] айтты. *Құдайға ризалық білдірді, рақмет айтты.* Әрқашан панаңызда сақтай көр деп, *Аллаға шүкір айтты* міскін ғарып (Батырлар жыры).

Аллаға шүкірлік қылды. *Құдайға ризалығын білдірді, рақмет айтты.* Бір жеп алып, *Шүкірлік қыла* йын деп *Аллаға*. Тұмсығында ірімшік, Ойланып қарап тұр еді (Абай, Тол. жин.).

5. الْمُؤْمِنُ **Әл-Мумин** – Қорғаушы, Сенуші. Өзі туралы ұлық кітаптар мен пайғамбарлар арқылы білдіртеді. Өзінің сүйікті құлдарын қауіп-қатерден сақтайды.

Алла сақтады. *Құдай жар болды, аман қалды.* Ғарыптардың панасы Өзің *сақта* *Алла* а (Батырлар жыры).

Алла сақтасын. т і л е к. *Жаманшылықтың бетін әрі қылсын деген мағынада.* *Алла* өзі *сақта* *асын*, қабырға забы бауылден болады дейді кітапта (Ж.Аймауытов, Шығ.).

6. الْجَبَّارُ **Әл-Жәббар** – Аса өктем. Билік пен қуат Иесі. Нені қаласа, соны кімге де болсын істетеді алады.

Жаппар [жаббар] Алла. *Алланың бір аты.* Өлтірсем қызын, көрер деп, Қорыққан соң көнер деп, Осылай болды иттің қаялы, Мұнан да қатын құтылды, Жад қылып *Жаппар Алланы* (Дастандар).

7. الْخَالِقُ **Әл-Халиқ** – Жаратушы. Мақұлықтарын Өз еркімен жаратады. Ол әр нәрсені көркем түрде жаратады.

Алла тағала. *Құдіреті қушті Құдай, жаратушы.* Жүгіріп шықты далаға, Тұлпардың мінді үстіне Сыйынып *Алла тағалаға* (Батырлар жыры).

8. الْبَارِئُ **Әл-Бари** – Жаратушы, жоқтан бар етуші. Жаратқан мақұлықтарына әр түрлі пішін және бейне береді. Алла әрдайым жаратуда.

Алла берді. *Құдай бұйырты, нәсіп етті.* Жан иесін жаратып, *Алла берген* ерікті. Әрбіріне әр түрлі Көрік, шырай беріпті. Құстардың айтшы қайсысы Ең сымбатты, көрікті? (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Алла жаратты [жасады]. *Құдай жасады, жоқтан бар етті.* *Алла* мықты *жаратқан* сегіз батыр Баяғыдан соғысып әлі жатыр. Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып, Кім жығары белгісіз түбінде ақыр (Абай, Тол. жин.).

9. الْفَهَّارُ **Әл-Қаһһар** – Өте үстем, Қаһарлы. Өзіне қарсыларды қатты азаппен қорлайды, өлтіреді не болмаса көпшіліктің алдында беделін түсіреді. Оның жазасынан ешкім аман қалмайды.

Алланың жазасы. *Құдайдың қаһары, зауалы.* Ол обаны «*Алланың* бенделеріне жіберген *жазасы*» – дейді (М.Әуезов, Абай жолы).

10. الْعَلِيمُ **Әл-Алим** – Бәрін білуші, Терең білім иесі. Ол әр нәрсені толық біледі және де Ол білмейтін ешнәрсе жоқ. Алла Тағала – білушілердің білушісі. Алла Тағала ғайыпты да, көмескіні де біледі.

Алла біледі. *Құдай біледі; адамға түсініксіз, белгісіз, не болатыны белгісіз.* Ей, батыр, бұлсен айтар сөзің емес. Уайым қып сескенер кезің емес. Келер істі жалғыз-ақ *Алла* *білер*, Ол сенің өлшеп сатар бөзің емес (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

11. الْبَصِيرُ **Әл-Басир** – Көруші. Ол бәрін Көреген. Адам және басқа мақұлқтар көрмейтінін бәрін көреді. Оған көрінбейтін зат жоқ. Ол ғайыпты да көреді.

Алла тағаланың көзі тура. *Алла тағала бәрін көріп, біліп отыр деген мағынада.* Мені сен қақсаң, сені Құдайым қақсын. *Алла тағаланың көзі тура.* Сені табады ақыр (Р.Райымқұлов, Болат.).

12. الْعَدْلُ **Әл-Ғадилу** – Әділ, Адал. Ол кімге болмасын, ешбір әділетсіздік жасамайды. Ол өз шешімдерінде әділ.

Алланың хақ [ақ] жолы. *Құдайдың тура, дұрыс жолы, түзулік, әділеттілік.* Әуелі «бис-милла» деп сөз басталық, *Алланың хақ жолы нана* адаспалық (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

13. **الْغُفُورُ Әл-Ғафур** – Кешіруші, күнәларды кешуші. Кешірім сұраушыларды күнәлары үшін қолға алмайды, жаман істерін жақсы амалдарға ауыстырады.

Аллаға тәубе қылды. *Күнәсін мойындады, кешірім сұрады.* Тәубасыз тәлім шам болмас Ішіне жағып қабірдің. Ажал келсе, бір күні Айла таппай жаңылдың. *Тәуба қылсаң Аллаға, Ләбек* деген рухын (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Алла рақым қылды. *Құдай кешірді.* *Алла рақым қылмаса,* Қорлықпен күні кешіпті (Мұңлық-Зарлық).

14. **الْكَرِيمُ Әл-Кәрім** – Құрметті, Мәрхамет иесі, ізгілік істеуші. Оның рахымында шек жоқ. Изгілігі ешқашан таусылмас. Уәде берсе, толығымен орындайды.

Кәрім Алла. *Алланың бір аты.* Аузыңда Алла, шеңгеліңде қан! Тағы қан! Бұларды шарифат та қосады. Жаратқан ием, я, *Кәрім Алла*, менің қолымнан өлтіртпедің. Бенден болған бар тілегім, ақ тілегім со болсын (М.Әуезов, Шығ.).

15. **الْمَتِينُ Әл-Мәтин** – Мықты, Тұрақты, Құдіретті. Оның күшіне ешкімнің қуаты жетпейді. Ол ешқашан әлсіз немесе шамасыз бола алмайды.

Алланың құдіреті. *Құдайдың кереметі.* Қырмызы қызыл гүлдей сан құбылып, Досжандар тұрушы еді үйден шығып. *Алланың құдіретіне* шара нешік Болад деп ойлап па едік мұндай қылық? (Мұрат Мөңкеұлы). Қозыеке ажал айдап бара жатыр, *Алланың құдіретін* адам білмес (Қозы Көрпеш.).

16. **الْمُؤْتِي Әл-Мумит** – Өлтіруші. Денелерден жан алып өлтіреді.

Алланың ақ өлімі [ақ бұйрығы, ақ бұйрықты өлімі]. *Өлім сағаты, ажал.* «Пәленшенің қызы сондай бопты...» деген атақ мәңгі жойылар ма? Әкесін бүйтіп қорғып кеткенше *Алланың ақ өлімінен* кетсе, не арманы бар еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Алланың аманатын берді. *Өлді, жан тәсілім етті, о дүниелік болды.* Ей, Әсет, осы аурудан өлем білем *Алланың аманатын берем* білем. Кеудемнен көк ала үйрек «қош!» деп ұшты, Сол шіркін кәрі жолдас – өлең білем (Айтыс).

17. **الْوَاحِدُ Әл-Уахид** – Жалғыз. Барлық Құдайлық сипаттар Оған тән. Одан басқа Құдай

жоқ. Алла Тағала расында жалғыз, сондықтан Аллаға ғибадат етіледі.

Алланың бірлігі. *Құдайдың жалғыздығы, даралығы.* *Алланың бірлігі,* расулымыздың хақлығын білмеген залымды аяушы ма едік, әлбетте, шаһадат береміз (М.Дулатов, Шығ.).

Бір [жалғыз] Алла. *Жалғыз жаратушы, бір Құдай.* *Бір Аллаға* мағұлым Адамның көңіл лебізі. Шама кылып қарасақ, Қатар жүрген азамат Ерлердің туған егізі (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

18. **الصَّارِعُ Әд-Дзарр** – Қалағанын зиянға душар етуші. Азап ретінде кейбір құлдарына күнәлары үшін зиян келтіреді.

Алла қаһар [кәр] қылды. *Құдай жазалады, жазасын берді.* *Қаһар қылса Алламыз,* Құдай берсе қайратын Аяман жаудан бір минөт (Қамбар батыр) (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011)

Алланың көркем есімдерін қазақта көбіне ұл балаларға қойылады. Мысалы: *Кәрім, Рақым, Уәли, Сабыр, Мәлік, Латиф, Мұқит, Жәлел, Самат, Қадір, Ғани, Рашид* т.б. Бұл жерде арабша аттар қазақ тілінің заңдылығына сай берілген: *Сабур – Сабыр, Кәрим – Кәрім, Рахим – Рақым* т.б.

Адам санасында дүние бейнесі танымдық құрылымдар, когнитивтік бірліктер арқылы жүзеге асады. Дүние бейнесінің танымдық үлгілерін құрайтын жалқы есімдер Алла, Тәңірмен байланысты қойылады: *Құдайберді, Құдайберген, Құдайқұл, Аллаберген, Алдаберген, Алла, Аллажар, Тәңірберген, Жаппар, Жаппарқұл.*

Сонымен бірге мақал-мәтелдерде де Алла, Құдай т.б. жаратушымен қатысты сөздерде көп кездесуі кез келген істе әуелі Алланы қоятыны және Алланың көркем есімдерімен тығыз байланысты екенін көрсетеді:

Аққа құдай жақ.

1. Ақиқат, шындық түбінде женеді, жеңілмейді.

трансплантации художественных образов и произведений прошлого в новую культурную среду, где они рационально и эстетически перерабатываются. Вписанное в совершенно иную социокультурную среду художественное явление подчас существенно изменяет свои свойства. В этом случае образ становится менее многоплановым, превращается в своего рода художественную абстракцию, символ. Он свободно передвигается в культурно-историческом пространстве. Так, казахские писатели охотно использовали предания и легенды в своем литературном творчестве. С.Муканову они служили средством ознакомления с историей и этнографией. М.Ауэзов расширил при помощи легенд исторические горизонты романа-эпопеи. А.Нурпеисов превращает мифического Синего волка в символ зла. А.Кекильбаев впервые использовал предание о манкуртах, описывая жестокость захватнических войн. Ч.Айтматов реконструировал это предание как философскую притчу, предостерегающую от забвения прошлого, от стагнации исторической памяти. К легенде и мифу они подчас обращаются в дидактических целях. Метафоричность, аллегоричность, условность неизменно присутствуют при их художественной обработке. «Мифологизирующее» направление стремится постичь законы мироздания, окунается во мглу веков, перебирая тысячелетия, обожествляет природу. Духи, аруахи, демоны, богини живут в разных объектах – камнях, деревьях, горах, птицах, рыбах, неся в себе идею перевоплощения, перехода из одного состояния в другое. В констатации незыблемости законов мироздания заключается непреходящий, трагический смысл. Переход от жизни к смерти, от физики к метафизике неуловим, иррационален, неподвластен логике с точки зрения человеческого бытия. Изменчивый и многоликий мир вместе с тем остается вечным.

Художественные творения талантливых людей, живших в разные эпохи и в разных странах, таят в себе дух создателей – их мысли, биение их сердец, их радости и трагедии. Читатель как бы сливается с произведением, и его охватывает чувство сопричастности к мировой истории, чувство возвышенное и благородное. Многие люди, создавшие их, давно уже ушли, кажется, ушло все, связанное с ними, кроме солнца, неба, земли. Но, присмотревшись, мы обнаруживаем, что не все умерло, что-то еще живет и с нами, и в нас, волнует нас, роднит с далекими нашими предками.

Главная ценность традиционной художественной культуры казахов – это красота слова. Красота приносит человеку радость, она духовно обогащает его, возвышает, затрагивает в нем неведомые ему струны. Они молчат обычно, но стоит человеку прикоснуться к красоте, как они начинают звучать и рождать в нем странное, невыразимое, но удивительно приятное волнение.

Литература художественная – это страна, где правят законы красоты. Силу их каждый человек ощущает на себе. Они подобны гравитационным волнам: так же невидимы, неосозаемы и недостижимы и так же властно владеют нами, как гравитационные волны владеют всеми мирами. В мир красоты поэты всех времен вносят события своих дней и чувства своих поколений. Литература – страна живых картин. Она переносит нас в самые разные исторические эпохи и в самые отдаленные уголки нашей планеты и делает это при помощи поэтически окрашенного слова. Вместе с тем она являет собой собрание вечных эстетических ценностей человечества.

Специально исследовавший традиции и обычаи казахского народа философ Н.Сарсенбаев справедливо пишет: «Психический склад и национальный характер проявляются в национальном искусстве и литературе в виде специфических черт, признаков и особенностей национальной культуры, которые часто облекаются в формы национальных обычаев и традиций. Эпос «Кыз-Жибек» или «Козы-Корпеш и Баян-Слу» отражают всю историю, быт, культуру и нравы казахского народа; их можно было бы назвать энциклопедией тогдашней казахской жизни. Эти произведения дают казахам огромное наслаждение и удовлетворение эпического, эстетического и познавательного порядка» (Сарсенбаев, 1965: 113).

Поэт О.Сулейменов восхищается тем, какой замечательный литературный язык сохранили надписи, высеченные на гигантских стелах, сооруженных в 8 веке на берегах Орхона и Енисея. Он называет этот язык гибким и могущественным, способным в совершенстве выражать все человеческие чувства и самые тонкие нюансы поэтической мысли. «Письменный литературный язык является первой отличительной чертой государственности. Многочисленные оседлые народы Европы и Азии тогда еще не обладали подобным богатством. Государства кочевников разрушались и затем снова создавались, поколения следовали одно за другим, но «язык древних кочевников дошел до наших дней во всем блеске

своей грамматической структуры и своего лексического богатства, воплощаясь в живые тюркские языки, доказывая таким образом, что нет в культуре феномена, более прочного, чем литературный язык» (Сулейменов, 1990: 144).

Кочевники не оставили после себя великолепных городов с величественными храмами, не изобрели пороха, но кто скажет, что поэтическая мысль, высеченная на века в камне или же в народной памяти – в фольклоре, является менее значительным элементом культуры?

В формировании новой художественной концепции человека важен этап кочевничества, раскрывающийся наиболее полно в искусстве. Внутреннюю целостность кочевой культуры отмечал Ч.Валиханов на примере поэтического творчества казахского народа: «Изумительно, с какой свежестью сохранили киргизы (казахи. – авторы) свои древние предания и поверия, и еще изумительнее, что во всех отдаленнейших концах степи, особенно стихотворные саги, передаются одинаково и при сличении были буквально тождественны, как списки одной рукописи. Как ни странна кажется подобная невероятная точность изученных источников кочевой, безграмотной орды, тем не менее, это действительный факт, не подлежащий сомнению» (Валиханов, 1961: 391). Казахская поэзия в течение веков, задолго до появления письменности, служила средством самовыражения, заменяла народу почти все виды искусства. «Мне чудится, что поет вся казахская степь», – говорил известный путешественник и ученый Г.И. Потанин, пораженный исключительной распространенностью поэзии в народе и его огромным поэтическим даром (Потанин, 1972: 162).

В поэме «Кыз Жибек» мы видим быт и нравы кочевого времени, знакомится с образом жизни древних казахов, с их представлением о добре и зле, о прекрасном и безобразном, о возвышенном и неизменном, об идеале женской красоты. Но вместе с тем обнаруживаем, что все это выражено особым, присущим устной поэзии образом. Видим, что портреты людей создаются с помощью сравнений, метафор, выражающих явления природы и быта, – с луной, солнцем, звездой, тулпаром, верблюжонком, белым снегом, красной кровью. Особенности образа жизни, истории, взаимоотношения людей между собой и своеобразие художественного мышления, понятий данного народа лежат в основе художественного творчества. Ведь само собой разумеется, что такие эпитеты, как «кең дала», «сары

дала» (суть: широкая степь) возможны лишь в произведениях тех народов, которые обитают на земле необъятной и просторной. Достаточно взять любой образ казахской поэзии, чтобы убедиться, что все в ней носит отпечаток простора, дальних далей, летнего степного зноя, и зимней стужи, все что характеризует родную землю. Отсюда частое при описании внешности человека или раскрытия его внутреннего мира использование слов, взятых из растительного и животного мира, метафор, сравнений, выражающих явления природы и быта. Связь языка с землей в сфере художественного творчества выступает через образы и картины. Если русская «белая береза» символизирует – чистоту, нежность, то в представлении казахов нежность ассоциируется – с ивовой веткой («тал шыбыктай»).

Выводы

Слова хранят тот первоначальный отпечаток, который придало им народное мышление. Поколения сменяются, и каждое из них получает от предыдущей устной традиции выражений, мыслей и образов, которые, в свою очередь, передают следующим поколениям. Следы национального образа мышления, сугубо казахских понятий и представлений заметны в оборотах речи, сравнениях, метафорах казахской поэзии о любви к Родине, к женщине, об окружающей природе, добродетелях и пороках человеческих.

Традиционные ценности языкового описания природы нашли свое продолжение и в современной художественной культуре Казахстана. Продукты художественной деятельности с самого начала создаются как духовные ценности, соразмерные качественным критериям, выработанным определенной культурной средой. Эти критерии внутренне связаны с человеческим самосознанием, самочувствием в мире культуры и, разумеется, не могут быть исчерпаны какими-либо внешними количественными мерами.

Размышляя о традициях Нурланова К.Ш. пишет, что культурное наследие, оставшееся от предыдущих поколений, необходимо рассматривать с позиции возможностей его преемственного развития, когдa все, что не соответствует новым идеям и критериям художественности, будет отброшено, а то, что не утратило своей общественной и эмоциональной значимости будет использовано и творчески развито, так как подлинное новаторство – это продолжение и обогащение национальных традиций на новом

этапе культурного развития (Нурланова, 1973: 172).

Человек и Природа жили в постоянной и не-расторжимой близости. Природа стала первой поставщицей его эстетического вкуса. Он заметил красоту оперения птиц и, заимствуя у природы, стал переносить эту красоту на себя. Яркое оперение птиц – излюбленное украшение дика-

ря. Люди ощутили эстетическую прелесть звучащей природы и стали воспроизводить ее сначала в своем языке, а потом в поэзию. В самой глубокой древности они оценили силу ее эстетического воздействия. Почувствовав магическую впечатляемость слова, они придали ей священный смысл, как и всякой другой еще непонятной, но осязаемой силе.

Список литературы

- Акатаев С.О специфике культуры кочевья // Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Гылым, 1993. – 364 с.
- Амабаев М. Сочинения. Алматы, 1979. – 308 с.
- Антакольский П., Ауезов М., Рыльский М. Художественные переводы народов СССР // Вопросы художественного перевода. – М.: Сов. писатель, 1955. – 309 с.
- Ауэзов М. Времен связующая нить. – Алма-Ата: Жазушы, 1972.
- Ауэзов М. Избранное. – Алма-Ата: Жазушы, 1967. – 436 с.
- Ауэзов М. Эпос и фольклор казахского народа //Тандамалы. – Алматы: Казак энциклопедиясы, 1997. – 512 с.
- Ауэзов М.О. О традиционном и новаторском. // Тандамалы. – Избранное. – Алматы: Казак энциклопедиясы, 1997. – 512 с.
- Ахметов З. Современное развитие и традиции. – Алма-Ата, 1978.
- Базарбаев М. Эстетическое богатство нашей литературы. – Алма-Ата: Жазушы, 1976. – 308 с.
- Бердибаев Р. От легенды к роману. – Алма-Ата: Жазушы, 1976. – 223 с.
- Бокеев О. След молнии. – М.: Молодая гвардия, 1978. – 320 с.
- Валиханов Ч. Собр. соч. в 5 т. Т.1. – Алма-Ата: Изд-во Академии наук КазССР, 1961. – 777 с.
- Мырзалы С. Модернизация общества: взаимосвязь политики и морали. – Костанай: КГУ, 1998. – 268 с.
- Нурланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1987. – 174 с.
- Нурланова К.Ш. Эстетическая культура казахского народа. – Алма-Ата, Казахстан, 1973. – 330 с.
- Потанин Г.И. Архив: Материалы и публикации. – Алма-Ата, 1972.
- Пулатов Т. Служанка ли нам история? // Литературная газета. – М., 1989. – 14 сентября.
- Сарсенбаев Н. Обычаи и традиции в развитии. – Алма-Ата, 1965. – 127 с.
- Сегизбаев О.А. Казахская философия XV – начала XX века. – Алматы: Гылым, 1996. – 472 с.
- Сулейменов О. Публицистика. Стихи, поэмы. АЗ и Я. – Алматы: Жалын, 1990. – 592 с.
- Сулейменов О. Язык письма. – Алматы-Рим: San Paolo, 1998. – 497с.

Reference

- Akataev S. (1993) O specifike kul'tury kochev'ya. Kochevniki. Estetika: Poznanie mira tradicionnym kazahskim iskusstvom [On the specifics of nomadic culture. Nomads. Aesthetics: Knowledge of the world of dating by Kazakh art]. Almaty: Gylym. 364p. pp. 6-7. (In Russian).
- Amabaev M. (1979) Sochineniya [Compositions]. Almaty. p.308 (In Kazakh).
- Antakol'skij P., Auevov M., Ryl'skij M. (1955) Hudozhestvennyye perevody narodov SSSR. Voprosy hudozhestvennogo perevoda [Literary translations of the peoples of the USSR. Questions of literary translation.]. M.: Sov. pisatel'. 309p. p. 11. (In Russian).
- Auevov M. (1967) Izbrannoe [Favorites]. Alma-Ata: Zhazushy. 436p. (In Russian).
- Auevov M. (1972) Vremen svyazuyushchaya nit' [Times connecting thread]. Alma-Ata: Zhazushy. p.59. (In Russian).
- Auevov M. (1997) Epos i fol'klor kazahskogo naroda [Epos and folklore of the Kazakh people] //Tandamaly. Almaty: Kazak enciklopediyasy. 512p. p. 171. (In Russian).
- Auevov M.O. (1997) O tradicionnom i novatorskom [About traditional and innovative]. Tandamaly. Izbrannoe. Almaty: Kazak enciklopediyasy. 512p. (In Russian).
- Ahmetov Z. (1978) Sovremennoe razvitie i tradicii [Modern development and traditions]. Alma-Ata. (In Russian).
- Bazarbaev M. (1976) Esteticheskoe bogatstvo nashey literatury [Aesthetic richness of our literature]. Alma-Ata: Zhazushy. 308 p.
- Berdibaev R. (1976) Ot legendy k romanu [From legend to novel]. Alma-Ata: Zhazushy. 223 p.
- Bokeev O. (1978) Sled molnii [Lightning trail]. M.: Molodaya gvardiya. 320p. p. 239. (In Russian).
- Valihanov CH. (1961) Sobr. soch. v 5 t. [Collected works in 5 volumes] T.1. Alma-Ata: Izd-vo Akademii nauk KazSSR. 777p. p. 391. (In Russian).
- Myrzaly S. (1998) Modernizaciya obshchestva: vzaimosvyaz' politiki i morali. [Modernization of society: interrelation of policies and morals]. Kstanay: KSU. p. 268 (In Russian).

Nurlanova K.Sh. (1987) Estetika hudozhestvennoj kul'tury kazahskogo naroda [Aesthetics of the artistic culture of the Kazakh people]. Alma-Ata: Nauka KazSSR. 174p. p. 151. (In Russian).

Nurlanova K.Sh. (1973) Esteticheskaya kul'tura kazahskogo naroda [Aesthetic culture of the Kazakh people]. Alma-Ata, Kazakhstan, 330p. p. 172. (In Russian).

Potanin G.I. (1972) Arhiv: Materialy i publikacii [Archive: Materials and publications.]. Alma-Ata. F.86. P.162. (In Russian).

Pulatov T. (1989) Sluzhanka li nam istoriya? [Is history a maid to us?]. Literaturnaya gazeta. M. 14 sentyabrya. (In Russian).

Sarsenbaev N. (1965) Obychai i tradicii v razvitii [Customs and traditions in development]. Alma-Ata. 127p. p. 113. (In Russian).

Segizbaev O.A. (1996) Kazahskaya filosofiya XV – nachala HKH veka [Kazakh philosophy of the XV - early XX century]. Almaty: Fylym. 472p. p. 30. (In Russian).

Sulejmenov O. (1990) Publicistika. Stihi, poemu. AZ i YA [Publicism. poetry, poems. AZ and Me.]. Almaty: ZHalyn. 592p. p. 144. (In Russian).

Sulejmenov O. (1998) Yazyk pis'ma [The language of writing]. Almaty-Rim: 501p. p. 205. (In Russian).

МРНТИ 3.19.911

М.О. АмироваҚР Ұлттық музейі, Қазақстан, Астана
e-mail: Mikka-o@mail.ru

ТҮРКІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЖЕРЛЕУ ҒҰРПЫНДАҒЫ ЫДЫСТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Бұл мақалада ежелгі түркі халықтарының соның ішінде сонау сақ дәуірінен бастау алған жерлеу ғұрпындағы ерекшеліктер туралы жазылған. Жерлегенде түркілер мен қатар сақтардың да дәстүрлі жерлеу ғұрпында ыдыс-аяқтар мен қоса алтын-күмісті қоса жерлеген. Күмістің адам ағзасына тигізетін пайдасы мен емдік қасиеті туралы баяндалған. Сондай-ақ, мақалада Орхон өзені бойынан табылған ескерткіштер туралы да баяндалады. Сақ өнерінің қайталанбас хайуанаттық нақыш өнері адамзат өркениетінің баға жетпес жетістіктеріне жатады. Хайуанаттық нақыш дәстүрімен берілген қолдану тәсілдері көбіне металдан жасалған қазан, құрбандық ыдыстар, қылыштар мен қанжарлар, айбалталар мен қорамсақтар, ат әбзелдері мен айналар, сондай-ақ, сақтар арқар, марал, бұлан, бүркіт, сайғақ, қабан, қасқыр секілді жануарлардың өздеріне таныс тұлғаларын айрықша шеберлікпен бейнелеген.

Түйін сөздер: сақ, қорым, алтын адам, түркі, күміс, құмыра, қыш ыдыстар.

М.О. Амирова

Национальный музей РК, Казакстан, Астана
e-mail: Mikka-o@mail.ru

Типы сосудов в погребальных обрядах тюркского периода

В данной статье описаны особенности погребальной обрядности древних тюркских народов, в том числе восходящих к сакскому периоду. Особое внимание уделяется серебру и его целебным свойствам для организма человека. Рассматривается положительное влияние серебра на здоровье, включая его антибактериальные и противовоспалительные свойства. В статье также представлены данные о памятниках, обнаруженных вдоль реки Орхон, связанных с этими погребальными обрядами. Исследование расширяет наше понимание культурных аспектов традиций тюрков и саков, а также подчеркивает значение серебра в истории человека. Неповторимое звериное искусство сакского искусства относится к бесценным достижениям человеческой цивилизации. Способы применения, переданные в традициях звериного стиля, часто представляют собой металлические казаны, алтари, мечи и кинжалы, упряжи и зеркала, а также саки с особым мастерством изображали таких животных, как архар, марал, лось, сайгак, кабан, волк и др.

Ключевые слова: саки, кладбище, золотой человек, тюрки, серебро, керамический сосуд.

M. O. Amirova

National Museum of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Astana
e-mail: Mikka-o@mail.ru

Types of vessels in the funeral rites of the Turkic period

This article is about the features of the burial ritual of the ancient Turkic peoples, which dates back to the distant Saka Era. During the burial, both the Turks and Saks were buried in the traditional funeral ritual, including dishes and gold and silver. The benefits and healing properties of silver for the human body are described. The article also tells about the monuments found along the Orkhon River. The unique animal art of the Sak art belongs to the priceless achievements of human civilization. The methods of application transmitted in the traditions of the animal style are often metal cauldrons, altars, swords and daggers, harnesses and mirrors, as well as saks with special skill depicted such animals as argali, maral, elk, saiga, wild boar, wolf, etc.

Keywords: necropolis, Golden Man, Turkic, silver, pottery, ceramic vessel.

Кіріспе

Ежелден Қазақстан территориясын мекендеген алғашқы тайпалар олар сақтар болды. Археологиялық қазба жұмыстарынан Сақ мәдениеті туралы (б.з.б. 7-3 ғғ.) анағұрлым толығырақ мәлімет береді. XX ғасырдың басы мен орта тұсында зерттеулер кеңінен өріс алды. Шығыс Қазақстан, Жетісу, Сырдың төменгі ағысы, Орталық Қазақстанда Сақ қорымдары ашылды. Оның ішінде көптеген ғұрыптық қорымдар қазылып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде Орталық және Солтүстік Қазақстандағы Тасмола мәдениетінің қорымдары, Жетісудағы Есік (Алтын адам) Бесшатыр қорымдары және т.б. көмбе, обалар көне сақтардың тамаша ескерткіштері ашылды.

Олардың жерлеу ғұрыптары, мүліктік мәдениеттегі жергілікті ерекшеліктері мен өзара жақындығы да анықтала бастады. Қазба жұмысынан табылған көптеген дәнүккіштер мен тас кетпендер Орталық Қазақстанды мекендеген сақтар қыстақта егіншілікпен айналысқан деген пікір бар.

Берел қорымынан табылған жасанды тоң қабатында сақталған жылқы денелері, шірімей жеткен ағаш бұйымдар, бальзамдалған адам мәйіттерін зерттеу маңызды мәліметтер береді.

Сақ өнерінің қайталанбас хайуанаттық нақыш өнері адамзат өркениетінің баға жетпес жетістіктеріне жатады. Хайуанаттық нақыш дәстүрімен берілген қолдану тәсілдері көбіне металдан жасалған қазан, құрбандық ыдыстар, қылыштар мен қанжарлар, айбалталар мен қорамсақтар, ат әбзелдері мен айналар, сондай-ақ, сақтар арқар, марал, бұлан, бүркіт, сайғак, қабан, қасқыр секілді жануарлардың өздеріне таныс тұлғаларын айрықша шеберлікпен бейнелеген.

Әдебиетке шолу

Тағы бір жазудың нұсқасын Әзірбайжанның ғалымы З.Г. Гасанов ұсынды:

Төрт бұрыштан (әлемнің тараптары) Сынғлы тайпасы сарнайды

Үш жүз жоқтаушы ант ішеді (ант береді). З.Г. Гасановтың пікірінше Сынғлы-Алтын адамның дәрежесі. Атақты венгер филологы, профессор Янош Харматта лингвистикалық ғылымда кхароштхи деп аталатын персия-арамей алфавитінен ағылшын тіліне аударылса, бұл аударманың нұсқасын К.Ақышев ұсынды: «Бұл

құмырада жүзім шарабы. Табыстыға азық-түлік қоры қаншалықты қажет болса, соншалықты сақталған. Кейін «таза май» дайындалған (Ұлттық музей, 2016).

Табыстыға азық-түлік қоры қаншалықты қажет болса, соншалықты қыштан және ағаштан 28 ыдысқа қажетті мөлшерде тағам сақталған, үлкен пиалаға май құйылған. Көптеген елдерде «май» қасиетті тағам ретінде санаған. Сондықтан, Есік мәтініне «таза май» эпитеті сәйкес келеді. Жанына күміс қасықтың қойылуы тегін емес. Ал тостағанда әсерлендіретін өздері қасиетті санаған хаома сусыны араласқан жүзім шарабы болуы мүмкін. К.Ақышевтің айтуынша, әліпбилік жазудың болуы – сол кезеңдегі мемлекеттің мәдени деңгейін, әлеуметтік-экономикалық даму сатысын дәлелдейді. «Жазуы бар тостаған» Қазақстан аумағында өмір сүрген көшпелі тайпалардың тарихынан, өркениеті мен мәдениетінен хабар беретін, қазіргі таңда әлемдік мәдени құндылықтардың қатарына енген бірегей туынды.

Кіші тостаған. Күміс, құйма. Биіктігі 2,2 см, диаметрі 7,7 см. Инв.номер ҚРҰМтк1-1844 А3-198. Дөңес пошымға айналатын тік ернеулі жартылай сфералық пішін. Сыртқы бетінде үшкір құралмен ойылып жазылған жиырма алты танбадан тұратын екі жолды жазу бар (Ұлы дала, 2019: 267 б). Жалпы, адамзатқа тән кез-келген этностың рухани тәжірибесі ұлттық мәдениет пен өркениетті, рухани кеңістікті сақтау үшін аса маңызды. Әр халықтың дүниетанымы, мәдени дәстүрлі өнері болады. Соның бірі металл өңдеу. Алтын және күміс тостағандарды жасауда қолданған негізгі материалдар алтын мен күміс болған. Өйткені бұл материалдар табиғи иілгіш және төменгі температурада балқуы өңдеудің әр алуан техникалық тәсілдерін: соғу, шекімеу, қалыптау, құю, дәнекерлеу, қарайту және т.б. Тіпті, күмісті тандаудың өзі кездейсоқтық емес – көне нанымдарға сәйкес ол емдік және қорғаушы қасиеттерге ие (Ұлттық музей, 2016: 15 б.).

Материалдар мен әдістер

Кейінгі кезеңдегі патша қорымдарының ескерткіштері туралы мәліметті б.з. дейінгі I мың жылдықтың орта кезеңіне жататын Бесшатыр қорымы мен Есік обасы береді. Бұл Есік обасы б.з.бұрынғы V-IV ғасырларда өмір сүрген сақ тайпаларының тарихы мен мәдениетінен хабар беретін аса көрнекті ескерткіштердің бірі. К.А.Ақышев бастаған археологтар

тобының қазба жұмыстары нәтижесінде Алматы қаласынан 50 шақырым жердегі Есік обасынан 1969-1970 жылдары табылған. Оның төрт мыңнан астам әшекей бұйымдары соғу, қалыптау, нақыштау, дәнекерлеу, алтын жалатпа, тегістеу тәрізді металл өңдеу техникасымен аң стилінде жасалған. Осылардың ішінен табылған ең құнды дүниелердің бірі 26 таңба жазуы бар тостаған ыдыс және екіншісі-Алтын адам. Жерлеу қабіріндегі қылыш ата-бабалар тірілерді зұлым әруақтардан қорғайды деген мағынамен қойылған.

Жанына салынған заттарға саз, ағаш және металдан жасалған көптеген ыдыстар жатады. Барлығы 31 ыдыс. Олар камераның оңтүстік және батыс қабырғасын бойлай орналасқан. Саз және ағаш ыдыстарға құмыралар, тегенелер, табақтар т.б. жатады. Металл ыдыс күміс пен қоладан тостаған түрінде жасалған (Ұлы дала, 2020: 26 б).

Бұл тостаған сақ кезеңінен сақталған, жазба ескерткіш болып танылады. Тостағандағы жазу арғы ата-бабаларымыздың өркениетінің ерте қалыптасқанын әлем жұртшылығына паш етті. Жазу 2 қатарда, 26 таңбадан тұрады. Бұл жазудың қазір бірнеше оқылу нұсқасы бар. Оларды зерттеген бірнеше танымал ғалымдар: Заур Гасанов және Алтай Аманжолов. Түркітанушы-ғалым Алтай Аманжоловтың оқылу нұсқасы:

Аға, саған (бұл) ошақ,
Жат адам тізеңді бүк,
Ұрпағымызда ас-су мол болғай!

Бұл жазудың құндылығы: Қазақстан территориясын мекен еткен сақтардың тілі-түркі тілі екендігін айғақтайды. Сондай-ақ, Қазақстан жерінде жеріндегі ежелгі көшпелілерде жазу-сызу болмады-мыс деген дәстүрлі пікірдің ешбір негізсіз екенін айқындап, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес тайпалардың алфавиттік жазуды білгендігін және оның кең түрде қолданылғанын куәландырады (Салғараұлы, 2007: 59 б).

Талдау және нәтижелер

Адамның ағзасына күмістің медициналық жағынан емдік қасиеті бар екені дәлелденген. Мысалы, Египетте жараға жабыстырып, Үнді елінде иммунитет көтеруге пайдаланған. Ал көрші ел Ресейдің шіркеулерінде күміс қосылған суды қасиетті деп есептеген. Сол үшін де адамдар мұндай сулар өмірлік қуат береді деп ерекше сенген. Ал ғалымдар XIX ғасырдың аяғында ғана күмістің қасиетіне мән беріп зерттей бастаған.

Күміс сумен әрекеттескенде иондалып, оның құрамында өте ұзақ уақыт сақталады. Сондықтан иондалған су адам ағзасындағы көп мөлшердегі зиянды микроағзаларды жояды. Алғашында ауруға қарсы дәрілер (антибиотиктер) пайда болғанға дейін күмісті ем ретінде жиі пайдаланып келді. Бірақ антибиотиктерді көп ішкен адам ағзасы сол дәріге үйреніп, аурудың беті қайтпайтын кездер де болады. Ал, күміспен емделгенде ондай жағдай кездеспеген. Күміс өзінің белсенді қалпын жоймайды. Адам ағзасының жұқпалы ауруларға төтеп бере алмауының басты себептерінің бірі иммундық жүйедегі күмістің азаюы. Күміс тек ауру тудыратын элементтерді жойып қана қоймай, ағзадан қажетсіз токсиндер мен микробтарды қуып шығады. Тіптен, ағзадағы азғантай ғана күміс жетіспеушілігі болған жағдайда адамның жұмысқа қабілеті нашарлап, қорғаныш қасиеті азайып, тез шаршау байқалады. Бұл микроэлементке бай сирек ауырады, асқа деген тәбеті де ашылады. Қазіргі тарихшылар ежелгі вавилондықтар мен гректер залалсыздандыратын күмістің қасиетін біліп ел билейтін патшалары күнделікті пайдаланатын ауыз суларын күміс ыдыста сақтағанын анықтаған. Мұндай мәліметті археологтардың қазбаларынан да кездестіруге болады. Біздің жыл санауымызға дейінгі 400 мың жыл бұрын өмір сүрген патшалардың да қабір зиратынан күміс ыдыстар табылған. Күміс ыдысқа құйылған судың қасиетін сонау Ескендір Зұлқарнайын заманындағы жауынгерлер де білген. Өздері су ішетін ыдыс-торсықтарына күмістен соғылған теңгелер салып жүрген. Әйгілі тарихшы Геродоттың жазбаларында да Парсы патшасының тұтынатын суларын күміс ыдыста сақтағаны көрсетілген. Бұл елдің жұқпалы індеттен аман қалуына тікелей көмектескен.

Күміс иілгіш болғандықтан өңдеуге өте ыңғайлы металл. Таза күмісті ақ күміс, нақыра күміс, ақ жамбы, құйма күміс, кесек күміс, ұрғашы күміс деп те атаған. Дәстүрлі ортада күмістен зергерлік әшекей бұйымдардың денін әшекейлеумен қатар, ат әбзелдерінің, ыдыс-аяқтың да әшекейлерін жасаған. Сонымен қатар күмісті үнемдеу мақсатында әшекей бұйымды алдымен темірден соғып алып, темір бетіне күміспен жабу тәсілі де қолданылған. Бұл күміспен күптеу деп аталған. Күміспен күптеу тәсілі негізінен күмісті үнемдеу мақсатында пайдаланылған. Ол үшін алдымен бұйымды темірден соғып, бетіне бедер түсіріп алғаннан кейін, үстінен түгелдей қақталған жұқа күміспен

қаптайды. (Қазақтың этнографиялық категориялар, 2017: 405-406 бб.). Бұл элемент тоттануға ұшырамайды. Күміс тұз қышқылында ғана ериді және аталған қоспаны фото шығаруда, химия өнеркәсібінде, теңгелер, айна жасауда жиі қолданылады. Поляк халқының, орыс, қытайдың тиын түріндегі күмістері материал түрінде жиі кездеседі. Түрлі салпыншақтар мен қайрақ түрінде ерітіп зергерлік бұйымдар жасаған. Бұндай жасайтын арнайы мамандар зергерлер деп аталған. Зергерлер өз үйінде немесе арнайы тапсырыс берушінің үйінде жұмыс жасап, ақысы үшін белгіленген бағалы металл құнына байланысты алып отырған. Күмістің пайдасын ерте заманның өзінде біліп кеңінен пайдаланды.

Белгілі археолог К.М. Байпақовтің «Жетісу мен Алматы аумағындағы сақ пен үйсіндердің қоныстары» атты еңбегінде ерте темір дәуірінің кезінде қоныстарды су шайғандығын, ол жерлерде тек қана ізі қалғандығын, тас бұйымдар мен дәнүккіштер және де қыштан жасалған бұйымдар табылғанын жазған. Қыш ыдыстар атқаратын міндеті ғана емес, сонымен бірге жасалу сапасы жағынан да ерекшеленеді. Бұлардың көпшілігі-күйдірілуі нашар, қабырғасы қалың құтылардың қалдықтары. Олар – хұм, құмыра, тостаған, тегенелердің бөлшектері (Байпақов, 2008: 23 б). Бұл кезде керамика қолөнері де дамыды. Ерте ортағасыр кезеңімен алғанда қолмен, сылап-сипап жасалған ыдыс-аяқтың түрлері едәуір азайды. Бірте-бірте құймалы керамика пайда бола бастады. Сондай-ақ, Қазақстан аумағында шыныдан жасалған бұйымдар көптеп тарала бастады. Кең тараған мұндай бұйымдардың түрі – құмыралар, саптыаяқтар, шөлмектер болды.

Сырдария бойындағы Құйрықтөбе қала жұртының оңтүстік-шығыс жағындағы XI ғ. мен XII ғ. бас кезіне жататын бірнеше орамның қалдығы ашылғанды. Олардың әрқайысында 8-10 үйден бар екен. Қазылған бір орамның кәсіптік мәні бар болып шықты: онда құмырашылар тұрған екен (Қазақстан тарихы, 1994: 96 б).

Қола дәуіріндегі заттай ескерткіштерді зерттеуде отандық археология тарихында едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Құнды тарихи деректеме болып табылатын қыш археологиялық ескерткіштерден алынған жәдігерлердің басты категориясын түзеді. Қыш ыдыстарды зерттей отырып, ежелгі тұрғындардың түрлі топтарының қарым-қатынасын, дүниетанымдарының кейбір қырларын, археологиялық мәдениеттерінің тұтастығы мен олардың шығу тегін анықтайды. Қоныс мекендеушілерінде қыш ыдыстарды

жасау технологиясын көбіне әйелдер игерді. Құмырадағы өрнектер штрихталған үшбұрыштар, зигзаг түрінде, шырша тәрізді, дөңгелек оюлар, сызықшалардан тұрды. Ыдыстарға қарап олардың жасалу технологиясын білуге болады. Ыдыс-аяқтарды жасамас бұрын сазбалшықтарды әкеліп, біраз иінін қандырып тұрғызып қоятын болған. Қола кезеңіндегі ыдыстар бүйірі тік немесе шығыңқы, мойын жағы ішке қарай қайрылған, түбі жалпақ ыдыстар басым болды. Орта қола кезеңіне тән құмыралардың түбі жалпақтау, мойыны мен бүйірінің арасы ойықтау болып келеді. Өрнектері-үш бұрыш, ирек сызық және бір-бірімен киюласуы. Кейде ыдыстың түбі өрнектеледі. Ал кейінгі қола кезеңіндегі құмыралардың барлығы дерлік дөңгелек, бүйірлері шығыңқы етіп жасалған. Өрнектері-қисық ойық, шырша түрінде де жасалған. Ғалымдар археологиялық мәдениетті бөлгенде қыштың өрнектелуіне баса назар аударады. Бұл дегеніміз ежелгі адамдардың таққан әшекейлері мен киген киіміндегі бастырған оюлары, ыдыстағы өрнектері арқылы басқа халықтардан өз халықтарын ажырататын болғандығына байланысты туындаған. Сондықтан зерттеген кезде оның құрылысы мен элементтерін ғана емес, өрнектегі этникалық көрсеткіш болатын әрбір өрнек жүйесінің салыну ережесін анықтау өте маңызды. Кейбір жағдайларда өрнек күнтізбеге қатысты мәліметтерді де берді. Себебі балшық ыдыстар ежелгі кездегі адамдардың мифологиялық санасында дүниетаным мен оның ерекше бір жазу түріндегі түрін яғни бедерін бейнелеген. Онда аспан, қоршаған орта мен ғарыш әлемі, табиғат құбылыстары туралы түсінігінің айнасы іспеттес болды.

Ал жаңа кезеңнің қыш жасау ісінде өзгерістердің пайда болуын жаңа мәдениеттің келуімен түсіндіреді. Белдеулі керамиканың дайындалу технологиясына сараптама жасаған мәліметтерге қарағанда сырттан келген тұрғындармен араласқанның нәтижесінде пайда болғандығын растайды. Қола кезеңіндегі тайпалардың тұрмыс-тіршілігі тікелей табиғатқа тәуелді болды. Табиғат күшін қасиетті рух деп түсінгендіктен бұл күштер өсімдіктер мен жануарлар, от пен күн жүйесі болды. Күн жүйесі мен от жылылық береді –мұның бәрі қайырымды, күдіретті күшті рухтармен байланыстырған. Күн тәңірісінің қатысты белгілерді сәндік бұйымдардан – күннен тарайтын сәулелер түріндегі өрнегі бар қаптырмалар мен қыш ыдыстардағы меандрлардан байқауға болады.

Мәселен Солтүстік Қазақстаннан табылған қыш ыдыстардың сыртындағы өрнектердің өзіне тән ерекше сызықтар, күрделі меандр, үшбұрыштар мен ромб, белдеулер тізбегі екені айқын. Бұл дегеніміз өрнектердің шығу тарихы, олардың сол кездегі мал өсіру мен аңшылық саяты мен әлем тіршілікті бейнелейді. Қыш өндірісі кезінде ыдыстар балшықтан ғана емес, мал шаруашылығымен айналысқандықтан көбіне көшіп-қонғанға ыңғайлы мал терісінен жасалған ыдыстар: мес, қауға, торсықты да пайдаланды. Тері өңдеуде негізінен қырғыштар, тегістегіштер және теріні илеп, ширатуға арналған өзге де құралдар қолданылды. Қола дәуірі кезеңінде адам қайтыс болғанда жерлеу дәстүрінде күнделікті тұрмыста тұтынған бұйымдарымен қоса адамның астына киіз төсеген, сондай-ақ бірнеше қола дәуірі жерлеу орындарынан теріден жасалған заттар табылған.

Сонымен, мал өрісін қуалаған көнешұңқыр тарихи-мәдени қауымдастығы жұрттарының батысқа беттеген алғашқы толқындары ж.с.д. 4400-4300 жылдары Днестр-Дунай атырабына тұяқ іліктіреді. Сол үдерістер барысында олармен бірге осы алаптарға Каспий маңы ойпаттарын мекендеген арғытүркілердің дәстүрлеріне тән жерлеу жоралары, құрамына ұлтас ұнтағы қосылған түбі жұмыр қыш ыдыстар, шақпақтас құралдар, үшбұрышты садақ жебелері, ат ауыздықтары, билік символдары – тас асатаяқтар, күрзілер де ілесе жетеді (Бейсенбайұлы, 2017: 75-76 бб.).

Қорытынды

Қорыта келе қола дәуірін зерттеудегі маңызды мәселелердің бірі – қыш өңдеу ісі ерекше

орын алады. Негізгі ою-өрнектері «тік мүйіз», «сынық мүйіз», қошқар мүйіз», тең бүйірлі үшбұрыштар мен фестондар және т.б. ою-өрнектерінің түрлі формалары жағынан Беғазы-Дәндібай мәдениеттеріне ұқсас болып келеді. Сол кезеңнің мерзімін белгілеу, сол дәуірдің тұрғындары арасындағы мәдени байланыстарды анықтау және этномәдени сабақтастығын зерделеу қыш өңдеу өнеріне тікелей байланысты. Қола дәуірінің қоныстарында жиі кездесетін қыш ыдыстар мен оларға бейнеленген ою-өрнектер ежелгі дүние тұрғындарының қолөнерімен шаруашылық түрлерінен мол хабар береді. Еуразия даласында оның ішінде қазіргі Моңғолия, Қырғызстан және Қазақстан, Ресейде орналасқан Хакасия, Тува және Алтай республикалары мен Еділ мен Дон өзендерінің бойында ежелгі түркілердің сансыз жерлеу орындары табылған. Белгілі түркітанушы ғалым М.Жолдасбеков «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» атты кітабында Орхон өзені бойынан табылған ескерткіштер мен кешені туралы жазды. Қазба жұмысы кезінде Білге қаған барығының ішінен Қаған мен ханымының алдына қойылатын ақыртас (жозы) табылған. Оның үстіне күміс табаққа салынып қойдың ең сыйлы мүшесі бас тартылған. (Жолдасбеков, Сартқожаұлы, 2005: 219 б). Сол жерлеу орындарына археологиялық қазба жұмыстары мен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу кезінде көрсеткендей әсіресе батыр тұлғалар қайтқанда мүрдесінің жанына ыдыс-аяқтары мен киімдері, көзі тірісінде мінген атын ер-тоқымы мен әбзелдерімен бірге қосып жерлеген. Бұл табылған ескерткіштер түркі халықтарының теңдессіз баға жетпес құнды мәдени байлығы. Бұлар әлі де толықтай зерттеуді қажет етеді.

Список литературы

- Байпаков К.М. (2008) Поселения саков и усуней на территории Жетысу и Алматы. Алматы.
 Бейсенбайұлы Ж. (2017) Ұлы Даланың ежелгі тарихының этномәдени төркіндері. Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ. 400 б.
 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. (2005) Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. Астана: Күлтегін. 360 б.
 Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). (1994) Алматы «Дәуір» баспасы. 445 б.
 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. (2017) Энциклопедия. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция». 856 б.
 Салғараұлы Қ. (2007) Түріктер. Астана «Күлтегін». 308 б.
 Ұлттық музей топтамасындағы қазақтың зергерлік өнері. (2016) Ювелирное искусство казахов в коллекции Национального музея. Jewelry art of Kazakhs in collection of the National museum: каталог/құраст. А.А Мұсағажинова, К.А. Нұрмағанова. Астана:РЕГИС-СТ Полиграф. 304 б.
 Ұлы дала: тарих пен мәдениет (2019). III-том. Көне түркілер әлемі. Көрме каталогы.-Великая степ: история и культура. Том III. Мир древних тюрков. Каталог выставки.-The Great Steppe: history and culture. Volume III. The world of the ancient turks. The exhibition catalogue. Под ред. А.Онгарулы. Нур-Султан. 454 с.

Ұлы дала: Уақыт. Кеңістік. Мәдениет (2020). I том. Дала әміршілері. Көрме каталогы.- The Great Steppe:Time. Space. Culture. Volume I. Owners of the Steppe. The exhibition catalogue. Великая степ: Время. Пространство. Культура. Том I. Властители степей. Каталог выставки. Под ред. А.Онгарулы. Нур-Султан. 312 с.

Reference

- Baypakov, K.M. Settlements of Saks and Usuns on the territory of Zhetysu and Almaty. Almaty, 2008. (in Russian)
- Beisenbayuly, zh.ethno-cultural patterns of the ancient history of the Great Steppe. Almaty: Kazinform, 2017. 400 P. (in Kazakh)
- History of Kazakhstan from ancient times to the present (essay).Almaty publishing house" era " 1994. 445p. (in Kazakh)
- Salgarauly, K. Turks. Astana "Kultegin" № 2007.308 P. (in Kazakh)
- Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia. Almaty: Alem Damu integration LLP, 2017.856 P. (in Kazakh)
- Ultyk museum toptamasyndagi kazaktyn zergerlik oneri.Jewelry art of Kazakhs in the collection of the National Museum. Jewelry art of Kazakhs in collection of the National museum: catalog/kurast.A.A. Musagazhinova, K.A.Nurmaganova.Astana:REGIS-ST Polygraph, 2016. 304 b. (in Kazakh)
- Uly dala: Uakyt.Kenistik.Madeniet.I vol. Gave amirshileri.Korme catalogs.-The Great Steppe:Time. Space. Culture. Volume S. Owners of the Steppe. The exhibition catalogue. The Great Steppe: Time. Space. Culture. Volume I. The rulers of the steppes. Exhibition catalog. Edited by A.Ongarula. Nursultan, 2020. 312 p. (in Kazakh)
- Uly dala: Uakyt.Kenistik.Madeniet.I vol. Gave amirshileri.Korme catalogs.-The Great Steppe:Time. Space. Culture. Volume S. Owners of the Steppe. The exhibition catalogue. The Great Steppe: Time. Space. Culture. Volume I. The rulers of the steppes. Exhibition catalog. Edited by A.Ongarula. Nursultan, 2020. 312 p. (in Kazakh)
- Zholdasbekov, M., Sartkozhauly, K. Comple te Atlas of the monuments of Orkhon. Astana: Kultegin, 2005. 360 P. (in Kazakh)

IRSTI 16.31.51

К.И. Аскарова

ШЖК КМК «Жоғары медициналық колледжі», Қазақстан, Алматы
e-mail: kenzhegul_askarova@mail.ru

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ – ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАЛҒАСЫ

Қазақстан Республикасы өзін Түркі қағанаты, Алтын Орда және Қазақ хандығының мұрагері ретінде таныту арқылы шын мәнінде түркі мемлекеттілігінің жалғасы екендігін жариялайды. Қазақ елінің Түркі интеграциясына көрсетіп келе жатқан күшті қолдауы, Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ, Түркітілдес елдер Парламенттер ассамблеясы сынды ұйымдардағы белсенділігі осының бір айғағы. Қазақстандағы университеттерде Түркология кафедраларының жаппай ашылуы және Түркі академиясының Астанада орналасуын қазақ ғалымдары мен интеллектуалды элитасының түркі мұрасына ие болуға талпынысы ретінде түсінуге болады.

Түйін сөздер: Түркі қағанаты, Алтын Орда, Түркі кеңесі, ТҮРКСОЙ.

К.И. Аскарова

ГКП на ПХВ «Высший медицинский колледж», Казахстан, Алматы
e-mail: kenzhegul_askarova@mail.ru

Казакская культура как продолжение тюркской культуры

Республика Казахстан, являясь наследником Тюркского каганата, Золотой Орды и Казахского ханства провозглашает себя продолжением тюркской государственности. Об этом свидетельствует сильная поддержка Казахстаном тюркской интеграции, активность в таких организациях, как Тюркский совет, ТЮРКСОЙ, ассамблея парламентов тюркоязычных стран. Массовое открытие кафедр тюркологии в университетах Казахстана и размещение Тюркской академии в Астане можно понимать как усилие казахских ученых интеллектуальной элиты добиться тюркское наследие.

Ключевые слова: Тюркский каганат, Золотая Орда, Тюркский совет, ТЮРКСОЙ.

K.I. Askarova

Higher Medical College, Kazakhstan, Almaty
e-mail: kenzhegul_askarova@mail.ru

Kazakh culture – continuation of Turkic culture

The Republic of Kazakhstan declares itself to be a continuation of the Turkic statehood by establishing itself as the successor of the Turkic kaganate, the Golden Horde and the Kazakh Khanate. This is evidenced by the strong support of the Kazakh country for Turkic integration, the activity of such organizations as the Turkic Council, TURKSOY, and the Assembly of Parliaments of Turkic-speaking countries. The massive opening of the Departments of Turkology at universities in Kazakhstan and the arrangement of the Turkic Academy in Astana can be understood as an attempt by the Kazakh scientists and intellectual elite to acquire the Turkic heritage.

Keywords: Turkic Khaganate, Golden Horde, Turkic Council, TURKSOY.

Кіріспе

Польша этнографы Адольф Янушкевич: «Қазақ сал серілері, дала жыршылары, ұлы ақындарының қазақтарға тән суырыпсалма өнері мен орындаушылық қабілеті, бұл халықтың ақыл-ой қабілеттілігінің жоғарылығының дәлелі. Менің алдымда хат танымайтын, бірақ мені өз өнерімен таңдандырып отырған ақындар өнер

көрсетуде, олардың өлеңдері, әндері жүрегімді билеп алды. Осындай халыққа болашағы жоқ, малшы болу ғана жазылған ба? О, жоқ! Шынымен-ақ! Құдай бұндай қабілет берген халық өркениеттен тыс қалуы мүмкін емес: өркениет қашанда болсын қазақ далаларына келіп, білім шамшырағын жағады. Уақыты келгенде бүгінгі көшпелі қазақ қазір төбесінен қарап отырғандармен тең дәрежеде болып,

солардың қатарында отырары анық» деп жазған еді.

Осы қазақ халқының көшпенділігі, төрт түлік малдың ыңғайына қарай жазда –жайлауға, қыста – қыстауға, күзде – күздекке көшіп-қону, дала заңына бағыну, бізге көне Түркі мәдениетінің жалғасы іспеттес. Соған мысал ретінде этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбеков қазақтың музыкалық фольклорын бес кезеңге бөліп қарастырған еді. Осының бірінші кезеңі-біздің заманымызға дейінгі III ғасыр мен біздің заманымыздың VI ғасыры аралығы. Мұнда *көне түркі* тайпаларының қиял-ғажайып тақырыптарға арналған күйлері, жорық сарындары, айтулы батыр, дана ару, ерге серік қанатты пырақат туралы күйлер сарыны жатады. Мысалы: «Көк бөрі», «Аққу», «Боз іңген».

Мәдениет дегіміз – белгілі бір халықтың сан ғасырлар бойы тірнектеп, жинақтаған, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, өнері, ғылымы, білімі, тілі, діні. Мәдениет – әрбір халықтың тұрмыс-салтымен, дәстүрімен тікелей байланысты ұғым. Белгілі бір халықтың дәстүрі мәдениетке айналуы үшін міндетті түрде қайталанып тұруы керек. Бір халықтың дәстүрі бір адамның дағдысы сияқты жылдар бойы қалыптасады. Адамның іс-әрекеті оның мінезін қалыптастырса, дәстүр де сол сияқты бір халықтың дүниегекөзқарасын, болмысы мен мәдениетін қалыптастырады. Басқаша айтқанда мәдениет пен өркениет халықтың тұрмыс салтымен тікелей байланысты.

Жалпы мәдениет сөзі Еуропаның «цивилизация» ұғымының баламасы десек болады. Әлемді отарлау саясаттарын заңдастыру мақсатында Еуропалықтар бұл ұғымды шығарып, басқа халықтарды отарлап, қанау және тонау саясатын оларға цивилизацияны жайып жатырмыз, оларды ағартып, көгертіп жатырмыз деп түсіндірген. Бұл ұғыммен XIX ғасырдың ортасында алғаш жолыққан Османлы зиялылары сөздің түбірі латынның «цивитас» яғни «қала» деген мағынаны білдіргендіктен, «мадина» қала түбірінен мәдениет сөзін шығарды. Осыдан келіп, тіліміздегі мәдениет сөзі қазақ тілі орыс тілімен шекараласқанда, олардың культура сөзінің баламасы болып шыға келді. Өздеріңіз көріп отырғандай, цивилизация да, мәдениет те отырықшы халықтардың танымын көрсетеді. Олардың пікірінше, дамудың, өркендеудің, сыпайы-әдептіболудың жолы қала болу мен отырықшы болудан өтеді. Культура деген сөздің түбірінде жер өңдеу мағынасы жатыр. Ал Ибн Халдунның өркениет сөзінің баламасы

ретінде қолданған «ғумран» сөзінде құрылыс, ғимарат мағыналары бар. Бұл әрине отырықшы халықтардың көзқарасы.

Тарихқа көз салсақ, өркениет тарихының басынан бастап, адам тұрмысында екі түрлі өмір салты бар еді: отырықшылық пен көшпенділік, жәнегіншілік пен малшылық. Осыған байланысты екі тұрмыс салтына екі түрлі өркениет қалыптасты. Бұларды бір-біріне жау, қарама-қарсы деп сипаттау дұрыс емес. Дегенмен де бірінің өлшемімен екіншісін өлшеу де дұрыс емес. Екі түрлі тіршілік пен екі түрлі салт-дәстүр, екі басқа дүниегекөзқарас, екі басқа қоғамдық қатынастарды тудырды. Мұнда бұл екеуінің әрқайсысы өз мәдениетін жасайтындығында болып отыр. Бұл жерде баса назар аударатыны көшпенділердің өзіндік «мәдениет» қалыптастырғандығы. Бастапқыды көшпенділер үстем болды, бірақ уақыт өте келе, отырықшы өркениет көшпенді өркениетті жойды, отын сөндірді. Әйтседе көшпенді өмір салты жоғалса да, көшпенділердің қалыптастырған өркениеті, дүниетанымы, салт-дәстүрі жоғалмады. Бұл өркениет Түркі өркениетінің негізін құрады, өзегін жасады.

Түркілер тарих сахнасында тез арада пайда болып, өз аттарын көптеген халықтарға қалдырып, жоқ болып кетті. Жазда араба үстінде қондырылған үй мен киіз үйде тұрды. Ал қыста соқпа үйлерді мекендеді. Қысқы үйлерсабаннан, шымнан, қамыстан Алтай, Ертіс бойында бөрене ағаштардан жасалды. Киімдеріне аң, мал терілерінен пайдаланды. Жібек материалдардан да мысалы: торқа, жолақ, баршын, мақпалдан сән-салтанат киімдері болды. Түріктер туралы IX ғасырдағы Араб географы Әл-Якуби «киіз басуға ең шебер халық» деп бағалайды. Ибн-Фадланның жазба деректеріне сүйенсек, түркі халықтарының мал өсіруге, егін салуға, қол өнерге, сауда-саттыққа байланысты ұғым түсінігі жан-жақты болған. Осыған қарағанда, түркілердің жазғы, қысқы үй түрлері, темір қару –жарақты жасау техникасы, қола, темір, тас, ағаш, тері, жүн материалдарын өндіруі және оларды игеруі, ерте ортағасырлар мәдениеті тарихындағы елеулі оқиға деп есептеуге болады. Бұл егіншілікпен, қолөнермен айналысқан түркінің қарапайым халқы жер бетіндегі басқа халықтар сияқты табиғат құпиясын ашуға ынталы, ешнәрседен қаймықпайтын, өмір сүйгіштігінің дәлелі.

Түркі өркениетін өз кезегінде оңтүстік және солтүстік деп екіге бөлуге болады:Түркі

өркениетінің Оңтүстік қанатына ұйғыр, өзбек, әзірбайжан және

Анадолы-Балқан мәдениеттері кіреді.

Ал солтүстік қанатқа қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, сібір, Солтүстік кавказ, татар, башқұрт, қырым мәдениеттері енеді.

Солтүстік қанат Түркі мәдениетінің таза, негізгі қалпын сақтап қалса, Оңтүстік осы саф мәдениетті жетілдіріп, өңдеп, нәзік және биязы қалыпқа келтірген еді. Өздеріңіз білетіндей, Солтүстіктің тілі қаншалықты көне және жуан болса, оңтүстіктің тілі соншалықты жаңа және нәзік. Солтүстіктің музыка аспаптары қаншалықты қоңыр дауысты және табиғи болса, оңтүстіктің аспаптары соншалықты жіңішке дауысты. Мысалға домбыра екі ішектен тұрса, Анадолыдағы бағлама жеті ішектен тұрады. Оңтүстікте араб-парсы және жалпы қала мәдениетінің ықпалы анық байқалады. Ал солтүстікте дала мәдениеті, көшпенді дүниетанымы үстем екені көрініп тұр.

Бүгінгі тәуелсіз Түркі мемлекеттерінің туларына қарайтын болсақта, бұл оңтүстік-солтүстік айырымын көруге болады. Қазақстан мен Қырғыз Республикасы Ислам дінінен бұрынғы Тәңірліктің белгісі «Күнді» өз туларында бейнелеген. Әсіресе Қазақстанның көк туы Көктүріктердің Көктәңірісін еріксіз еске түсіреді. Ал Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркиямен Түрікменстан исламның белгісі «жаңа туған айды» өз туларында бейнелеген. Соңғы төртеуінің ішінде Түрікменстан туындағы «жаңа туған ай» басқалардікіне қарағанда оңынан туған. Бұл түрікмендердің көне түркі танымына сай санасын көрсетеді. Өйткені «айдың оңынан, жұлдыздың солынан тууы» көне түріктерде жақсылықтың нышаны еді.

Солтүстік Түркі мәдениетінің жарқын өкілдерінің бірі Қазақ мәдениеті екендігінде ешкімнің таласы жоқ. Қазақ отбасынан қоғамдық қатынастарға тіпті мемлекеттік рәсімдер деңгейіне дейін көне түркі өркениетінің ықпалы байқалып тұрады. Қазақтар өз мемлекеттерінің белгісі ретінде Түркі мемлекеттілігінің белгісі шаңырақты қолданады. Қазақтар шаңырақты елтаңбасында бейнелесе, Қырғыздар шаңырақты өз туларында бейнелейді. Осы тұрғыдан қырғыздар мен қазақтардың арасында, олардың дүниетанымында, салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында, мәдениетінде көп айырмашылық жоқ. Мүмкін осы арада қазақтарды даладағы қырғыздар, ал қырғыздарды таудағы қазақтар деп сипаттауы бекер емес. Тек айырмашылық, қазақ

халқы-өз шежіресін ғұн-сақ-көктүрік заманынан бастайтын дәл сондай жүздеген ру мен елдің бірігуінен құралған халық ретінде, басқаша айтқанда Түркі қағанаты мен Шыңғысхан империясының құрамына енген барлық Түркі рулары басын қосқан ел ретінде танытса, қырғыз халқы өздерін көктүріктер заманындағы қырғыз руының жалғасымыз деп танытады.

Қазақ мәдениетінің Түркі өркениетінің тұнық халін сақтауының бір себебі көшпенді өмір салты болатын. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақтар отырықшылық дәстүрге ауысып, көшіп қону дәстүрін тастаса да, негізінен қалада емес, ауылдық жерлерде өмір сүріп жатты. Кеңес үкіметі дәуірінде, Қазақстанның қалаларында орыс мәдениеті үстемдік құрсада, ауылдарда қазақ мәдениеті жойылған жоқ. Басқаша айтқанда ауыл қазақ мәдениетінің қамалына айналды. Бұл үрдіс Түркия Республикасының қалыптасуында да осылай болған еді. Ағылшын тарихшы Бернард Левис «Заманауи Түркияның тууы» атты кітабында «Османлы мемлекетінің қалаларында араб-парсы-рум-армян мәдениеттері яғни космополит мәдениет үстем еді, ал қаланың сыртында, ауылдарда тұнық түрік мәдениеті кеңінен тараған еді. Османлының түріктенуі ауылдан қалаға аққан түріктердің арқасында жүзеге асты. Османлы мемлекетінің Түркия Республикасына айналуы астананың космополит Ыстанбұлдан шалғайдағы, Анадолыдағы Анкараға ауысуымен тығыз байланысты.

Қазақ мәдениетінің Түркі өркениетінің нақ халін сақтауының екінші бір себебі география орны жағынан қазақ елінің Түркі әлемінің тура ортасында орналасуы болып табылады. Қазақтарды Араб-Парсы мәдениеті ықпалынан Түркі әлемі мен Араб-Парсы әлемінің ортасында тұрған өзбектер қорғап қалса, Қытай мәдениеті ықпалынан Түркі әлемінің шығысында орналасқан ұйғырлар қорғап қалды. Ал солтүстік-батыстан Түркі халықтарын бірінен соң бірін ассимиляциялап келе жатқан орыс мәдениетінің қаупінен қазақтарды татарлардың сақтап қалғандығын айту керекпіз.

